

Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

6/2016

МАУСЫМ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмшия Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында	
Ж.ШІЛДЕБАЕВА.	Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың өзіндік шығармашылық ізденістерін арттыру.....3
Х.АБДУРАХМАНОВА.	Блум таксономиясы бойынша сабақ жоспарлаудың мұғалім қузырлығын арттырудағы рөлі.....7
М.МҰҚАТАЕВА.	Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың тиімділігі.....14
Авторлық бағдарлама	
С.ЖАРДЕКОВА.	Қазақ тілі пәнінен «Дыбыстар күпиясы» факультатив бағдарламасы.....23
Ойын-ойдың өрісі	
А.САҒЫНДЫҚ.	Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романы бойынша «Алтын сақа» ойыны.....34
Б.ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА.	Тапқыр достар.....38
Жас маманға жәрдем	
Ж.САПАРҒАЛИЕВА.	С.Мұратбековтың «Қылау» әңгімесінің композициялық құрылысы.....42
Жамбыл Жабаев-170	
А.АБДРАХМАНОВА.	Ж.Жабаев. Аттандыру», «Алғадай туралы әрбір ой» өлеңдері.....44
Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
А.ТАУБАЛДИЕВА.	Аққу-киелі құс.....50
Ж.СЕНГЕРБЕКОВА.	А.Құнанбайұлы. «Ғылым таппай мақтанба».....52
А.ҚАЛИЕВА.	М.Жұмбаев. «Балалық шақ».....55
Н.ЕРМЕКБАЕВА.	Ж.Нәжімеденов. «Сен ақылды болсаң екен», «Жаманыңды көрмесем».....57
Д.ЖАЙТИКОВА.	М.Әуезовтің ««Абай жолы» роман-эпопеясындағы әйел-ана бейнесі.....60
М.ҚҰАНЖАНОВА.	Абай. Он жетінші қара сөз.....63
Т.ДАУЛЕТҚАЛИЕВА.	Қожа бейнесі.....65
А.СҚАКОВА.	С.Мұқанов. «Есіл бойында».....68
А.ҚИСТАУБАЕВА.	Ш.Құдайбердіұлы. «Еңлік-Кебек» дастаны.....72
С.ЕШОВА.	С.Жұнісовтің «Ақан сері» романы.....76
Д.ИРСАЛИЕВА.	І.Жансүгіровтің. «Анам тілі», «Домбыра» өлеңдері.....82
Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
О.АБДУЛХАНОВА.	Жақсыз сөйлем.....85
Ж.УТЕШҚАЛИЕВА.	Мезгіл бағыныңқы сабақтас.....93
А.ТҰҢҒАТАРОВА.	Тасымал.....95
Тренинг	
Л.ЕЛУБАЕВА.	Жаңаша бағалау тиімділігі.....97
Кіріктірілген сабақ	
Ж.ТЕКЕЕВА.	Ұлы ерлікке тағзым.....99
Тәрбие сағаты	
А.ҚАЙЫРҒОЖА.	Менің болашағым-Тәуелсіз Қазақстан!.....105
А.ҚҰРАУБАЙ.	Наурыз-аға-дәстүрім.....110
Ұстаз мінбері	
М.СМАХАНОВА.	Ұстанғаным-ұстаздықтың ұлы жолы.....114
Бір тақырыпқа-екі мақала	
Г.УДИНА.	Б.Момышұлы. «Жауынгердің тұлғасы».....119
А.БЕРҒАЛИЕВА.	Б.Момышұлы. «Жауынгердің тұлғасы».....122
Сыныптан тыс шара	
Э.ҚҰРМАНҒАЛИЕВА.	Алты алаштың ардақтылары.....129
М.МОЛДАДОСОВА.	Болу үшін жаралғам, туған жердің жырауы.....132
Ү.БЕРДЕШОВА.	Мұқағали-мәңгілік ғұмыр.....137
Ұстаз шығармашылығы	
Н.ҚАЗЫМБЕК.	Қазақ тілі - азат тіл.....142
Оқушы шығармашылығы	
А.СҰЛТАНБАЕВ.	Анаға құрмет.....143

Таным табиғатында

Ж.ШІЛДЕБАЕВА,
А.Бисенов атындағы
№38 орта мектеп.
Қызылорда облысы,
Жалағаш ауданы,
Аққұм ауылы

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІН АРТТЫРУ

Әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістерге сай XXI ғасырдың оқушыларын лайықты оқытуда қазіргі білім беру жүйесінің жаңаша мазмұн алуы бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына еруге ұмтылған мемлекетіміздің өркениетті дамуына сүбелі үлес қосары анық. Нәтижеге бағытталған білім берудің қажеттілігі – бүгінгі заман талабы.rrrrrrrrppp Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында: «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деген сөзі бәрімізге айқын.

Білім сапасын арттырудағы басты тұлға-ұстаздың үнемі ізденуі, білімін жан-жақты жетілдіруі талап етіледі. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бірінші деңгей бағдарламасын меңгеру барысында

мұғалімдерге артылар жауапкершіліктің қаншалықты маңыздылығын түсінгендеймін. Бәсекеге қабілетті ұрпақты дайындау жолында отандық табыстарды зерделеп, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып, әлемдік жинақталған тәжірибеге сүйену арқылы оқыту мен тәрбиелеуді жаңаша ұйымдастырудың қажеттілігі сезілуде.

Мұғалімдерге біліктілікті арттыру курстарында деңгейлі бағдарламаларды игеруде оқушылар өздерінің қалай оқу керектігіне назар аудара отырып, өз ойларын жеткізе алатын, алынған ақпаратты ұғына отырып, сын тұрғысынан ойлауға, талдауға бейімделген, өз бетінше шешім қабылдайтын, өмір сүруге бейім тұлғаны даярлауға мүмкіндік береді.

Сын тұрғысынан ойлауға үйрету арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға, олардың бойына жағымды ахуал қалыптастыруға, пәнге деген қызығушылығын арттыруға жол ашады.

Сын тұрғысынан ойлау тақырып бойынша білетін ақпараттарын еске түсіріп, жинақтай отырып, жаңа ақпаратпен танысу барысында алынған білімнің не үшін қажеттілігіне баға берумен негізделеді.

Сыни ойлауға негізделген сабақ үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде оқушылардың жаңа ақпаратқа қызығушылығы оянады, бойындағы бар білімін жүйелейді, сындарлы қарым-қатынаста өзара ой алмасады, жаңа тақырыптың мақсатын анықтайды. Екінші кезеңінде жаңа ақпаратпен танысады, жаңа ақпаратты өзіндегі бұрыннан бар білімімен байланыстырады, пайда болған сұрақтарға жауап іздейді, оқыған ақпараттарын талдайды. Ақпараттың маңыздылығы туралы шешім қабылдай алады. Үшінші кезең-білім алудың қорытынды кезеңі. Рефлексия арқылы оқушылар өз ойларын айқын тұжырымдайды, өз білімінің толығын тексереді. Ойды мұқият

таразылауға, бағалауға, талдауға, болжай білуге үйретеді. Бұдан шығатын негізгі түйін: оқушы жаңа білімге өзінде бар білім арқылы келеді.

Дәстүрлі оқытудағы білім мазмұнын кұрудың ақпараттық-түсіндірмелік тәсілі оқушыны жаттандылыққа, сабақ барысында меңгерген теориялық білімін өмірде қолдана алмайтын шектеулікке әкеп соғары анық. Сондықтан да педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасын меңгергеннен кейін, мектепте оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға үйретуде бірнеше қадамдар жасалды:

1. Оқушыларды бірлескен топтық жұмысқа тарту сын тұрғысынан ойлауды дамытудың алғашқы тәсілі болып табылады. Топтық жұмыс уақытында оқушылар өз сыныптастары мен мұғалімнің тұрақты қолдауына ие бола отырып, сын тұрғысынан ойлауға тартылады.

2. Сын тұрғысынан ойлауға үйретудің негізгі көздерінің бірі-ашық сұрақтар қоя білу. Ашық сұрақтар Не? Қашан? Кім? Қанша? Қалай? Неге? Дегеннен басталады. Ашық сұрақтар қою арқылы креативті ойлар туынайды.

5-сыныптың әдебиет сабағында «Ер Төстік» ертегісінен төмендегі мәтінді оқу барысында сыни ойлауға жетелейтін сұрақ қойылды:

...Төстік өзгеше бала болып өседі. Бір айда бір жастағы баладай, екі айда екі жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын алып бала болады.

-Халық баланың бұлай тез өсуін неге армандады? Төстікті екі жасында алып бала етіп бейнелеуіне не себеп болды?

3. Оқушыларға нақты ақпаратты ұсынбай, екіұдай ойлануға жетелейтін әдістерді қолдана білу де сыни

ойлауға дағдыландырады.

7-сыныпта Қазыбек биге қатысты мәтінді талдау барысында бидің қалай төрелік ететініне болжам жасау ұсынылды:

Қазыбек беріде елге белгілі болған кезде бір бала үшін дауласып, екі әйел алдына келіп жүгінеді. Әйелдің бірі:

-Мынау баламды мен есін білмейтін жас күнінде жоғалттым, соны мынау әйел тауып алды ма, әлде ұрлап алды ма, оны білмеймін, әйтеуір асырап алыпты. Бүгін танып, сұрасам, «өз балам» деп бермейді,- дейді.

Екінші әйел тұрып:

-Бала өзімдікі, өзім таптым. Мынау босқа жармасып тұр,-дейді. Қазыбек екі әйелдің сөздерін тыңдап болып, біраз ойланып отырып қалады...

Қазыбек би екі әйелдің дауын қалай шешеді? Қандай болжам айтар едің?

4. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту және қадағалау мақсатында бағалау және рефлексияны пайдалану да өз нәтижесін береді.

-Бүгінгі сабақта сіз үшін не аса маңызды болды?

-Бүгінгі алған біліміңіздің басқа сабақтармен және мектеппен қандай байланысы бар? деген сұрақтар қою арқылы рефлексия жасау білім алушыны сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, сын тұрғысынан ойлау бір нәрсені елестетуге, болжам жасауға, ақпаратты нақты ұғынуға, бағалай және талдай білуге дағдыландырады. Мен өз ойымды ұлы хакім Абайдың мына нақыл сөзімен қорытындылағым келеді: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады». Бұдан шығатын негізгі түйін, баланы білуге өз еркімен, шын махаббатпен жетелей білсек, өзіндік ұстанымы, көзқарасы бар шәкірт тәрбиелесек, көздеген мақсатқа жете білгеніміз.

Х.АБДУРАХМАНОВА,
№ 81 Ұлықбек атындағы негізгі орта мектебі,
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Сайрам ауданы,
Қарабұлақ ауылы

БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ БОЙЫНША САБАҚ ЖОСПАРЛАУДЫҢ МҰҒАЛІМ ҚҰЗЫРЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің деңгейіне байланысты. Осыған байланысты елбасымыздың бастамасымен 2010 жылғы 7 желтоқсанда «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданған болатын. Бағдарламаның негізгі мақсаты: Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды

қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелері. Бір сөзбен айтқанда мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту болып отыр. Бұл Елбасының білім саласын жанарту туралы бастамаларын іске асырудағы маңызды тетіктерінің бірі.

Жалпы құзыреттілік дегеніміз – алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Латын тілінен аудармасы «competens» белгілі бір сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді. Яғни, оқушылар ұстаздар қауымынан тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Сондықтан болашақ ұрпақты бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелейтін ұстаз жауапкершілігі мол. Қазіргі уақытта мектеп мұғалімінің алдында тұрған жауапты міндет – оқушыға тиянақты білім беру. Оқыту үрдісінде оқушылардың әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, өздеріне деген сенімін туғыза білу, оқушының білімге ынтасын көтере білудің маңызы ерекше. Осы бағытта жұмыстанып жүрген тақырыбым: Блум таксономиясы – жеке тұлға шығармашылығын дамытушы құрылым.

Алдыма қойған мақсатым: оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру арқылы теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыруда мынадай міндеттерді алға қойдым:

- Жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін меңгерте

отырып, өз бетімен ақпараттар іздеуге дағдыландыру;

- Жеке тұлғаны және оның шығармашылық қасиеттерін, ойлау қабілетін дамыту;

- Оқушыларды қазіргі заманғы жаңа техникаларды меңгере білуге дағдыландыру, оны оқу үрдісінде кеңінен қолдану;

Күтілер нәтиже: қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға туғызу.

Бұл әдістеме оқушылардың шығармашылығын дамыту мәселесін шешуге жол ашады. Е.Торрекс бойынша білім игеруде кездесетін қиындықтарды, кейбір кемшіліктерді шешудегі қабілеттілік.

Д.Богоявленская креативтілікті жеке тұлғаның «шығармашылық дарындылығы» деп қарастырады. Блум таксономиясын қолдану арқылы оқытуда жеке тұлға әр сапада көрініп, өзіне ғана тән жеке тұлға қажеттері қалыптасатыны анықталып тұр, белгілері мынадай:

- тәрбиеге ұмтылушылық – жаңа мәселеге икемді жағын шешуге бейімділік;

- талқылауға икемділік – тапсырманың шегіне шыға алу;

- ой ұшқырлығы – тез арада кенеттен шешім шығару тәсілдерін алу қабілеттілігі;

- ойлау ерекшелігінің болуы - жеке көзқарас, ерекше шешім шығару.

Блум таксономиясы жеке тұлғаның біліктілік қасиеттерін шындай түсуге жол салады. Атап айтсам, аса сезгіштік, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой-пікірлерге

тұра білу, өзіне сын көзбен қарау, қисын ойлау, жаңаны сезгіштік, күмәншілдік, әр нәрсеге күмән келтіру. Блум таксономиясының негізінде жеке тұлғаның креативтілігі шығармашылық дербестігін қалыптастырады. Демек, блум таксономиясы-оқытуы арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру, жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын рухани құндылықтарды игерудің бірден– бір жолы.

Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жеткізуді ұсынады: оның кестесі төмендегідей:

1-кесте. Блум таксономиясы.

Мақсаттар жүйесі	Оқушылардың когнитивтік іс-әрекеті.
Білім	Оқушы меңгеретін және берілетін білім негіздері.
Түсінік	Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді.
Қолдану	Алған білімді қолданады.
Анализ	Білімді жай қабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады.
Синтез	Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады.
Баға (сыни өзіндік пікір)	Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады, не мақұлдамайды.

Жаңа мыңжылдық талабына сай, мұғалім – бақылаушы емес, бағалаушы да емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Сөзім дәйекті болу үшін жоғарыда көрсетілген Блум таксономиясын өз тәжірибемде қалай, қандай жолдармен іске асыратыныма тоқталайын.

Пән: қазақ әдебиеті.

Сабақтың тақырыбы: Қ.Мырза Әлі. «Кәрі қыран»

Блум бойынша жіктеу	Мақсат	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ұйымдастыру формасы	Күтілетін нәтиже	Бағалау формасы
Білу	Қ.Мырза Әлінің «Кәрі қыран»	Үй тапсырмасын тексеру.	«Ғажайып сұрақтар» ойыны арқылы	Топпен жұмыс, жеке жұмыс	Сұрақтарға жауап береді.	Толық жауап-3. Жауап берді-2.

	өлеңі туралы түсінік беру	бойынша ойырткі сұрақтар қою.	сұраққа жауап беру (9 сұрақ)		Жаңа сабақтың тақырыбын ашады.	Сұраққа жауап берген жоқ-1
Түсіну	Оқулықтағы тақырыпты игерту. Қ.Мырза Әлінің өмірі және шығармашылығымен танысу.	Үйге берілген тапсырма бойынша оқушылар тұсаукесер ұйымдастырады толықтырады. -Ой шақыру әдісі бойынша «Қыран қандай құс?» деген сұрақ қояды. «Кәрі қыран» өлеңін тыңдатады.	Мәтінмен жұмыс, қосымша ақпараттар арқылы тұсаукесер қорғау. Ашық және жабық сұрақтарға жауап береді.	Кітаптан және қосымша дерек көздерінен оқу, топпен жұмыс жасау.	Кері байланыс орнайды Ынтымақтаса жұмыс жасап, шығармашылық деңгейі шыңдалады. Пәнге қызығушылықтары артады.	Тапсырманы толық орындады-3 Кәтесі бар-2 Орындай алған жоқ-1
Қолдану	«Кәрі қыран» өлеңінің мағынасын сезіндіру.	Тапсырмалар беру	1-топ. Екі жақты күнделік. 2-топ. Венн диаграммасы. 3-топ. Бес тармақ.	Диалогтік тәсіл, топтық жұмыс.	Пәнге қызығушылығы артады.	Білімін тәжірибеде толық қолдана алады-2 Қолдануы толық емес-2 Қолдана алмайды-1
Талдау	Өлең құрылысына талдау жасауға үйрету	Сергіту сәті. Талдау жасату	Өзіне ұнаған өлең шумағының құрылысына талдау жасайды.	Топтық жұмыс, жеке жұмыс.	Салыстырмалы талдау жасайды.	Толық қамтылды-2 Толық қамтылмады-1
Жинақтау	Жаңа сабақтан алған білімдерін толықтыру.	«Поэзия минуты». Ашық сұрақтар қояды. -Өмірде қыран бүркіт мінетті адамдар бар ма? -Халқымыз не себепті қыранды қасиетті құс санаған? Не себепті Қыран құс мемлекеттік рәміз – тұда бейнеленген?	Оқушылар Қ.Мырза Әлінің өздері жатқа білетін өлеңдерін оқиды. -Ашық сұрақтарға жауап береді.	Жеке оқушымен жұмыс.	Логикалық ойлау қабілеттері артады.	Сұраққа толық жауап берді, - 3 Сұраққа жауап берді - 2 Сұраққа жауап берген жоқ –1
Бағалау	Ойын жинақтауға дағдыландыру.	Бүгінгі сабақ туралы ойларын сұрайды.	Бүгінгі сабақтан алған білімдері, әсерлері мен ойлары туралы жаза отырып, мемлекеттік рәмізді күн нұрын толықтырады.	Жеке жұмыс.	Ой толғау жазып, өзіндік бағалауы қалыптасалы.	Ойы жүйрік, өзіндік бағалауы тың-3. Қысқаша қалыптасқан-2. Орындай алмады-1.

Жоғарыда өткізілген сабақтың артықшылығы-оқушының жеке тұлға ретіндегі биіктігі көрінеді. Әр оқушы өз пайымдауы мен түйсігіне сүйене отырып жеке қабілетін ашуға қадам жасайды. Дәстүрлі сабақтан гөрі бұл әдіспен өткен сабақта оқушы іс-әрекеті басымырақ. Әр оқушы өздігінен ойлануға әрекеттенген, өз бетімен жекелей жұмыс жасауға ынталанған. Оқушы қауымы шығарма мазмұнын мазмұндаумен шектеліп келсе, қазіргі сабақтарда оқушының жеке пікірі негізге алынады. Жеке тұлғаны шығармашылыққа баулудың негізгі сатылары оқушы іс-әрекеті мен жүзеге асып жатыр. Оқушының оқуға деген ынтасының өсуіне оң ықпалдығы ұжымның жұмыс жасауға бейімделуден, жеке тұлғаның еңбегінің түзілуі білімге деген құштарлығын толықтыра түседі. Жалпылай ойлаудан, жекелей ойлау оқытудың жүйелілігін қалыптастырады.

Блум таксономиясы негізіндегі жүйе оқушылардың өз беттерімен зерттеу, іздену, қорытынды жасау іс-әрекеттеріне түрткі жасай отырып, олардың дарын, қабілеттерінің жетілуіне ықпал етеді, таным белсенділіктерін арттырады, оқушылардың көркем тілдерін дамытады. Білім деңгейлері анализ, синтезге дейін көтеріледі, өнімді білім беру үрдісі жүреді:

- жұмысты оқушылардың таңдап алуына ерік береді;
- жеке тұлғалық қасиеттерін дамытады;
- берілетін білімнен ең негізгі түйінді дәмін таңдап ала білуге жаттығады;
- алдында тұрған қиындықты жеңуге үйренеді;
- оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, білімдерін жан-жақты толықтыруға түрткі болады. Ең бастысы, жеке тұлға қасиеттерін шығармашылық деңгейге

жеткізеді. Сонымен қатар білім сапасы да көтеріледі:

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасында «Әлемнің әміршісі – еңбек. Тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек», - деп ел игілігі жолындағы еңбекке шақырады. Біздің еңбегіміз білім жолынан көрінеді. Сондықтан да мұнымен шектеліп қалмай алдағы уақыттарда да өз білімімізді жетілдіріп, жаңа технологияның тағы да белсенді, тиімді жолдарын білуге, сонымен жұмыстануға әрекеттенемін.

Әдебиеттер

- 1 «Қазақстан мектебі» журналы. № 9 2009 жыл.28 бет
- 2 Бігібаева Қ.Ө. Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмысына баулу жолдары. 120-121 бб.
- 3 «Қазақстан мектебі» журналы. 2007. №11-12.
- 4 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 2013. №2.
- 5 ҚР Білім туралы заңы.
- 6 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
- 7 Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
- 8 Сарсенова Н.С. «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологиясын енгізудің тиімді жолдары». -Алматы. 2006.

М.МҰҚАТАЕВА,
«Малайсары жалпы орта білім
беретін мектеп» мемлекеттік мекемесі.
Павлодар облысы,
Май ауданы,
Малайсары ауылы

ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттермен озады» деген ұлы Абай сөзі барлық уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы, білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Осындай қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту үдерісіне әсер етеді. Соңғы жылдары жеке адамды қалыптастыруды арттыру мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары ұсынылуда.

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі сабағының алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады.

Отыз жылдық педагогикалық тәжірибемде мемлекеттік тілді оқыту жолында бірнеше жаңа технологияларды, деңгейлік тапсырмаларды қолданып келдім. Әрине, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланған уақытта жетістіктері мен кемшіліктері де болады.

Менің сабақтарымда өткен сабақты қайталау, грамматикалық тапсырмаларды меңгеру, ауызша бірнеше деңгейлі сұрақтарға жауап беру сияқты жұмыс түрлерін орындағанда оқушы біліктері жақсы қалыптасты. Деңгейлік тапсырмалар орындау арқылы әр оқушы өз деңгейіне дейін тапсырмалар орындап, өзін-өзі бағалай білді, модульдік технология бойынша оқушылардың әр тақырып бойынша білімі, сөздік қоры жақсарды. Сабақ кезіндегі оқушылардың үлгілі тәртібі, олардың үй тапсырмасын жақсы әрі толық орындап келуі де оқу сапасын жақсартты.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді.

Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті түрде үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады.

Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Бұл технология бойынша сабақта барлық оқушы тапсырманы І деңгейден бастап орындайды.

І репродуктивтік деңгей. І деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. Барлық оқушы бірінші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті, оның жоғары деңгейлік тапсырмаларды да орындай алуы қажет. Оқушылар жұмысты бір мезгілде бастап, білім игерудегі өз қабілеттерін анықтайды.

II алгоритмдік деңгей. Үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыра отырып, оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін екінші деңгей тапсырмаларын орындау кезінде күрделі материалдарды реттеуі және жүйелеуі керек.

III ізденіс (эвристикалық) деңгейінде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әр түрлі әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды. Оқушы өзі ізденіп, материалды саналы түрде меңгеруі керек.

IV шығармашылық деңгей. Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Шығармалар, шығармашылық тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу. Осылай бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналады.

Деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты болып білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Әрбір білім алушы өзінің даму деңгейінде

оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етуі керек. Деңгейлеп оқыту технологиясы деңгейлік тапсырмалар арқылы іске асады. Себебі сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі – оқушыларға арналған деңгейлік тапсырмалар орындау. Оларды өздік жұмыстар, үлестірмелі материалдар, тестік және үй тапсырмалары түрінде беруге болады. Әр тарау бойынша дұрыс құрастырылған деңгейлік тапсырмалар сапалы білім негізі бола алады, өйткені ол оқушының білім сапасының дамуын, логикалық ойлауын, дағдысын қамтамасыз етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы оқушының белсенділігіне аса назар аударылды. Сондықтан өз іс-тәжірибемде оқушылардың ойлау қабілетін дамыту өздігінен жұмыс жасауға дағдыландыру барысында іске асырылатын деңгейлеп оқыту технологиясының да элементтерін қолданамын.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі:

- Сынып оқушыларының барлығының деңгейлік тапсырма орындауы;
- Білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы;
- Оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы;
- Оқушылардың оқуға ынтасы мен пәнге қызығушылығының артуы;
- Оқушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасуы;
- Оқушы белсенділігінің оянуы;
- Алға қойған мақсатына жетуге дағдылануы, қиындықтарды жеңуге ұмтылуы;
- Оқушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкершілігінің артуы;
- Оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынастың орнауы.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының мұғалімдерге тиімділігі:

- Деңгейлеп-саралап оқытуда білім игерудің үш деңгейінің қарастырылуы;
- Оқушылардың сабақ үстінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізуі;
- Білім дәрежесі бірдей топтарды тексеру ісінің жеңілдеуі;
- Оқушылардың жұмыстарының әділ бағалануы;
- Оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметінің дамуы;
- Дарынды оқушыларды анықтап, олармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігінің орнауы;
- Олимпиадалық, шығармашылық жұмыс жеңімпаздарының санының артуы.

Жұмысымдағы негізгі бағытым: Қазақ тілі сабақтарында деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану, ал мақсатым: оқушылардың шығармашылықпен іздене жұмыс істеу қабілеттерін нәтижелі дамыту. Жетістіктерге жету үшін, ең алдымен, оқушылардың білім дәрежесін, ынтасын, ақыл-ой, еңбек дағдысын, өз жұмысына деген жауапкершілігін ескеру қажет. Деңгейлік тапсырмаларды қандай дәрежеде орындай алса баға біліміне қарай қойылады. Сабақ барысында сыныптағы барлық оқушының білім деңгейі анықталады. Бұл әдістің тағы бір тиімді жағы—оқушы өзінің білім деңгейін, нені оқу керектігін анықтап, өзінің ізденуіне болады. Өйткені ол білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Білім сапасы білім, біліктілік, дағды және тұлғаның қасиеттері мен қабілеттерімен бағаланады. Сабақта оқушыларға өз ойларын талдауға, айтуға, қорытындылауға көп көңіл

бөлу қажет. Сабақ барысында өздігінен еңбектенуге, шығармашылықпен ізденуге, қорытынды жасауға машықтанады. Тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беру керек. Мұғалім білімі нашарларға көмек беріп, қабілеттілеріне сай жұмыс ұйымдастырып отыру арқылы қазақ тілі пәнін оқуға деген қызығушылығын, белсендігін арттырады. Тақырыпты толық меңгере алмаған оқушылармен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргізуі керек.

Жаңа оқыту технологиясының қай түрі болса да, ол игеруге тиімді, оқытушы мен білім алушының арасында қарым-қатынас орнатуға икемді болуы тиіс. Қазіргі әрбір ізденімпаз оқытушының міндеті -оқушының белсенділігін, іскерлігін дамыту. Осыған орай, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолдарының бірі өзіндік жұмыспен өздігінен білім алу жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық және жаңа әдіс-тәсілдерін қазіргі заман талаптарына сәйкес жетілдіру болып отыр. Соңғы кезде уақыт талабына сай өз тәжірибемде деңгейлік тапсырмаларды қолданып жүрмін. Бұл тапсырмаларды орындау барысында бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады. Өзімнің тәжірибеме келсем, қазақ тілінде деңгейлеп оқыту технологияның элементтерін жиі қолданамын.

Осы технология бойынша сабағымда мына бағытта жұмыс жасаймын:

- ұжыммен жұмыс;
- топпен жұмыс;
- жеке оқушымен жұмыс;

– дарынды оқушы дайындау.

Деңгейлік тапсырмалар. 7-сынып.

Бала Шоқан

Қыс ортасынан былай Шоқан орыс тіліндегі әдебиет кітаптарын құныға оқитын болып алды. Бірақ ондай кітаптар Шоқан қолына көп түсе бермейді. Әсіресе корпус кітапханасында әдебиет кітаптары жоқтың қасы. Ал аздаған кітаптар рота балаларының қолынан босамайды. Оның өзін де кезек күтіп, әрең дегенде қолдарына түсіреді. Осы кітаптардың әсерінен болар Шоқан мен Григорийдің ізденіш ойшыл мінездері өздерінің сыныптарындағы көп балаларға әсерін тигізіп, кітап оқу, ілім іздену балалар арасында жақсы өрістеді. Соның арқасында Шоқан бастаған сыныптың балалары озық, тәртіпті, сыныпқа үлгілі оқушылар атына ие бола берді.

(С.Бегалин)

I деңгей.

1. Мәтіннен есімше мен көсемшені теріп, тұлғасына қарай ажырат.

2. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

II деңгей. «Болар» сөзіне сатылай морфологиялық талдау жаса.

III деңгей. «Өрістеді» сөзін жекеше, көпше түріне жікте.

IV деңгей. Шоқан туралы өз ойыңды жаз.

8-сынып.

Көксерек

Қыс қатты. Қар қалың. Қасқырды қар көтереді. Атты көтере алмайды. Сондықтан талай рет ат жаратып, шоқпар қамдап, қуамын деген жігіттер болса да, еш нәрсе қыла алмады. Бір рет қана белгілі бәйге жирен атымен Арыстанбек шығып, соңдарынан түсіп еді. Оны адырдан-адырға салып, адастырып кетті. Маңайлатпайтын жерден, алыстан мылтық атып қорқытпақ болғандар да бар еді. Одан да жасқанбады. У салғандардың уларын да жемеді. Ол улардан иттер жеп, қырылып қалған уақыттар

да болды. Мұның бәрі әккі қасқыр жайындағы Қараадыр елінің аңыз-әңгімесі еді. Соңғы бірер айдай бір ауылдың кісісі бір ауылға қатынасса, жиын болып көпшілік бас қосса, көп әңгімелері әккі қасқыр жайында болатын.

I деңгей.

1. Жай сөйлемдердің тұрлаулы мүшелерінің астын сыз.

2. Құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы, басыңқы сөйлемдерін тап.

II деңгей. «Бір рет қана белгілі бәйге жирен атымен Арыстанбек шығып, соңдарынан түсіп еді». Сөйлемді салалас сабақтас сөйлемге айналдыр.

III деңгей. «Оны адырдан-адырға салып, адастырып кетті». Сөйлемге сатылай синтаксистік талдау жаса.

IV деңгей. Осы мәтінге сай мақал-мәтел жаз.

9-сынып.

Менің атым - Қожа

(үзінді)

Жұпар атқан кең жазықтың төсіне жұмсақ қара жолмен жүрдек машина барынша зырлап келе жатқанда, ұшқыр қиял шіркін де тығырында тоқырап қала алмайды-ау. Қанатын қағып-қағып жіберіп, дауылпаздай шарқ ұрып, ол да самғап ұшады. О, атамекенім, қазақ жері! Сенің шет-шегіңе қиялдан өзге не жетіп үлгереді. Сол алып өлкеңнің бір нұшпағын ыстық көзбен, бар адал сезіммен аймалап, елеусіз бір перзентің келе жатырмын. Мынау асқар тау. Жасыл жазық, мөлдір өзен, қалықтаған анау ақша бұлттар, тұнық аспан - осының бәр-бәрін егер құшағым жетсе, ең қымбат, аяулы анамдай аймалап құшар едім. Япыр-ай, неге сонша ыстық болдың, туган жер!

(Б.Соқпақбаев)

I деңгей.

1. Лепті сөйлемді тауып, леп белгісінің қойылу себебін жаз.

2. Осы мәтін бойынша сұрақтар жаз.

II деңгей. Мына сөздерді сәйкестендір.

тұнық	өзен
ыстық	жазық
мәлдір	аспан
жасыл	көз

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН «ДЫБЫСТАР ҚҰПИЯСЫ» ФАКУЛЬТАТИВ БАҒДАРЛАМАСЫ (5-сынып)

Түсінік хат

Оқушыларға теориялық білімді берумен бірге алған білімдерін тиянақтаудың маңызы зор. Ойын толық жеткізіп, әдеби тілде сөйлеу, сауатты жаза білу де мектеп бағдарламасында басты орын алады.

Бағдарламада негізінен оқушылар теориялық білімдерін практикамен ұштастыру көзделді. Сол мақсатта теорияны еске түсіре отырып, тіл ғылымының лексика, фонетика салалары бойынша сөз мағыналары, топтары, тіл дыбыстарының түрлері, жүйеленуі, жасалуы жайлы меңгерген материалдарын терең талдау, жаттығу жұмыстары, тест жұмыстары, қайталау сабақтары жүргізіледі. Оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен өзіндік ізденістердің дамуына ықпал ететін жұмыс түрлері де қарастырылды.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған және бекіткен оқулықтар мен әдістемеліктерге сүйене жасақталды. Тіл дыбыстарының материалдарын кең көлемде меңгеруге арналған.

Аптасына 1 сағат, қана қоймай, тілдің қоғам мен жеке тұлғаның дамуындағы атқаратын қызметіне сай тілдік қарым-қатынасқа түсуге, өз ойын түсінікті әрі әсерлі жеткізе

III деңгей. «Сенің шет-шегіңе қиялдан өзге не жетіп үлгереді». Сөйлемге сатылай синтаксистік талдау жаса.

IV деңгей. Қожаға мінездеме жаз.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілетін, оқуға құлшынысын, қызығушылығын арттырады. Жақсы, әдемі, қатесіз орындаған бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, әсіресе тіл сабағын меңгерту мақсатында жиі пайдаланамын. Сабақта оқушылардың алған білімдерін одан әрі арттыру, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой-өрісін, есте сақтауын кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін. Қазақ тілі пәнінен фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқығанда тақырыпқа орай әр түрлі әдіс-тәсілдермен грамматикалық ойындар өткізуге болады.

Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады.

Әдебиеттер

1 Оралбаева Н., Абыланов Ә. Қазақ тілі. -Алматы, «Ана тілі», 1992.

2 Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы, «Қазақ университеті», 1993.

3 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі, -Алматы, «Ана тілі», 1991.

4 Мухамадиева Н.Қ., Үстемір Н.Ә. Қазақ тілі. -Алматы «Sansam» баспасы, 2006.

білуге, басқалармен диалогке түсе білуге төселдіру қажет. Қазақ тілін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту тілдің өз өміріндегі және қоғамдағы рөлін саналы түрде түсінуге, тілдің табиғатын халықтық таным тұрғысынан пайымдауға үйретеді. Аптасына 1 сағат. Барлығы 34 сағат.

**Таңдау курсының бағдарламасы
«Дыбыстар құпиясы». 5-сынып.**

**Білім құрылымындағы факультатив курсының
орны:**

«Дыбыстар құпиясы» факультатив курсы 5-сыныптарда оқылатын қазақ тілі пәні бойынша оқушыларға қосымша құрал.

Максаты: - Лексика мен фонетика тіл білімі саласының бірі екендігін таныту, зерттейтін объектісін білдіру;

- Сөздерді мағыналық топтарына қарай жіктей алуын, дауысты, дауыссыз дыбыстардың жүйеленуін, буын түрлерін меңгерту;

- Дыбыстық талдау жасау дағдыларын тұрақтандыру, сауаттылыққа баулу;

- Өз ойларын кең түрде жатық ауызша да, жазбашада жеткізе білуге үйрету;

Міндеті:

Бағдарламада көрсетілген материалдарды толық меңгерту;

Өз беттерімен жұмыс түрлерін істей білуге дағдыландыру;

Оқушылардың танымдық қызығушылығын, сауатты жазуы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру;

Сөз мәдениетін сақтай отырып, өз ойын толық жеткізуге баулу;

Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолдануға үйрету;

Өзектілігі: Ана тілін оқытуда тіл білімінің саласын ғылыми жүйелі меңгерту - бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі.

Тілдік материалдарды оқушыларға меңгерту лексика, фонетика саласынан басталып негізін қалайды, сондықтан оқушыларға тілдің қоғамдық-әлеуметтік сипатын таныту көзделеді.

Оқушыларға қойылатын талаптар:

- Сөз байлығын, сөздік құрам тармақтарын түсіну, оларға тән сөздерді жіктей алу;

- Дауысты, дауыссыз дыбыстардың жүйеленуін білу;

- Қазақ әліпбиінің құрамындағы тіл дыбыстары мен орыс тілі арқылы енген дыбыстардың өзара қарым-қатынасын меңгеру;

- Сөздердің мағынасы мен дыбыстардың өзара байланысын түсіну;

- Ауызекі сөйлеу және жазба тілдеріндегі сөздерді әдеби тіл нормаларына сай қолдана білу;

- Тілдік талдауды ғылыми жүйелі меңгеру;

Күтілетін нәтижелер:

- Лексика сөз мағынасын, фонетика тіл дыбыстарын зерттейтін тіл білімі саласы екенін біледі.

- Дауысты, дауыссыз дыбыстардың жүйеленуін меңгереді.

- Буын, буын түрлерін, екпін түрлерін, тасымалдауды біледі.

- Ауызекі сөйлеу және жазба тілдеріндегі сөздерді орфоэпия, орфография нормаларына сай қолданады.

- Фонетикалық талдауды ғылыми жүйелі меңгереді.

Курстың мазмұны мен құрылымы:

«Дыбыстар құпиясы» таңдау курсының бағдарламасы 5-сынып оқушыларына арналған, аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатты қамтиды. Таңдау курсы төмендегідей 7 бөлімнен тұрады:

1. Кіріспе.

2. Сөз бен мағына.

3. Сөздік қор, сөздік құрам.

4. Фонетика.

5. Буын. Тасымал.

6. Орфографиялық, орфоэпиялық нормалар.

7. Үндестік заңы.

1. Кіріспе (1 сағат).

Лексика туралы түсінік (1 сағат).

Сөз және оның мағынасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Тура және ауыспалы мағынаның ерекшеліктеріне тоқталу.

2. Сөз бен мағына (10 сағат)

Көп мағыналы сөздер туралы мағлұматтарын кеңейту. Омоним, синоним, антоним сөздердің ерекшеліктерін түсіндіру. Эвфемизм мен дисфемизм сөздер, тұрақты тіркестер, оның ерекшелігі туралы түсінік бере отырып, қолдана білудің жолдарын меңгерту. Мақал мен мәтелдің өзіндік ерекшеліктерін, ғибраттық мәнін түсіндіру.

- Көп мағыналы сөздер (1 сағат)

- Омоним сөздер (1 сағат)

- Практикалық жаттығулар (1 сағат)

- Синоним (1 сағат)

- Антонимдер (1 сағат)

- Жаттығулар жұмысы (1 сағат)

- Эвфемизм мен дисфемизм (1 сағат)

- Тест жұмысы (1 сағат)

- Тұрақты тіркестер (1 сағат)

- Мақал-мәтелдер (1 сағат)

3. Сөздік қор, сөздік құрам (4 сағат)

Сөздік қор және сөздік құрам туралы түсінік қалыптастыру.

Қазіргі көнерген сөздердің жаңғырылуы туралы мағлұматтарын кеңейту. Жаңа сөздердің тілге сінуі туралы білімдерін молайту. Кірме сөздердің қазақша баламаларын түсіндіру.

- Көнерген сөздер (1 сағат)

- Шығармашылық жұмыс (1 сағат)

- Кірме сөздер (1 сағат)

- Диалект сөздер (1 сағат)

4. Фонетика. (7 сағат).

Қазақ тілінің әліпбиі, тіл дыбыстарының бөлінуі, дауысты және дауыссыз дыбыс түрлері туралы түсінік бере отырып, дыбыстық талдау түрлерін меңгерту.

- Тіл дыбыстары. Қазақ әліпбиі (1 сағат)

- Дауысты дыбыстар (1 сағат)

- Логикалық тапсырмалар (1 сағат)

- Дыбыстық талдау түрлері (1 сағат)

- Дауыссыз дыбыстардың түрлері (1 сағат)

- Дауыссыз дыбыстар емлесі (1 сағат)

- Ашық тест жұмысы (1 сағат)

5. Буын. Тасымал (4 сағат). Буын, оның түрлерін меңгерте отырып, фонологиялық талдауға баулу. Тасымалдың өзіндік ерекшелігіне тоқталу.

- Буынның түрлері (2 сағат)

- Фонологиялық талдау (1 сағат)

- Тасымал (1 сағат)

6. Орфографиялық, орфоэпиялық нормалар (2 сағат).

Сөздердің дұрыс жазылуы мен айтылуындағы негізгі ерекшеліктерді түсіндіре отырып, практикада қолдану жолдарын меңгерту.

- Орфография, орфоэпия (1 сағат)

- Тіл ұстарту «Дыбыс-сөз тірегі». (1 сағат)

7. Үндестік заңы (4 сағат).

Үндестік заңы, негізгі белгілері мен ерекшеліктері, үндестік заңына бағынбайтын сөздер мен қосымшалар, ілгерінді және кейінді ықпал аражігін ажырата білудің жолдарын қарастыру.

- Үндестік заңы (1 сағат)

- Дыбыс үндестігі (1 сағат)

- Ілгерінді ықпал. Кейінді ықпал (1 сағат)

- Шығармашылық жұмыс.

8. Жыл бойы өткенді қайталау. (2 сағат)

- Қызықты грамматика. «Фонетика патшалығына саяхат»

(1 сағат)

- Қорытынды бақылау тест. (1 сағат)

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

5-сынып. «Дыбыстар құпиясы»

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Дидактикалық материалдар	Жұмыстың түрі	Қосымша тапсырмалар
I. Кіріспе.						
1	Лексика. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы.	1		Газет-журнал, көркем әдебиеттер.	Топтық жұмыс, жекеленген үлестірімелі парақшалармен жұмыс.	Сөздіктермен жұмыс. Мысалдар жазып, сөйлемдер құрау
II. Сөз бен мағына.						
2	Көп мағыналы сөздер	1		Көркем әдебиет, түсіндірме сөздіктер.	Түсіндірме сөздікпен жұмыс.	Көп мағыналы сөздерді пайдалана отырып, мәтін құрастыру.
3	Омоним сөздер	1		Әдебиет, кестелер.	Топпен сөзжұмбақтар шешу, жекелей пікір білдіру.	Мәтін ішінен омоним болатын сөз тіркестерін құрау.
4	Практикалық жаттығулар	1		Әдебиет, газет-журналдар	Жекелей, жұптық жұмыстар жүргізу.	Талдаулар жасау. Анаграмма құрастыру.
5	Синоним.	1		Әдебиет, газет-журналдар	Топтық, жұптық жұмыстар.	Мәтін, мақала ішінен синоним сөздерге мысал жазу.

6	Антонимдер.	1		Әдебиет, қазақтың би шешендері	Жекелей үлестірімелі парақшалармен жұмыс.	Антоним сөздерді пайдалана отырып сөйлем құрау. «Әдепті бала-арлы бала» атты әңгіме жазу.
7	Жаттығулар жұмысы.	1		Көркем әдебиет, кестелер.	Топтық, жалпылай жұмыстар.	Әңгіме жазу «Менің жанұям» Сөздердің мағынасын ажырату, талдау.
8	Эвфемизм мен дисфемизм.	1		Көркем әдебиет, газет-журналдар, мақал-мәтелдер.	Жекелей, жұппен жұмыс.	Дисфемизм сөздерді эвфемизмге айналдыру.
9	Тест жұмысы.	1			Жекеленген, топтық жұмыстар жүргізу.	Талдау
10	Тұрақты тіркестер.			Әдебиет, карточкалар, сөздіктер.	Топпен, жекеленген жұмыстар. Фразеологиялық сөздікпен жұмыс.	Тұрақты тіркесті пайдалана отырып, мәтін құрау.
11	Мақал-мәтелдер.	1		Көркем әдебиеттер, «Қазақтың мақал-мәтелдері»	Топтық сайыстар.	Мақал-мәтелдерді қатыстырып «Ана тілім-дана тілім» атты шығарма жазу.
III. Сөздік қор, сөздік құрам.						
12	Көнерген сөздер.	1		Қазақ тілі, тарих, түсіндірме сөздік.	Жекеленген үлестірімелі парақшалармен жұмыс.	Әңгіме «Біздің тарихымыз» Мәтіндерден көнерген сөздерді теріп жазу.

13	Шығармашылық жұмыстар.	1	Карточкалар, кестесызбалар	Жекеленген, жұптық жұмыстар.	«Табиғатты сүй, қорға» жарнама.
14	Кірме сөздер.	1	Ол кім? Бұл не? кітабы, сөздіктер	Жекеленген, топтық жұмыстар.	Сөздіктермен жұмыс. Мәтіндерден кірме сөздерді теріп жазу.
15	Диалект сөздер.	1	Әдебиет, газет-журналдар, сөздіктер.	Топтық жұмыстар жүргізіледі.	Сөздіктен диалект сөздерді теріп жазып, сөйлем құрау.
IV. Фонетика.					
16	Тіл дыбыстары. Қазақ әліпбиі.	1	Кестелер, Сызбалар, анаграммалар	Жеке, жұппен, топтық, фронтальды.	Сөздерге фонетикалық талдау жасау. Сурет бойынша мәтін құрау.
17	Дауысты дыбыстар.	1	Мақал-мәтелдер, жұмбақ тар, кестесызбалар.	Жекеленген жұмыстар жүргізу.	Мақал-мәтелдерден, мәтін ішінен жоғалған дыбыстарды табу.
18	Логикалық тапсырмалар.	1	Үлестірмелі кеспелер	Жекеленген, топтық жұмыстар жүргізу.	Жаттығу жұмыстары Өлеңдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар құрастырып жазу.
19	Дыбыстық талдау түрлері.	1	Кестелер, үлестірмелі кеспелер.	Жалпылай, жекелей тапсырмалар орындау.	Дыбыстық талдау жасау Сөзжұмбақтар құру, сурет бойынша мәтін құрау.
20	Дауыссыз дыбыстардың түрлері.	1	Кестесызбалар, өлеңдер жинағы	Жекеленген, топтық жұмыстар.	Мәтіндерге дыбыстық талдау, өтірік өлеңдер құрастыру.

21	Дауыссыз дыбыстар емлесі.	1	Карточкалар	Топтық, жекеленген тапсырмалар беру.	Метаграмма құрастыру. Жаттығулар орындау, талдау
22	Ашық тест жұмысы.	1		Жалпылай, топтық тапсырмалар беру.	Дыбыстық талдау жасау.
V. Буын. Тасымал.					
23-24	Буынның түрлері.	2	Газет-журналдар, сызбалар, карточкалар	Жекеленген, топтық жұмыс.	Мәтіндегі сөздерді буынға бөлу, буын түрлеріне ажырату. «Өмірде не қымбат?» (шағын шығарма)
25	Фонологиялық талдау.	1	Үлестірмелі карточкалар, кестелер.	Топтық, жекеленген жұмыстар.	Дыбыстық талдау жасау «Қазақстан қалалары» (әңгіме)
26	Тасымал.	1	Кестесызбалар, өлеңдер жинағы.	Жекеленген, топтық тапсырмалар беру.	Жаттығуларды орындау, мәтіндерді, өлеңдерді тасымалдау.
VI. Орфографиялық, орфоэпиялық нормалар.					
27	Орфография, орфоэпия.	1	Кестесызбалар, сөздіктер, карточкалар	Жекеленген жұмыстар.	Сөздіктен орфография және орфоэпиялық нормасын сақтап жазу.
28	Тіл ұстару. «Дыбыс-сөз тірегі».	1		Топтық, жекеленген жұмыстар.	Дыбыстық талдаулар жасау.
VII. Үндестік заңы.					
29	Үндестік заңы.	1	Сөздіктер, сызбалар.	Жекеленген жұмыстар.	Ребустар шешу. Мәтіндерден буын үндестігі сақталған сөздер жазу.

30-31	Дыбыс үндестігі Ілгерінді және кейінді ықпал.	2	Сөздіктер, кесте-сызбалар, карточкалар.	Топтық, жекеленген жұмыстар жүргізу.	Тақырып бойынша жаттығулар орындау. Сурет бойынша мәтін құрау.
32	Шығармашылық жұмыс. Дыбыстық жұмбақтар.	1	Карточкалар, өлеңдер жинағы.	Жекеленген, жұптық жұмыстар жүргізу.	«Біздің өлкеміз» тақырыбына шығарма жазу.
VIII.Жыл бойы өткенді қайталау.					
33	Қызықты грамматика. «Фонетика патшалығына саяхат».	1	Газет, журнал, дид. Материалдар	Жекеленген, топтық жұмыс.	Ойындар, дыбыстық талдау жасау.
34	Қорытынды бақылау тест	1		Топтық жұмыстар.	Тест жұмысы

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Лексика және фонетика саласында тілдік білімдерін меңгеруі тиіс:

- сөздің мағыналарын айыра біледі, оларды сөйлеу тілінде еркін қолданады;
- сөздік құрам түрлерін меңгереді, контекстегі қолданылу ерекшеліктерін талдайды, ауызша және жазбаша жанрларда шығармашылықпен қолданады;
- жаңа сөз тудырудың тәсілдерін біледі, оларды бір-бірінен ажырата алады;
- тілдік ұғымдардың мәнін ашатын диаграммалар, кестелер құрастырады, оны таратып түсіндіреді.

- Өз бетімен оқи білуі, түсінуі және түрлі мәтіндерді талдай білуі тиіс. Қажетті ақпаратты ала білуі және оқығандарына баға бере білуі тиіс:

- мәтіннен өзіне қажетті ақпаратты іріктейді, оларды тілдік қатынаста мақсатқа сай саралап, еркін қолданады;
- оқыған мәтіндеріне сапалық жағынан талдау жасап, өзінің берген бағасын дәйектеп айтады, тақырыпқа сәйкес жоба-жоспар жасап, мәтін құрайды.
- сөздердің синонимдік, антонимдік, омонимдік, көпмағыналылық сипатын жанр түрлеріне қарай айырып, таңдап қолданады;
- дыбыс түрлерін ажырата алады, дыбыстық талдау жасайды.

Әдебиеттер:

- 1 Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесі. -Алматы. «Атамұра», 2005.
- 2 Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 5 – сыныбына арналған оқулық. -Алматы. «Атамұра», 2005.
- 3 Қазақ тілінен дидактикалық материал. 5-сынып. -Алматы. «Атамұра», 2001.
- 4 Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. №6, 2006. №3, 8, 12, 2008.
- 5 Бектұров Ш.Қ. Қазақ тілі. -Алматы. 2006.
- 6 Ишмұхамедов Ә. Қызықты грамматика, -А., «Мектеп», 1984.
- 7 Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық сөздігі. -Алматы. «Қазақстан».1988.
- 8 Дәуренбеков Ж. Мақал-мәтелдер, жұмбақтар. -Алматы, «Ана тілі», 2001.

А.САҒЫНДЫҚ,
«Бейнеу мектеп-интернаты» КММ.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы,
Сарға ауылы

Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «ҚАРТҚОЖА» РОМАНЫ БОЙЫНША «АЛТЫН САҚА» ОЙЫНЫ

Мақсаты: жазушының «Қартқожа» романы бойынша оқушылардың білімдерін тексеру, мазмұнын еске түсіру. Эстетикалық тәрбие бере отырып, балаларды жылдамдыққа, адамгершілікке үйрету. Көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін арттыру, өзін-өзі ұстауға тәрбиелеу, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Әдісі: сайыс сабақ, сұрақ-жауап. Көрнекілігі: жазушының суреттері, кітаптары, жасақталған альбом, кейіпкерлер суреттері. Қатысатындар: 11-сынып оқушылары. Ұйымдастыру: алдын-ала шығарма желісі бойынша сұрақтар дайындалады, балалар топқа бөлінеді, сайыс топтар арасында болады, сайыс сұрақтар арқылы өрбиді.

Ойынның шарты: сұрақ берілген сәтте жауабын білетін оқушы жылдам қол көтеріп, сол сұраққа жауап беруі тиіс. Қате болған жағдайда, жауапты айту қарсыластарға беріледі.

Қойылатын сұрақтар:

1. «Ұмытпасам, бұдан табандатқан 14-15 жылдар бұрын болса керек, Қаржасбайдың аңыраған қонақ

үйінде жиырмаға тарта баланы алқа-қотан отырғызып, қожаның азан-қазан оқытып жататыны» Мұндағы қожа кім еді? Жауабы: Мәжит.

2. «Қарға бір батып, бір шығып, шолақ борбай тырбаңдап, омырауы ашық, көзінен, мұрнынан сорасы ағып, сақал-мұртына сүңгі тұрып, қалтақтап келе жатқан қазақ көрсеңіз...» ол кім? Жауабы: Жұман.

3. «Жұманның алданышы – ораза ашары, қуанышы- ...» Қуанышы кімдер еді?

Жауабы: 4 қарғасы: үшеуі-еркек, бірі-әйел бала.

4. «Перуатшіктің жеңіп кеткеніне Қартқожа қатты сүйсінген. Қазақта мұндай жетік, орысшаға судай кісі болады екен-ау! – деп танданған...» Қартқожа танданған перуатшік кісі кім? Жауабы:

Әбілда.

5. «Үлкен ауыл жақтан екі атты кісі келе жатыр екен. Орныға алмай, қоқиып, атқа отырысы... «ел қазағы емеспін» деп анадайдан айғайлап айтып келеді. Қасындағысы – үлкен ауылдағы...» Ол кім еді? Жауабы: Сәдуалі.

6. «Қараңғы түнде елден адасқан адам алыстан жылт еткен от ұшқынын көзі шалғанда қандай қуанады: Қартқожа оқу деген нәрсенің жарқ сәулесі жылт еткендей болды. Қуантты. Келе жатып ... асықты» Қартқожа неге асықты? Жауабы: кітапшасын оқуға.

7. «Қартқожа әкесінің тарығанын, балаша еңіреп жылағанын екі көрді» Қандай жағдайда?

Жауабы: қасқа атты бауыздағанда; көк биенің іші астаудай боп ісіп кеткенде.

8. «Қасқа атты бауыздағанда Жұман төмен қарап, «Қол-аяғымызды кестің бе?» деп еңкілдеп қоя берді» Жұман «кестің бе?» деп кімге айтты?

Жауабы: Жұман атына айтты ма, әлде құдайға айтты

ма, болмаса тілмашқа айтты ма, болысқа, шабарманға айтты ма, Қартқожа кімге айтқанын білген жоқ.

9. «Құдай-ау, не жаздым? Мұнша сорлы қылатындай неңді алдым? Қырсықтан көзімізді ашатын күні бар ма, жоқ па?» деп зарланушы еді. Сонда да оқудан күдерін үзбеді, өйткені...» Жауабы: Өйткені түсінде оқып жүретін еді.

10. «Жігіттер аттанғалы жатыр. Ауыл улаған-шулаған... Қартқожа егілді, күңіренді» Тағы басқа кімдер күңіренді?

Жауабы: Арба басында әжелер күңіренді,
Мола басында еркектер күңіренді.
Молада әруақтар күңіренді.
Далада мал күңіренді.
Қалың қазақ, Сарыарқа күңіренді.

11. Қартқожаның майданға барардағы біз білмейтін бейнеттері қандай еді?

Жауабы: «Сіздерді Қартқожамен бірге қалаға апарып, жігіт алған жерде қаланың саудагерлеріне, бай-болыстарға аунатып жегізіп, докторлардың пара алғанын көрсетіп, Қартқожамен бірге жалаңаштап моншаға апарып ауыртып, тоғыз тазбен бірге қанап, дүнгендерден таяқ жегізіп әуре қылмай-ақ, майданға алып барайық».

12. «Қартқожа жаз шыға еліне қайтуға рұқсат сұрады. «Кәрі шешемді көремін» деген соң Қарашолақ ауылы әрең босатты. Әйтпесе тағы да ұстамақ еді» Қартқожа неге кетті?

Жауабы: «Қартқожаның шолақ оқуы бітіп қалып, өзінен өзі ұялып жүргенін Қарашолақ қайдан білсін»

13. «Өзге бала алақтап ойнап, оқыған болып, өтірік ыңылдап, болса бірдеңемен алданып, сарылып отырғанда, Қартқожа...» қайтетін еді?

Жауабы: «Жалықпай қағазын шұқылап, «Құл ағұздан» шығып, «Бір әбнасқа» түсіп, екі-үш күнде «Уәсуасілханнастарға» да барып қалатын».

14. Қартқожаның шешесі қандай жан?

Жауабы: «Біртүрлі момын, біртоға жан. Күйбеңдеп шаруасын істеп, балаларының асты-үстін бүтіндеп, анаған да, мынаған да «қарағым», «шырағым» дегеннен басқа бар дәмін кісіге бергеннен басқа бөтен мінезі жоқ».

15. «Осының бәрі Қартқожаны ойландырды. Жанын кейітті. «Әттең менің кедейлігім-ау, әйтпесе менен ақылы артық па, зейіні артық па? Артық болса малы артық» Қартқожаны ренжіткен не?

Жауабы: Жұматтан таяқ жеуі, бай баласының қарға аунатуы, тонын жыртуы, кітабын шашуы, өгізшесінен аударуы.

16. «Таңдайын жібітіп отыратын «бір бие – бұлақтың басы, екі бие – елдің асы» деп дәтке қуат қылатын жалғыз көк бие еді. Осы жаз жамандатып, сол өлді. Жұман бар емді істеп көрді» Жұманның істегені қандай ем еді?

Жауабы: «Тұз қайнатып та құйды, қара қоңызды да тесіп тықты, алмас та салды, қайдағы, түк болған жоқ»

17. «Ертеңіне Жұманның ауылдың әрқайсысынан «сататын астық білген жерлерің бар ма?» деп сұрастырды» Астықты Жұман қайдан алды?

Жауабы: «Отыз шақырымдай жерде Байбек дегенде қызыл бұзауға сататын астық бар деп естіп, Жұман бір қапты беліне байлап соған жөнелді»

18. – Қартқожа бар ма? Шық бері! – деген түнгі айқай сойылмен салып жібергендей, сарт ете түсті. Қартқожа қалай тұрғанын да білмеді. Қартқожа аң-таң. Есі шығып кетті. Не екенін білген жоқ. Бірақ таныс жігіт» Ол кім? Жауабы: Имақан.

Б.ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА,
№ 248 орта мектебі.
Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
Тоқабай елді мекені

ТАПҚЫР ДОСТАР

Мақсаты: оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, қазақ тілінде таза сауатты сөйлеуге, ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту, шапшаңдыққа, тапқырлыққа, бір-бірін түсініп, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

-Құрметті тіл жанашырлары, аяулы ұстаздар! Мектебіміздегі «Үш тұғырлы тіл – заман талабы» атты апталығы барысында өткізілгелі отырған «Тапқыр достар» атты сайысымызға қош келдіңіздер. Бүгінгі сайысқа қатысушы топтарды: «Зеректер» (7-сынып), «Жүйріктер» (6-сынып), «Алғырлар» (5-сынып) шақырамыз.

*Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін, -*

деп Мағжан ақын айтқандай, еліміздің болашағы - тек жастардың қолында. Ендеше осы сайысқа қатысқалы отырған топтардың әділ бағасын беретін әділ қазылар алқасымен таныс болайық.

*Ана тілім-әрекеттің азығы,
Бар галамды тануымның қазығы.
Ой-санамның өсуінің куәсі,*

Ғасырлардың кейінгіге аз үні, - деп алғашқы кезеңіміз «Сөз тапқанға...» бөліміне берейік.

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген қазақ бабамыз. Әріптерді таңдап ап, сұраққа жауап табамыз.

(Әр топтың оқушылары әріптерді таңдап алып, сол әріптер бойынша сұрақтарға жауап береді: О, А, Ж, М, С, Т, Е, Қ, Б.)

1-топқа: Қандай ас тәтті? Өзен көркі не? Аспанда не бар? Сөз атасы не? Жердің сәні не? Сенде құлақ бар ма? Жерде не қатты? Тіл тас жара ма? Бала тілі бал ма? Қандай түсті ұнатасыз?

2-топқа: Отбасыңда қанша адам бар? Адам көркі шүберек пе? Көңіл-күйің қалай? Досыңды ренжіткен күндерің бар ма? Шашыңды сәндейсің бе? Салмағың қанша? Өмірде не қымбат? Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі ме? Тіл неден өткір? Қай пәнді ұнатасыз?

3-топқа: Сиырда мүйіз бар ма? Үйінде не бар? Қолың нешеу? Өмірде нені сүйесің? Апайың ұрса ма? Тіл не үшін керек? Шашыңыздың түсі қандай? Ертегі білесіз бе? Олимпиада жеңімпаздарынан кімдерді білесіз? Арманыңыз не?

Қазақтың біртуар сөз зергері Ғ.Мүсірепов «Қазақ тілі-бай тіл, оралымды, ырғақты, теңеу бейнелері ерте туған тіл» деген. Сондықтан да қазір «Кім шапшаң?» ойынында сайыскерлеріміздің қазақ сөздеріне қаншалықты бай екендігін байқаймыз.

Мақал – мәтел – бабадан қалған мұрамыз, Ықыласымызды мәйектей сөзге бұрамыз.

Мақалбай атай сұрағын алып келіпті, Сайыскер топтар, көңілмен тыңдап тұрамыз.

Мақалбай атайдың сұрақтары қойылады, қай топ бірінші жауап берсе, сол топ алады.

1. Кім пәлеге жолығады? 2. Өнердің алды не деп ойлайсың? 3. Ауырмай өлетін не? 4. Неде ұят жоқ? 5. Қандай сөз ащы болады? 6. Жанды семіртетін не? 7. Бал да, у да таматын не? 8. Кімнің тілі ортақ? 9. Кімнің сөзі зая кетеді? 10. Сөздің патшасы не? 11. Не қорқақ, не батыр? 12. Кімнің жаны тәтті?

13. Не атылған оқпен тең? 14. Сүйектен, еттен өтетін не? 15. Кімнің екі сөйлегені өлгені? 16. Кімнің үні, кімнің шаңы шықпайды? 17. Сөз мәйегі не? 18. Қандай ағаш қорған болмайды?

-Келесі кезекті «Түсін мені» бөліміне береміз. Топ басшысы берілген сөздерді айтпай, басқа сөздер арқылы түсіндіреді. Топ мүшелері жасырынған сөзді табады.

1-топқа: сағат, торт, автобус, сым, байпақ, есік, қамшы, көрші, бүркіт, ту, парта, қайшы, көз.

2-топқа: талқан, ермексаз, шыбын, арба, құмырсқа, жол, сандық, ақша, шөп, су, ағаш, нан, жылқы.

3-топқа: көлеңке, сорпа, адам, гүл, бауырсақ, жылан, жапырақ, ұн, найзағай, тіл, тышқан, компьютер.

«Көп сөз-бір мағына» кезеңінде топтар берілген тұрақты тіркестердің мағынасын айтуы керек.

1-топ: 1. Ит өлген жер. 2. Арасынан қыл өтпейді. 3. Бармағын тістеді. 4. Жұмған аузын ашпады. 5. Ит терісін басына қаптады. 6. Жүрегінің түгі бар. 7. Қас пен көздің арасында. 8. Қой аузынан шөп алмас. 9. Су жұқпас. 10. Кіруге тесік таппады.

2-топ: 1. Мұрнын көкке көтеру. 2. Сөз байласу. 3. Кірпік қақпау. 4. Көзі алақандай болу. 5. Таяқ тастам жер. 6. Зығырданы қайнау. 7. Жүрегі алып ұшты. 8. Екі көзі төрт болу. 9. Көзге түртсе көргісіз. 10. Бет моншағы үзілу.

3-топ: 1. Аузына құм құйылу. 2. Тонның ішкі бауындай. 3. Қара қылды қақ жару. 4. Төбе шашы тік тұру. 5. Тайға таңба басқандай. 6. Отқа май құю. 7. Терісіне сыймау. 8. Тырнақ астынан кір іздеу. 9. Табанын жалтыратты. 10. Иненің көзінен өткендей.

Бүгінгі күн тілдің жайы өзгерді,

Жемісті ойдан нәтижелі сөз келді.

Туған тілдің туын көкке көтерген,

Топ басшысы сыналатын кез келді.

«Сауал-бізден, жауап-сізден» кезеңі келіп жетті. Топ басшылары сұраққа «иә, жоқ» деп жауап беруі керек.

1-топ: 1. Дауысты екіге бөліне ме? 2. «Ою» сөзінде 2 әріп, 3 дыбыс бар ма? 3. Қазақ әліпбиінде 36 дыбыс бар ма? 4. Қазақ әдебиетінің атасы Ыбырай ма? 5. «Менің атым Қожа» әңгімесінің авторы Ыбырай Алтынсарин бе? 6. Мақал-сөздің мәйегі ме? 7. Құлагер Ақан серінің аты ма? 8. Зере Абайдың әжесі ме? 9. Жалғыз ағаш қорған бола ма? 10. Көбейту математика терминіне жата ма?

2-топ: 1. Піл құрлықтағы ең ірі жануар ма? 2. Шашты өргенде бұрым бола ма? 3. Көнерген сөздер 3-ке бөліне ме? 4. Бізді қоршаған орта теңіз бе? 5. «Аяз би» аңыз әңгімеге жата ма? 6. Ибраһим Абайдың шын аты ма? 7. Адам алғашқы құралды тастан жасаған ба? 8. -Да, -де жатыс септігінің жалғауы ма? 9. *Ұстаз* сөзінің синонимі ақын ба? 10. Аққуда сүт жоқ па?

3-топ: 1. Көзді жұмып түс көруге бола ма? 2. Күн мен түн сөзі «н» әрпіне аяқтала ма? 3. Лягушка құрбақаның орысшасы ма? 4. Берен мылтық жеті қазынаға жата ма? 5. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарай ма? 6. Қанша? Неше? сұрақтары сын есімнің сұрақтары ма? 7. *Жақсы-жаман* сөзі синоним бола ала ма? 8. Құдағай сөзі диалектіге жата ма? 9. Әдебиет басқа тілден енген сөзге жата ма? 10. Тарихи және архаизм сөздер кәсіби сөздер бола ала ма?

- Осыменен бүгінгі «Тапқыр достар» атты сайысымыз өз мәресіне жетті. Жеңімпаздарды анықтау үшін сөзді әділ қазылар алқасына береміз.

Тіл-қасиетті, киелі, құдіретті. Бұл қасиеттер бойға ананың ақ сүтімен дариды. Тіл өшпейді, қандай қиындықта да тіл өз ұрпағының қанына, жанына өз ұрығын егіп, өміршең күй кеше береді.

Ж.САПАРҒАЛИЕВА,
Тегісшіл ЖББНМ.
Батыс Қазақстан облысы,
Жәнібек ауданы

С.МҰРАТБЕКОВТЫҢ «ҚЫЛАУ» ӘНГІМЕСІНІҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

Мақсаты: білімділік-жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет беру, әңгіменің мазмұнын меңгерту, негізгі идеяларын ұғындыру; дамытушылық-оқушының қабылдауы мен ойлауы аралығын зерттей отырып, алған білімдерін өмірге кіріктіру дағдыларын дамыту; тәрбиелік-адал, берік достыққа ізеттілікке, адамгершілікке баулу, балаң сезімді қадірлей білуге тәрбиелеу. Түрі: шығармашылық. Әдісі: әңгімелеу, талдау, ой бөлісу, пікір алмасу, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс. Көрнекілігі: портрет, ҚР картасы, буклет, Блум кестесі, сатылай кешенді талдау үлгісі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Зейіндерін сабаққа аудару; Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру. «Қылау» әңгімесінің мазмұнын сұрау.

III. Жаңа сабақ. «Қылау» әңгімесін сатылай кешенді талдау.

«Қылау» әңгімесі

1. **Авторы** – С.Мұратбеков.
2. **Тақырыбы** – адамгершілік, сыйласымдылық, қайырымдылық, балаң сезім.
3. **Эпикалық жанр түрі** - әңгіме.
4. **Идеясы** – Сатай мен Рабиға арқылы таза, нәзік балаң сезімді, адал достықты, адамгершілікті, сыйласымдылықты, қайырымдылықты көрсету.

5. Шығармашылық композициялық құрылысы:

- 5.1. Басталуы. Сатайдың жолға шығуы.
- 5.2. Байланысуы. Баланың өмір мен өлім туралы ойлары.
- 5.3. Дамуы. Сатайдың Рәбиғаны кездестіруі.
- 5.4. Шиеленісуі. Рәбиға үшін алаңдауы.
- 5.5. Шарықтау шегі. Қыз сыйлығы

6. Кейіпкерлер бейнесі:

Жағымды кейіпкерлер- Сатай мен Рәбиға
Жағымсыз кейіпкерлер – жоқ

7. **Әдеби-теориялық ұғымдар:** эффемизм – сыпайы сөйлеу, дисфемизм – дөрекі сөйлеу.

IV. Сабақты бекіту. Әңгімені «Блумның сұрақ қою өлшемдері» әдісі бойынша мазмұнына талдау жасата отырып, проблемалық сұрақтар туындату, ой бөлісу, пікір алмасу, шығармашылыққа жетелеу, әңгімеге сыни баға беру.

Білім. Әңгіме неліктен «Қылау» деп аталған?

Түсінік. Өмір мен өлім туралы Сатайдың ойлануына не түрткі болды, оны ненің белгісі деп түсінуге болады?

Қолдану. Сатайдың сезімталдығы мен қайырымдылығын қандай әрекеттерінен байқауға болады?

Анализ. Сатай Рәбиғаға деген алғашқы балаң сезімін қалай білдіреді?

Синтез. Сатайдың Рәбиғаны қайта іздеп баруына не себеп болды деп ойлайсыңдар?

Сыни баға. Әңгімені «Автор ізімен» стратегиясы бойынша жалғастыру, аяқтау.

Сабақты қорытындылау:

«Дыбыстар сөйлейді» әдісі бойынша Сатайға мінездеме беру.

С – сыпайы, сезімтал;

А – ақылды, адамгершілігі мол, арам ойы жоқ;

Т – тәрбиелі, тәртіпті;

А – ақкөңіл, арлы;

Й – инабатты.

Бағалау. Үйге тапсырма: «Шығармадан алған әсерім» тақырыбында ойтолғау жазу. Мәтіннен бір сөз алып бес жолды өлең құрау.

А.АБДРАХМАНОВА,
И.Құтпанұлы атындағы орта мектебі.
Ақмола облысы,
Аршалы ауданы,
Жібек жолы ауылы

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ. «АТТАНДЫРУ», «АЛҒАДАЙ ТУРАЛЫ ӘРБІР ОЙ» ӨЛЕҢДЕРІ

Мақсаты: білімділік-оқушыларды Жамбыл Жабаевтың өмірімен қосымша деректер арқылы толығырақ таныстыру, өлеңдерінің мазмұнын ашу; дамытушылық-оқушылардың ақынның өмірі туралы білімдерін толықтыру, өлеңдерінің мағынасын түсіну деңгейлерін арттыру, ой ұшқырлықтарын дамыту, өзіндік пікірлерін қалыптастыру; тәрбиелік-оқушыларды патриоттыққа, елін сүйе, өнерді бағалауға тәрбиелеу. Түрі: жаңа сабақты меңгерту. Әдісі: «Кубизм» стратегиясы, ой қозғау, «Түртіп алу» стратегиясы, қосымша мәліметтер, «Күпия сандар», талдау, мәнерлеп оқу, бата беру, фильмнен үзінді, үнсіздік, айтыс, өлең құрылысына талдау. Пәнаралық байланыс: тарих, география, математика, музыка. Көрнекілігі: слайдтар, тақырыптық суреттер, фильмнен үзінді, қосымша мәлімет, домбыра.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгелдеу, амандасу, оқу-құралдарын дайындау.

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Аманбыз ба, балалар?
Әзірміз бе сабаққа?
Әдебиет - сөз өнері,
Сай келейік талапқа.
Бар ма үйден дайындық?
Тапсырмаңыз дұрыс па?
Оқымасаң, уайым қып,
Тығылмаңыз қуысқа.
Ойымызды айтайық,
Білімімізді байқайық,
Тексеруші ұстаздар,

Қалсын бір сәт марқайып, - деп құрметті менің шәкірттерім әзіл-шыны аралас өлең жолдары арқылы бүгінгі сабағымызды бастайық.

2. Үй тапсырмасын тексеру. Үй тапсырмасын «Кубизм» стратегиясы арқылы сұрау.

1. Әңгіме не себепті «Әнші» деп аталған?
 2. Әңгіменің негізгі кейіпкері кім?
 3. Әңгімеде Әмірқаннан басқа қандай әнші туралы айтылған?
 4. Әмірқанның өмірдегі прототипі кім?
 5. Франция сахнасына барып ең алғаш ән шырқаған қай әнші?
 6. Әңгіме аяқталмай қалған сияқты, өздерің қалай аяқтар едіңдер?
3. Жаңа сабақ.
- Балалар, қазақтың қандай ақындарын білеміз?
 - Бір ғасырдай өмір сүрген қазақтың қандай ақынын білеміз?
 - Олай болса, балалар, бүгін біз ақын, жыршы, айтыскер ақын Жамбыл Жабаевтың өмірі мен

шығармашылығымен танысамыз.

Сабақтың эпиграфы: *Жамбыл дүниеге екі рет келді: тоғыз ай, тоғыз күнде ана құрсағынан, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан туылды.*

Ғ.Мүсірепов.

I бөлім. «Жүз жасаған бәйтерек»

Бәйтерек – тамырын тереңге жаятын, ұзақ жасайтын мықты ағаш. Жамбылды соған балап тұрмыз. Эпитетті метафора қолданылып тұр. Жамбыл Жабаевтың өмір жолымен танысайық. Берілген жоспар бойынша оқулықпен жұмыс. «Түртіп алу» стратегиясы арқылы жаңа сабақ меңгеріледі.

1. Ақынның өмірге келуі.

2. Жамбыл өмір сүрген заманның сипаты.

3. Ақындық қалыптасу жолы. Ақынның пірі.

4. Жамбыл – айтыскер ақын.

5. Жамбылдың өлеңдері. Шығармаларының дүние жүзіне таралуы.

6. Ақын туралы айтылған пікірлер. (Қосымша деректер).

Жамбылдың өмірге келген 1846 жылды қай ақынның қайтқан жылымен байланыстыруға болады?

(Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің көсемі әрі жалынды жыршысы, халқының азаттығын көксеген күрескер, ел бастаған батыр, қазақтың өр рухты ақыны 1846 жылы дүниеден өтті. Ал осы жылы Жамбыл Жабаев өмірге келді. Ақындық өлмейді...).

Өзінің өмірге келуі туралы былай айтады:

Қазаған қар аралас соғып боран,

Ел үрей-көк найзалы жау торыған,

Байгара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,

Жамбыл деп қойылыпты атым содан.

Жамбыл өмір сүрген заманның сипаты. Патшаға қарсы ұлт-азаттық қозғалыс кезінде елді азаттыққа шақырды. «Патша әмірі тарылды». «Зілді бұйрық» деген өлеңдері шықты.

Ақынның қалыптасу жолы. Ақынның пірі. Ол әкесінің келісімінсіз өнерге ден қойып, Сүйінбай ақыннан бата алған екен:

«Осы шабысыңнан тайма! Өлең-жырыңды дауылдата бер! Жолың болсын! Шындықты айт, әділдікті жырла! Тозығы жеткен жолға түспе, жаңа жол, даңғыл жолға түс!» деп бата берген екен.»

Жамбыл – айтыскер ақын. 10-нан артық айтыстары бар екен. Ол ешкімнен жеңіліп көрмеген екен.

Ақын туралы айтылған пікірлер.(Жамбыл көзі тірі кезінде «20 ғасырдың Гомері» атанған ақын. Гомер гректің атақты эпик ақыны. «Илиада», «Одиссея» дастандарының авторы).

II бөлім. «Жамбыл – жыр алыбы»

- Балалар, екінші бөлімнің атауын мына «Күпия сандардың» сырын ашқанда, табуға болады:

Б8, Р3, Ж9, М1, Ы2, Ы2, Ж9, Ы2, Л4, Л4, Ы2, А5, А5.

«9, 5, 1, 8, 2, 4 – 9, 2, 3 5, 4, 2, 8, 2».

Сабағымыздың екінші бөлімінде біз Жамбылдың екі өлеңімен танысамыз. «Аттандыру» және «Алғадай туралы әрбір ой». Бұл екі өлең бірін-бірі толықтырып, жалғастырып тұратын өлеңдер. Алдымен бұл өлеңдердің шығу тарихымен танысайық.

Жамбыл өмірінің екінші кезеңі ауыр қайғыда болды.

1941-1945 жылдар аралығында біздің Отанымызға Гитлербастаған неміс басқыншылары соғыс жарияламай жерімізге енді. Сол кезде біздің ағаларымыз, әкелеріміз, бауырларымыз ел ақсақалдарынан бата алып, майданға аттанды. Осы кезден сәл шегініс жасасақ, тұрмыс салт жырларынан «бата» туралы не білеміз?

Осындай батамен Жамбылдың жалғыз ұлы Алғадай да майданға аттанады. «Жамбыл Жабаев» фильмінен үзінді көрейік. Режиссері-М.Бегалин, Жамбыл рөлінде-Шәкен Айманов, 1953 жылы түсірілген. (Үзінді көру).

-Енді Жамбылдың берген батасын «Аттандыру» өлеңін оқып байқайық. (Өлеңді мәнерлеп оқу.)

Соғыста жүріп Алғадай 1943 жылы 22 ақпанда Синельников түбінде қайтыс болады. Бұл қаза Жамбылға қатты әсер етіп, ол көпке дейін оңала қоймайды. Көптеген халық ақындары, өзінің шәкірті Кенен Әзірбаев келіп жұбатады. Сонда ақын «Алғадай туралы әрбір ой» өлеңін шығарады. Осы сабағымыз да биыл Ұлы Жеңістің 71 жыл мерейтойымен қатар келіп отыр екен. Отан қорғау жолында қаза болған Алғадайдай батырларымыз, хабарсыз кеткен боздақтарымыздың әруақтарының алдында 1 сәт үнсіздік жасап, тағзым етейік. (Үнсіздік).

Неміс-фашист басқыншыларының әрекеті Жамбылдың шаңырағына да әсерін тигізіп өтті. Сөйтіп Жеңіс жырын естіп, ауыр қайғыдан кейін Жамбыл атамыз 1945 жылы 22 маусымда 7 сағат 55 минутта дүниеден өткен екен.

Ақын бұл дүниеден өтті. Өзі кетсе де, артынан өшпес өлеңдері қалды. 2016 жылы ақынның 170 жылдық мерейтойы келе жатыр. Біз болашақ ұрпақ ақынның

еңбегін қалай бағалап жатырмыз?

Іқтимал жауаптар: ақын атында облыс, өнер ордасы – театр, мұражай, көше, т.б. атаулар бар. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Жамбыл бабамыздың туып-өскен жері Ұзынағашта өткізілген 150 жылдық мерейтойына қатысып, Жамбыл рухына бас иді. Ақынның тұрған үйі 1946 жылдан бері мұражай ретінде ұйымдастырылған болатын. 1996 жылы сол мұражайға жанамалап, конференц зал салынған болатын. Ол залдың алғашқы іргетасын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев қалады.

Жамбыл атамыз ауыр қайғыдан басын көтеріп қатарға қосылғанмен, оңалып кете алмады. Жүрегі сездірген болар, өз домбырасын Нұрғиса Тілендиевке беріп тұрып: «Мына қасиетті домбыраның киесі сенде болсын. Осыны көзіңнің қарашығындай сақтап, қазақтың қара домбырасын бар әлемге асқақтата шап» деп батасын берген екен. Нұрғиса атамыз ата аманатын орындап кетті.

-Ал, балалар, біз де осындай әлем мойындаған атақты ақын құрметіне қара домбыраны ортаға алып, Абай атамыз айтып кеткендей «Болмасаң да ұқсап бақ» деп, айтысқа кезекті берейік. (Оқушылар айтысы).

4. Бекіту кезеңі.

- «Алғадай туралы әрбір ой» өлеңін өлең құрылысына талдайық. (Шумағы, тармағы, бунағы, буын саны, ұйқасы).

- Осы екі өлеңнің негізгі түйіні кім болып тұр? Алғадай бейнесін құрастыру.

5. Үйге тапсырма: ақынның өмірбаянын мазмұндау.

Екі өлеңін мәнерлеп оқу. Қалағанын жаттау.

6. Бағалау.

А.ТАУБАЛДИЕВА,
Алматы қаласындағы
химия-биология бағытындағы
зияткерлік мектебі.

АҚҚУ – КИЕЛІ ҚҰС

Жалпы мақсаттары:	<p>1. Т/Ж5 Қазақ әдебиеті мен ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын түсіну Т/Ж3 Әдеби көркемдегіш құралдарды түсіну және меңгеру.</p> <p>Балаларды сын тұрғысынан ойлата отырып, оқушы белсенділігін анықтау.</p> <p>Сабақ барысында оқушылардың зерттеу жұмыстары мен топтық жұмыстарын бірлестіру арқылы баланы жүйелі ойлауға жетелеу.</p> <p>Диалогты қолдана отырып, бала дүниетанымын кеңейту, ой көкжиегінің өсуіне ықпал ету.</p>
Міндеттері:	<p>1. «Аққулар ұйықтағанда» дастанының мазмұнын түсіну. 2. Балалардың терең ойлай білуі, сөз саптауы, жыр идеясын анықтай білуге, керек сәтте шешім қабылдай алуға ықпал ету. 3. Сөз мағынасын ашу, сөз қадірін білуге үйрету.</p>
Оқыту нәтижесі:	<p>Шығарма мазмұнын толық меңгереді. Шығарманың көтерген негізгі өзекті мәселелерін, тақырыптарын анықтауды үйренеді.</p>
Негізгі идеялар:	<p>Қасиетті, киелі құндылықтардың мәнін түсінеді.</p>

Ұйымдастыру. 1 минут.	<p>Ұйымдастыру. 1 минут. Тапсырмалар. 1. Балалар, үйге қандай жұмыс берілді? Үй жұмысын пысықтау. Сөздік бірліктердің мағынасын ашу: Қасиет, қасірет.</p>
Тапсырмалар.	<p>1-топ. Шығармада тамаша табиғат, аққулардың тазалығы мен пәктігі қалай суреттелген? 2-топ. Баласы науқас ананың психологиялық жай-күйін ақын қалай берген? 3-топ. Жылқышы мен ананың сұхбаты. 4-топ. Шығармада ана мен әке бейнесі қалай жасалған? Жаңа сабақ. М.Мақатаевтың дастаны бойынша 4-сабақ. Сабақтың тақырыбы: «Аққу – киелі құс» Сұрақтар: 1. Аққу қандай құс? 2. Ақын-жазушылардың, күйшілердің, т.б. өнер адамдарының аққу туралы қандай туындыларын білесіңдер? (Н.Тілендиевтің «Аққу» күйі, С.Сейфуллиннің «Аққудың айрылуы» дастаны.) 2. «Қыз Жібек» фильмінде неге режиссер екі жастың махаббатын бейнелегенде көлде жүзген аққулардың эпизодын қатар беріп отырады? Неліктен? (Үзінді көру.) https://www.youtube.com/watch?v=7FWJihVkBtA#t=4549 2. Сабақ үстінде орындалатын жұмыстар: Ақын шығармада аққудың көркемдігін, сұлулығын, тазалығын бейнелеуде көркемдегіш құралдарды тамаша қолданған.</p>

	<p>1-топ. Ақын шығармада аққудың көркемдігін, сұлулығын, тазалығын бейнелеуде эпитеттерді тамаша қолданған. Эпитеттерді мәтіннен тап. 2-топ. Ақын шығармада аққудың көркемдігін, сұлулығын, тазалығын бейнелеуде теңеулерді тамаша қолданған. Теңеулерді мәтіннен тап. 3-топ. Ақын шығармада аққудың көркемдігін, сұлулығын, тазалығын бейнелеуде ассонанстарды тамаша қолданған, ассонанстарды мәтіннен тап. 4-топ. Ақын шығармада аққудың көркемдігін, сұлулығын, тазалығын бейнелеуде аллитерацияны тамаша қолданған. Аллитерацияны мәтіннен тап.</p> <p>3. Мәтінмен жұмыс. Мәтіндегі негізгі ойды анықтау. Ауызша мазмұнын айту. 1-топ. «Өлімді жеңген ана». 2-топ. «Ананың анасы». 3-топ. «Найман - ана». 4-топ. «Абай мен Зере». Балалар, барлық үзінділердегі негізгі идея не? Олай болса, балалар, ана аққуға неге оқ атты деп ойлайсыңдар? Жауап: Ана баласы үшін жанын беруге дайын. 5.Жомарт Құрманбектің орындауында «Ана жүрегі»әнін тындап көріңдер? (3 минут) Сұрақ: «Ана жүрегі» әнінің идеясы не?</p>
Қорытынды	<p>-Балалар, бүгінгі сабақты қалай қорытындылауға болады?</p>

**Ж.СЕҢГЕРБЕКОВА,
Жаңашаруа қазақ орта мектебі.**

Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы,
Қоныстану ауылы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. "ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА"

(5-сынып)

Жалпы мақсаттар	білімділік: ақынның ғылым-білім, табиғат туралы өлеңдерін оқыту, мән-мазмұнын меңгерту; өлеңдерді мәнерлеп оқуға, мәнерлеп жатқа оқуға және әдеби теориялық талдауға бейімдеу;
Оқыту нәтижесі: 1. А.Құнанбайұлы туралы мағлұмат бере алады. 2. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің мазмұнын игереді. Өз көзқарасын жүйелі түрде талдап ойын айқын тұжырымдай алады. 3. Өз пікірін ортаға салып дәлелдей алады.	дамытушылық: оқушылардың байқампаздығын, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін дамыту, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру, адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру; тәрбиелік: парасаттылық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, өзінше ой түйге баулу; ақынның өсиет сөздерінен нәр алу; Сабақтың әдісі: зерттеу, шығармашылық жұмыс, түсіндіру, ізденіс жұмыстары, сергіту сәті, жаңа технологиялар Сабақтың көрнекілігі: суреттер, кітаптар көрмесі, ақын туралы ой-пікірлер
Сілтеме	Қазақ әдебиеті оқулығының әдістемесі.
Сабақтың жабдығы	Тақта, суреттер, кеспе қағаздар.
Ынтымақтастық атмосферасы	– Балалар, айналамызда көңіл-күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі-көңіл ажары! Күліп өмір сүрейік!
	Үй тапсырмасын сұрау. Абай Құнанбайұлы және «Қыс» өлеңі бойынша: 1. Абай Құнанбайұлының өмірі туралы не білесің? 2. «Қыс» өлеңін мәнерлеп жатқа оқу. «Сұрақтар жаңбыры» кезеңі (өлеңнің кез келген тармағы жазылады, оқушы әрі қарай жатқа оқу арқылы жалғастырады) Оқушылар бір-бірін бағалайды 3. Қысқы табиғатты бейнелеп сурет салу(смайлик арқылы бағалау) 4. Өлеңге сатылай кешенді талдау.
1. Білу. Дәптерлерін ашып, күнді тақырыбын жазады. 1. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің көлемі 77 жол. Абай бұл өлеңді 1886 жылы жазған. 77 жолдың бізге ұсынып отырғаны 31 жол. Бұл өлең арқылы ақын сендерді жарқын өмірге, білімді болуға, алған білімдеріңді дұрыс пайдалана білуге шақырады.	

Ғалым болудың басты шарты-не нәрсені болсын ақылмен өлшеу, ақыл сенген нәрсеге ғана сену, көзің анық жеткен шындықты тура айту керек. Ең алдымен, біз білімді, ғалым адамдарды құрметтеуіміз керек және сондай адам боламын деп талпынуымыз керек.

Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл шығармашылық жолының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің біріне айналды. Ақын талантты, өнер іздеген жандар туралы айрықша зор сүйіспеншілікпен айта отырып, олардың алға қойған зор мақсатқа жету жолындағы күресте табандылық, жігерлік көрсететініне үлкен сенім білдіреді. Абайдың бұл өлеңінен ғылымды үйренетін жастар өзінің алдына қандай мақсат қоюға тиісті екені туралы мәселе оны аса қатты толғандырғанын көреміз. Мына өлеңдегі:

• «Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба...» -дегендегі орын тап деп отырғаны - алған білімді, үйренген ғылымды жұмсайтын орын. Бұдан Абай:

• «Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол...» -деп адамдық, адамгершілік жайын қозғайды. Алайда ойынның негізгі желісін үзбейді. Бұл тұста ерекше бір көңіл бөлерлік жай - Абай ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды.

2. Түсіну. Кітаппен жұмыс. Өлеңді мәнерлеп оқимыз. Мазмұнына талдау жасап, тақырыбын, көзделген идеясын ашамыз.

Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеніз

Ондай болмақ қайда деп,

Айтпа ғылым сүйсеніз.

Сізге ғылым кім берер,

Жанбай жатып сөнсеніз -

деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?

«Өнерлі, білімді болу үшін жақсы оқыған адамнан үйрену керек. Өзінді бей - жай ұстамай, ғылым жолында киындықтан қорықпай ұзақ еңбектеніп, өз мақсатына жетуге болады».

- «Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген өлең жолдарын дәптерлеріне жазып алып, түсіндіру

«Білімді болсаң, сол білімді тек өз басыңа жаратып қоймай, білімді халыққа еңбек етуге жарата біл/

-Ақын өлеңінде бізді кім болуға шақырып тұр?

Сөздікпен жұмыс: «нәфрәтлі» - жиренішті, жиіркенішті

«ғибрәтлі» - үлгілі

3. Қолдану. Мәтін мазмұнына сай өз пікірін қолдану

Шығарма атауы	Бес нәрсемен қас бол, Қор болмаймын десеңіз	Бес нәрсемен дос бол, Адам болам десеңіз
«Ғылым таппай мақтанба» өлеңі үлгісінде		

4. а) Талдау. Сатылай кешенді талдау

ә) Сұрағымға зейін сал! (қасиеттерді табу)

Сергіту сәті. Құпия хаттар

1.Құрметті достар! Менің көршімнің бір баласы бар, өзі өтірікші. Көзбе-көз өтірік айта қояды. Маған күнде келіп ойнағысы келеді. Мен онымен дос болып бірге ойнайын ба?

2. Құрметті достар! Менің досым бар. Өзі мақтаншақ. Ойнап жүргенде үй ішін айтып, нәрселерін, қылығын айтып, бөсіп мақтанады. Мен онысын ұнатпаймын. Бірақ ойынды жақсы ойнайды. Мен осы баламен дос болайын ба? Айтыңдаршы.

5. Жинақтау. Шығармашылық жұмыс.

1. Абай атаға хат жазу. 2. Абайға арнау

3. «Қиық қағаздар сөйлейді» Берілген қиықтардағы сөздерді бір-бірімен байланыстырсаң, әдемі қанатты ой шығады.

Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.

Қосымша	<p>6.Бағалау. «Бәйге» ойын стратегиясы. Тест жұмысы</p> <p>1. А.Құнанбайды қай жылы дүниеге келген? а) 1843; в)1844; с) 1845; д)1846; е)1842.</p> <p>2. Абайдың 2015 жылы неше жылдық мерейтойын тойлады? а)140; в)150; с)160; д) 170; е)180.</p> <p>3. Абай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін қай жылы жазды? а)1886; в)1885; с)1884; д)1883; е)1882.</p> <p>4. Бұл өлең неше жолдан тұрады? а) 27; в)37; с)47; д) 57; е)77.</p> <p>5. Абайдың атасы кім? а) Өскенбай; в) Шәкәрім; с) Құнанбай; д) Ақылбай; е) Мағауия.</p> <p>6. Абайдың қара сөздерінің саны қанша? а) 25; в) 35; с) 45; д) 55; е) 65.</p> <p>7. Абайдың өлеңін белгілеңіз: а) «Өзен»; в) «Арғымаққа оқ тиді»; с) « Өнер, білім бар жұрттар»; д) «Жазғытұрым»; е) «Жастық туралы».</p> <p>8. Үзінді Абайдың қай өлеңінен алынғанын белгілеңіз? <i>Дүние де өзі, мал да өзі</i> <i>Ғылымға көңіл бөлсеңіз.</i> а) «Өнер, білім бар жұрттар»; ә) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»; с) «Ғылым таппай мақтанба»; д) «Әсемпаз болма әрнеге»; е) «Адамның кейбір кездері».</p> <p>9. «Қанағат» сөзінің мағынасы қандай? а) қайырымды; в) мейірімді; с) сабырлы; д) риза болмау; е) барға риза болу.</p> <p>10. «Гибрәтлі» сөзінің мағынасы қандай? а) үлгілі; в) жиіркенішті; с) жамандық; д) рақым; е) жақсылық.</p> <p>Тест жауаптары:</p> <table style="width: 100%;"> <tr><td>1 – с</td><td>6 - с</td></tr> <tr><td>2 – д</td><td>7 - д</td></tr> <tr><td>3 – а</td><td>8 - с</td></tr> <tr><td>4 – е</td><td>9 - е</td></tr> <tr><td>5 – а</td><td>10 – а</td></tr> </table> <p>9- 10 ұпай – “5” 7-8 ұпай – “4” 5-6 ұпай – “3”</p> <p>Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады. Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде. Білмеген қауып айтады, білген тауып айтады. Білімді бағалау: оқушылардың жауаптарына, сабаққа белсене қатысып отырғандарына қарай білімдері бағаланады.</p> <p>Қорытындылау. Ойтолғау (монолог түрінде). Абай өлеңдері бізді неге үйретеді? Не үйрендік? Біздің өмірімізге қажеті бар ма? Жинақтау. Бірнеше сөздердің ішінен Абайға қатыстысын сандықшаға салу. <i>Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс.</i> <i>Н.Назарбаев.</i></p>	1 – с	6 - с	2 – д	7 - д	3 – а	8 - с	4 – е	9 - е	5 – а	10 – а
1 – с	6 - с										
2 – д	7 - д										
3 – а	8 - с										
4 – е	9 - е										
5 – а	10 – а										

А.ҚАЛИЕВА,
Смағұлов атындағы
орта мектеп.
Атырау қаласы,
Томарлы селосы

М.ЖҰМАБАЕВ. «БАЛАЛЫҚ ШАҚ» *(5-СЫНЫП)*

Мақсаты: өлеңнің идеясын түсіндіру.

Міндеттері: I. Мазмұнына байланысты тақырыбын ашып, мәнерлеп оқиды. II. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Қабырғаға қарап оқу, Автор орындығына отырып оқу стратегиясы. III. Топтық жұмыс (ұжымдық жұмыс).

Сабақтың түрі: жаңа сабақ.

Сабақтың әдісі:сұрақ-жауап,СТО стратегиялары.

Сабақ көрнекілігі: Мағжан портреті, ұнтаспа.

Бағалау		
Үй тапсырмасы үшін	Мәнерлеп оқығаны үшін	Қосымша ақпараттар үшін

I. Қызығушылығын ояту.

Ұнтаспадан Мағжан туралы көрсету.

II. Мағынаны тану. Өлеңнің мазмұнын оқу, мағынасын түсіну. Әдеби-теориялық ұғымдармен жұмыс.

III. Ойтолғаныс.

1. Қабырғаға қарау стратегиясы. Мәтін «Балалық шақ» 10 минут.

2. Автор орындығы. М.Жұмабаев «Балалық шақ»

өлеңі. (5-сынып)

Ой толғаныс: Қабырғаға қарап оқыту.

Мәтін «Балалық шақ».

Автор орындығы

1-оқушы: -«Балалық шақ-патшаның тағы»- деп М.Жұмабаев айтқандай балалық шақ - керемет шақ емес пе. Себебі балалық шағында ойнап-күлесің, ешқандай уайым-қайғың болмайды. Мен өзімді әкешешемнің орнына қойып қарасам, балалық шақтан кеткім келмейді.

2-оқушы:- Біз үшін ең бақытты кез-балалық шақ. Жазда балмұздақ жеп, қыста шанамен сырғанағаның жазда құммен ойнап, қыста қарды лақтырғаның, көктемде ағаш отырғызып, күзде жаңбырдың астында тұрғаның-ең бақытты кез.

3-оқушы: - Өзім тұрып жатырған туған жерімнен артық еш жер жоқ.

4-оқушы:-Осындай бақытты балалық шақ, өмір сыйлаған ата-анама алғыс айтамын.

Балалық жүрегім отан деп соғады.

Жүрегімнің түбінде ата-анам тұрады.

Бармақтай бақ берген тәуелсіз Отан да

Балалық бал кезім, бақытқа толады.

Сабақтың нәтижесі (мәтіндерден үзінді оқу)

- Өзін еркін ұстайды.
- Жазғанын оқиды.
- Жеке жұмыс болды.
- Емін-еркін жұмыс жасады.
- Еркін түрде жеткізеді.
- Пассивті тарта білдім.
- Еркін сезінуге мүмкіндік берілді.

Қорытынды.

Н.ЕРМЕКБАЕВА,

№1 МБК.

Батыс Қазақстан облысы,

Бөрлі ауданы,

Ақсай қаласы

ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ. «СЕН АҚЫЛДЫ БОЛСАҢ ЕКЕН...», «ЖАМАНЫҢДЫ КӨРМЕСЕМ»

Максаты	Ақынның өмірі, шығармалары туралы түсінік алып, өлеңнің мазмұнын меңгеру.	
Күтілетін нәтиже	Автордың өмір жолы, шығармашылығымен танысып, өлеңнің мазмұнын біледі. Өлеңге сатылай кешенді талдау жасайды құрылысын, идеясын анықтай алады. Өлең мазмұны бойынша өз ойынан ой-тұжырым жасап, бағалайды.	
Керекті жабдықтар	АКТ, ресурс парақтары, оқулық.	
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	Оқушылармен амандасып, топтарға бөлемін. Бағалау парақтарын үйлестіремін. Топ басшысы сайланады. 1-топ «Қасым» тобы. 2-топ «Жұбан» тобы. 3-топ «Сырбай» тобы. 4-топ «Мұқағали» тобы. Үй тапсырмасын тексеремін. Қабдеш Жұмаділовтің «Қозыкүрән» әңгімесін оқу. Өткен сабақта әңгімені оқып, талдаған болатынбыз. Сіздерге сұрақ:- Төреқұл қонақтарға не жайында әңгіме айтты? Үй тапсырмасын «Ыстық орындық» ойынымен қорытындылау.	Сұраққа жауап берді.
Тұсаукесер	Бүгінгі сабағымызда танысатын ақынымыз «Менің Қазақстаным» әнұранының авторы. Ол кім?	

Негізгі бөлім Қорытынды	Бүгінгі сабақта ұрпағына мол мұра қалдырған ақын жазушы Жүмекен Нәжімеденовтің өмірімен, шығармашылығымен танысамыз. слайд	Өмірі, шығармашылығымен танысады.
Үй тапсырмасы	-Ақын қай жылы, қай жерде дүниеге келді? -Ақынның шығармашылығы туралы айтып беріңіз? Сіз не айтар едіңіз? Енді ақынның «Сен ақылды болсаң екен», «Жаманыңды көрмесем» өлеңдерімен танысамыз. (мәнерлеп оқимын). Өлең жолдарынан таныс емес, мағынасы қиын сөздерді белгілеңіздер. Мағынасы қиын сөздерге сөздік жұмысын жасайық. Түңілу-күдер үзу Жамандар- қасиеті жаман адамдар Үңіл-барлап қара Емеурін- ынғай, бағыт, нышан Мекен- орын Күйік- қайғы	Сөздікпен жұмыстанады.
	1- топ Ақынның өмірі мен шығармашылығы 2-топ 1,2 өлең шумақтарын оқып талдайды. 3-топ 3,4 өлең шумақтарын оқып талдайды. 4-топ 1,2 өлең шумақтарын оқып талдайды. Өлеңді талдау үшін тапсырмалар орындайық. 1-топ «Дыбыстар сөйлейді» стратегиясы бойынша «Жүмекен» сөзіндегі дыбыстардан сөз құрау. 2-топ: «Сен ақылды болсаң екен...» өлеңіне сатылай талдау жаса. Тақырыбы: Идеясы: Жанрлық түрі: Шумақ саны: Тармақ: Бунақ: Буын: Ұйқас:	Өлеңді оқып, талдау.
	Тақырыбы: Идеясы: Жанрлық түрі: Шумақ саны: Тармақ: Бунақ: Буын: Ұйқас: 3-топ: «Жаманыңды көрмесем» өлеңіне сатылай кешенді талдау жаса. Тақырыбы: Идеясы: Жанрлық түрі: Шумақ саны: Тармақ: Бунақ: Буын: Ұйқас: 4-топ:	Тапсырмалар орындайды.
		Тапсырмаларды топ алдында қорғайды.

Өлең	Өлең жолдары	Менің ойым	Өнді тыңдайды.
			Сұрақтарға жауап береді.
<p>«Әке туралы жыр» ән тыңдау. Өлең мен ән арасындағы байланыс пен өзіндік ерекшелігін табыңыз. «Стикерлермен диалог» әдісімен қорытындылау. 1. Ақын қай оқу орындарын бітірген? 2. Қай қалада еңбек етті? 3. Қай өлеңі әнұранға айналды? 4. Ақын екінші өлеңін кімге арнады? «Сен ақылды болсаң екен» өлеңін жаттау, «Әке жақсылығын өтеу-парыз» тақырыбына ойтолғау жазу. 120 сөз.</p>			Үй тапсырмасын жазып алады.

Қызықты грамматика

«ЖАЛАҢ - КҮРДЕЛІ»

(ойын)

Ойынға қатысушылардың әрқайсысы жалаң және күрделі сөзге мысал ойлап аутулары керек. Ойланып алуға 2-3 минут уақыт беріледі. Бастаушы әр балаға қарап жалаң, күрделі, күрделі, жалаң, - деп белгі беріп тұрады. Сол белгіге сәйкес әркім ойлаған мысалдарын айтады. Бірінің айтқанын екіншісі қайталамау керек. Бөгелмей дұрыс мысал тауып айтқан балаларға сол ойлаған сөздерін кірістіріп, сөйлем құрап айту тапсырылады.

ҰҚСАС БУЫНДЫ ҚЫЗЫҚ СӨЗДЕР

Тілімізде ұқсас буындардың қайталануы арқылы жасалған сөздер де бар, бірақ олар қос сөздер емес. Мысалы: баба (ата-баба), шеше, бұлбұл, дүлдүл, сеңсең, шымшыым (бір шымшыым тұз), тартар (жапырақ).

Д.ЖАЙТИКОВА,
Балабек Жахин атындағы
Новомарковка орта мектебі.
Ақмола облысы,
Ерейментау ауданы,
Новомарковка ауылы

М.ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ- АНА БЕЙНЕСІ

Мақсаты: білім беру – романдағы Абайға ең жақын әйелдер бейнесін ашу; танымдық – Абайдың әйел-ана, қыз-тағдыр, махаббаттағы ізгілік идеясын үлгі ету; тәрбиелік – оқушыға Абайдың адамгершілік, имандылық қағидаларын өмірлік ұстаным етуге бағыт беру.

Әдісі: СТО технологиясы. Көрнекілік: Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы негізіне құрылған фотоэтиюд, «Абай жолы» романы бойынша дайындалған мазмұнды сурет, аудиотаспалар, әйел-ананың суреттері.

Сабактың барысы:

I. Ұйымдастыру:

а) оқушылармен амандасу;

ә) кезекшіні сұрау;

б) оқушыларды түгелдеу;

II. Үй жұмысын тексеру:

Төрт топқа бөлінген сыныппен жұмыс жасау.

I топ: М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына негізделген фотоэтиюдті ортада қорғау.

II топ: «Абай жолы» романының қысқаша фабуласы

бойынша мазмұнды суретті ортада қорғау.

III топ: «Абайға хат» топтың ішінен үздік жұмыс ортада қорғалады.

IV топ: Құнанбайдың бейнесі бойынша «Т кестесі» арқылы жұмыс жасау.

III. Негізгі бөлім: Қызығушылықты ояту.

Мультимедиалық құралдардың көмегімен әр топқа әр түрлі әйел-аналардың суреттерін көрсетіп, ойларына бірден не келгенін сұраймын. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салады. Соңында барлығының ойларын байланыстыратын әйел заты болып шығады. Бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбының әйел затымен байланысын айтамын.

IV. Мағынаны тану:

Дәптерлерін ашқызып, тақырыпты жазғызамын.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы әйел-ана бейнесі.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы әйел-ана бейнесін екіге бөліп қарастырамыз.

1. «Қарашығым қоңыр қозым...»

Абайдың аналары- Зере мен Ұлжан.

2. «Көзімнің қарасы»

Сүйген жарлары – Тоғжан, Әйгерім.

Ділде мен Еркежан.

Әр топқа Абайдың өмірінде елеулі орын алған әйел-аналар туралы мәліметтерді таратамын. Әр топ берілген мәліметтен мүмкіндігінше жаңалықты алуға тырысады.

Бірінші топ Зере мен Ұлжан туралы жаңа мәлімет алады.

Екінші топ Тоғжан туралы жаңа мәліметтерді саралайды.

Үшінші топ Ділде туралы мәліметтерді саралайды.

Төртінші топ Әйгерім мен Еркежан туралы мәліметтерді оқиды, тоқиды.

Берілген образдарға қосымша аудиотаспа арқылы дайындалған мәліметтерді тыңдап, білімдерін кеңейтеді. Әр топқа берілген флешкартпен жұмыс жасалады. Көптеген суреттердің қималары беріледі. Оқушылар тақырыбына қарай білімдерін үлкен шығармашылықпен ортаға түсіреді. Болған соң әр топ спикерлері орындарында қалып, көрші топ мүшелеріне жаңа білімдерін баяндайды.

V. Ой толғау:

Спикерлердің берген жаңа білімдерін топ мүшелері қалай қабылдап, естерінде сақтағанын білу үшін бір топқа Ділде мен Тоғжан образына Венн диаграммасын толтыру ұсынылады. Екінші топқа автор орындығы стратегиясы бойынша Зере мен Ұлжанның бейнесін баяндау жұмысын жасатамын. Үшінші топқа зебра стратегиясы арқылы Әйгерімнің бейнесін суреттеу көзделеді. Төртінші топқа Еркежанға сауаттылық хат жазғызамын. Барлығы ортада қорғайды.

Рефлексия: интербелсенді тақтаның көмегімен Абайдың «Көзімнің қарасы» атты әнін орындаймыз.

VI. Бағалау.

Топ мүшелерінің аты-жөні:	Жаңа материал бойынша жауап			Қосымша мәлімет бойынша жауап			Қорытынды жұмыс бойынша жауап			Мүғалімнің бағасы
	толық	толық емес	жоқ	толық	толық емес	жоқ	толық	толық емес	жоқ	

«+» таңбасының қойылуы арқылы бағаланады.

М.ҚУАНЖАНОВА,
Қ.Жұбанов атындағы
орта мектеп.
Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы

АБАЙ. ОН ЖЕТІНШІ ҚАРА СӨЗ

Мақсаты: Абай шығармашылығына қорытынды жасай отырып, тіл байлығын молайтып, адами қасиеттерді оқушылардың бойына сіңіру. Міндеттері: білімділік-Ұлы Абайдың өмірі мен шығармашылығына тоқтала кету, Абайдың қара сөздерін оқыту арқылы ақынның ғылыми-философиялық ойын ашып түсіндіру, қайратты ақылға, ақылды жүрекке жеңдіруге дағдыландыру; дамытушылық-мәтінмен жұмыс істей білу дағдысын жетілдіру, мәнерлеп оқу машығын қалыптастыра отырып, оқып-түйгендері жайлы ой қорыта білуге дағдыландыру; тәрбиелік-Абай еңбектері арқылы адамгершілік, имандылық, адалдыққа баулу, ғылым-білімді меңгерген, көкірегі ояу азамат болуға тәрбиелеу.

Түрі: қорытынды сабақ.

Әдісі: сын-тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша түрлі стратегиялар.

Көрнекілігі: слайдтар, ақын портреті, бүктемелер, альбом, шығармалар көрмесі.

«Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған»

- Бұл кімнің сөзі? Осы өлең жолдары арқылы не айтқысы келген?

- Тағы қандай қазақтың бетке ұстар ұлыларын білесіңдер?

Ой толғау

«Күн шұғыласы».

Ақын. Абай. Абай шығармалары.

Түсініктер бойынша ассоциация құру.

Абай шығармашылығы туралы айтқызу.

-Соңғы сабақта біз Абайдың он жетінші қара сөзімен танысып, талдаған едік. Ең алдымен, осы мәтінде кездескен кейбір сөздердің мағынасын ажыратып алсақ.

ҚОЖА БЕЙНЕСІ

Мақсаты: білімділік-повесть бойынша оқушылардың білімін тиянақтау, Қожа бейнесіне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету; дамытушылық-өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыстану қабілетін жетілдіру, ой-өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сабаққа қызығушылығын ояту; тәрбиелік-жақсы мен жаманды ажырата білуге дағдыландыру, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету. Түрі: жинақтау. Әдіс-тәсілдері: пікірталас, СТО технологиялары.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру. Амандасу, түгелдеу, оқушылар назарын сабаққа аудару. Психологиялық дайындық. Сергіту сәті.

Жаңа сабақ:

1. «Құпия кеңес» бейне үзінді. Құпия кеңесте жеке бас тәртібін қараған кім? Ол туралы хикаят жазған кім? Жазушының қандай шығармалары бар?

- «Менің атым Қожа» («Өзім туралы повесть»), «Жекпе-жек», «Қайдасың, Гаухар?», «Өлгендер қайтып келмейді», «Аяжан», «Балалық шаққа саяхат», «16 жасар чемпион», «Алыстағы ауылда», т.б.

2. Рөлдегі оқушылар: топтың өз көрінісін сахналауы «Лагерьге жолдама», «Дүкенде», «Педкеңесте», «Құпия кеңес».

3. Сауаттылық хаты: РАФТ

Рөл- Қожа
Аудитория-сынып
Форма-ішкі ой

Жүгіну – бас ұру;
Кәмелет – ой тоқтатқан кез;
Гибадат – құлшылық ету (діни наным);
Абұйыр - ар-намыс;
Мансап –атақ, даңқ;
Нәфсі – қалау;
Ахирет – о дүние;
Дөңбекшітетұғын – ойландыратын;
Берік ұстау- бір сөзділік;
Қырына жүру – айтқанына көну, еру;
Табанының топырағы көз сүртерлік - қасиетті.
Осы қара сөздерінің ішіндегі 17-қара сөзіне тоқталамыз.
1. 17-қарасөз не туралы?
2. Қара сөздегі негізгі кейіпкерлер кімдер?
3. Ақын бұл шығарма арқылы не айтқысы келген?
4. Абайдың айтқанымен өзің келісер ме едің?
Ой қозғау. Бекіту.
3 топқа бөлініп шағын эссе жазу.
1-топ. “Ақыл”.
2-топ. “Қайрат”.
3-топ. “Жүрек”.
Қорыту. INSERT
Зат есім: *қайрат*.
Сын есім: *күшті, жігерлі*.
Етістік: *ерінбейді, жалықпайды, тынбайды*.
Синоним: *күш, жігер, қуат, ерік*.
Сөйлем: *Адамның өзіне деген сенімін оятады*.
Зат есім: *ақыл*.
Сын есім: *ойлы, табанды*.
Етістік: *ойлайды, кеңеседі, дұрыстайды*.
Синоним: *ой, сезім, түйсік, шабыт*.
Сөйлем: *Онсыз адам жол таба алмайды*.
Зат есім: *жүрек*.
Сын есім: *жылы, рақымшыл*.
Етістік: *соғады, лүтілдейді, дірілдейді*.
Синоним: *сезім, махаббат, жылылық, өмір*.
Сөйлем: *Адам денесінің негізгі тіршілік көзі-жүрек*.
Үйге тапсырма: «Абай және мен» тақырыбына шығарма

жазу.

Тақырып- 1-топ: Жантас;

2-топ: Сұлтан;

3-топ: Майқанова апай;

4-топ: Миллат ана;

4. Қай топ ұғымтал? 9 жұмбақ

Бұл қай сәт?

1. “Төбемнен жай түскендей болды. Не істерімді білмеген қалпымда орнымнан сүйретіліп түрегеле бердім. Маңдайымнан бұрқ етіп суық терім шығып кетті. Ох, шіркін,ай!”

2. “Есікті аша бергенімде, тынысым мүлде бітіп, жүрегімнің соғуы тоқтап қалғандай болды. Сол кездегі келбетім көлденең көзге тірі аруақ тәрізді қыбырлаған бірденеге ұқсар деймін”.

3. “Маңдайдан буым бұрқырап, есік алдына шықтым. Сәйбек көрінбейді.

Омырауымды ағытып, желпініп, ойланып тұрмын. Не деп шешер екен? Мектептен шынымен-ақ шығара ма?”

Бұл кім?

4. “Біреуді біреуге атыстырып,от тастап жүретін ку, сабақ үстінде сыбырлап-сыпсындағыш”.

5. “Мен сенің әкеңе қарыздыгер адаммын.Менің мойнымда оның тиыны емес,бақандай бір қарасы жүр.”

6. “Галифе шалбар киген жіңішке аяқтары сидиып, шашы қақ жарыла желбіреп,қаздиып тұр”.

7. “Шыбыным, әйтеуір ешкімге тимей, ұрынбай, жайыңа жүр. Сенің тентектігіңді менен басқа ешкім де көтермейді. Біреудің ала жібін аттаушы болма”.

8. “Жаңа оқытушы бізді оқу жылының басталуымен құттықтады, өзін таныстырды...”

9. “Сен оқуды тастасаң, маған ілесіп тастады деп екеуімізді бірдей қудалап пәле қылады. Оқи бер. Оқудың түбіне сен-ақ жет. Мүмкін кейін дырдай бастықтың бірі

болып шығарсың. Сонда маған шапағатың тиер.”

5. Менің білетінім. Кино кейіпкерлері.

Б.Соқпақбаевтың “Менің атым Қожа” повесі бойынша фильм 1963 жылдың наурызында түсіріле бастап, 1964 жылы экранға шығарылды. Фильмді, тек Қытай мен Албаниядан басқа, әлемнің барлық дерлік сатып алды.

Бұл фильм Кан фестивалында “Режиссерлігі үшін” деген арнайы сыйлық алды. Фильмді түсірген режиссер – Абдулла Қарсақбаев.

Қожа рөлінде-Нұрлан Сегізбаев, Жанар-Гүлнар Қурабаева, Сұлтан-Марат Көкенов, одан басқа Бикен Римова, Рая Мұхамедьярова сияқты актерлер ойнаған.

Нұрлан Сегізбаев қазіргі кезде “Қазақфильмде” шығармашылық бірлестікте жұмыс істейді, сценарийлер, кітаптар жазады.

6. Ой толғаныс. Қалай ойлайсыздар, әдепті жолға түсуіне не себепкер? Анасын аяуы ма, Сәйбек қарт, Оспановтар айтқан естеліктер ме, Майқанованың педкеңестен шығып бара жатып айтқан сөзі ме?

Сонымен, бүгінгі пікірлерді саралай келіп, “Қожа – түбі адам болатын бала” деген тұжырым жасадық.

Сотқарлау, бірақ жаны таза кейіпкері туралы Бердібек Соқпақбаев былай деген екен.

“Алыстан арбалап материалдар тасымаймын, архивтің шаңын жұтпаймын. Жақыннан, басымнан кешкенді, өз айналамды дорбалап жинаймын. Бір сөзбен айтсам, өзін жазатын жазушымын. Мінез-құлық жағынан Қожа өзге емес, менің өзіме ұқсайды.”

8. Үйге тапсырма: Қожа мен Жантасқа мінездеме беру. Кестені толтыру.

А.СҚАҚОВА,
№187 М.Шоқай атындағы
қазақ орта мектебі.
 Қызылорда қаласы

С.МҰҚАНОВ. «ЕСІЛ БОЙЫНДА»

(«Өмір мектебі» романынан алынған үзінді)

Жалпы мақсаты:	С.Мұқановтың «Есіл бойында» әңгімесінің сюжетін, тақырыбы мен идеясын ашу, оқушыға меңгерту. Оқушылардың сөздік қорларын суреттеу құралымен толықтыру, эстетикалық талғамдарын арттыру, туған табиғатқа сүйіспеншіліктерін ояту.	
Сілтеме:	Мұғалімге арналған нұсқаулық Қазақ тілі мен әдебиеті оқыту әдістемесі 7-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы.	
Оқу нәтижесі:	Берілген әңгімені толық меңгереді, талдау жұмыстарын өз беттерінше орындайды, өзін-өзі бағалайды, сыни көзқарас қалыптастырады.	
Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Оқыту мен оқудағы жаңа әдістер, оқытуда АКТ-ны пайдалану, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.	
Сабақта қолданылатын көрнекіліктер:	Интерактивті такта, үлестірме қағаздар, бағалау парағы, маркер, стикер, постер, бейнебаян, слайдтар.	
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, география, тарих.	
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, география, тарих.	
Сабақ барысында мұғалім мен оқушының іс-әрекеттері:		
Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1.Кіріспе бөлімі. Сыныпта психологиялық ахуал орнату.	Оқушылар назарын сабаққа аудару.	«Шаттық шеңбері» оқушылар бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіріп, сәттілік тілейді.

2. Тұсаукесер бөлімі. Оқушылардың қызығушылықтарын ояту.	1. Сәбит Мұқанов кім? Ол қашан және қай жерде туылды?Ол туралы біздер не білеміз? 2. Оның қандай шығармалары бар? 3. Әңгімедегі кейіпкерлері кімдер? 4. Әңгіменің тақырыбы мен идеясы қандай? «Галереяға саяхат» әдісі.	Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап береді. Оқушылар үйден Есіл өлкесі туралы сурет салып келеді, оны қабырғаға іледі.
3. Негізгі бөлім.	1. Есіл өзенін картадан көрсетіп бере аламыз ба? 2.Есіл өзені туралы не білеміз? 3.Сырдария өзені туралы не білеміз? 3. Есіл өзені туралы бейнебаян көрсету. Т о п т ы қ тапсырмалар: 1.Есіл өлкесін жазушы тілімен пейзаж арқылы суретте. 2. Мырзатай әнші 3. «Есіл тасып барады» әнінің шығу тарихы.	Қазақстан картасынан оқушылар өзеннің жайғасқан жерін көрсетеді. Есіл өзеніне қарап, оған географиялық түсініктеме береді. Есіл өзені Сарыарқа жері, Қарағанды облысындағы Нияз тауынан басталып, Омбы облысындағы Усть-Ишим селосы тұсында Ертіс өзеніне құяды. Жалпы, ұзындығы 2450 шақырым, Қазақстандағы ұзындығы 1719 шақырым. Ресейдің Түмен, Омбы облыстарынан өтеді. 1950 жылдардың ортасында Есілде кеме жүзген. Есіл бойында Астана, Есіл, Қызылжар қалалары орналасқан. Оқушылар берілген тапсырма бойынша постерде жұмыс жасайды.

4. Әңгіме туралы бейнеүзiк тамашалау.	1-топ: Әңгімеге композициялық талдау жасау 2-топ: Мырзатай қандай халық композиторларының әндерiн орындаған? 3-топ:Әңгімедегi ұнады, ұнамсыз кейiпкерлердi тауып, оларға мiнездеме жазыңдар.	Оқушылар топтасып жұмыс жасайды.
Кеңейтiлген тапсырмалар	Зерттеу. Әңгімеде аталған басқа әрi - әншi, әрi - ақындардың өмiрiнен қысқаша мәлiмет жинау. Естай Беркiмбаев -1874ж. Қанапия Басқарұлы-1870ж. Жаяу Мұса Байжанұлы. Құлтума Самұратұлы. Ғазиз Файзуллаұлы.	Зерттеп келген оқушылар оқиды, таныстырылым көрсетедi.
	Жұптас. Ойлан. Тап. 1.Шығарма қандай жанрда жазылған? Мәтiннен портреттi тап. Портрет дегенiмiз- шығарма кейiпкерлерiнiң сыртқы түр-тұлғасын суреттеу. 2. Шығармадан диалогты табу, оқып беру. Диалог – екi адам арасында әңгiмелесу. 3. Пейзажды және көркемдегiш сөздердi мәтiнен тауып оқу. Пейзаж – жазушының шығармаларында табиғатты барынша көркем суреттеуi. 4. Баяндау деген не? 5. Жазушының көркем тiл шеберлiгiне талдау жасаңдар, бейнелi сөздердi табыңдар. 6. «Ән» сөзiне бес жолды өлең құрастырыңдар. Әдебиет теориясы Лирикалық шегiнiс- әдеби шығармада оқиға желесiн кенеттен үзiп, өзi жайлы немесе көңiлiндегi басқа нәрсенi айтып беру. Бұл шығармада Есiл табиғатын суреттеп келе жатып, Мырзатайдың әншiлiгiне, ән тарихына ауысып кетуiмен көрiнедi.	Оқушылар жұптасып орындайды, бағалау парағын толтырып отырады. Оқушының өзiн – өзi бағалау парағының Оқушының ағы-жөнi: Күнi Сабақтың тақырыбы:

	Сөздікпен жұмыс. Сарша-тамыз – жаздың аспан айналып жерге түскендей ыстық кезі, аптап. Сағым – ауаның біркелкі қызбауына байланысты табиғатта болатын құбылыс. Топан – жер бетін бақан тасқын су, сел. Шайы – үлбіреген жібек мата. Шалғын – ұзын және қалыңдап өскен шабындық шөп. Бөдене – қалың шөп арасында жүретін денесі 20 см-дей ақшыл жолақты кішкене сұр құс. Женсік - әуес, тансық, құмар. Долана – таулы-тасты, өзенді жерлерде жабайы өсетін жемісті ағаш. Мойыл – жұпар иісті, ақ гүлі бар, кара жемісті ағаш. Тарантас – төрт дөңгелекті, көбіне үсті жабық болып жасалған, жақтаулы арба. Штат – қазақ елін билеу заңы. Жатақ – күш-көлігі болмағандықтан, жайлауға көше алмай қалған кедейлер. Өрбіген – дамыған, жалғасқан. Қойыртпақ - әр нәрсені араластыру, шатпақтау.	<table border="1"> <tr> <td>Бағалау өлшемдері</td> <td>1</td> <td>2</td> <td>3</td> </tr> <tr> <td>Тақырыпты толық біледі, баяндай алады.</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Тапсырманы өз бетімен орындай алады.</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Тақырыпты игере отырып, өз пікірін толық айтды, дәлелдейді.</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Өтілген тақырыптан ой тұю</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Қорытынды:10-12 ұпай – «5», 7-9 ұпай- «4», 5-6 ұпай – «3»</p> <p>Интербелсенді тақтада көрсетіледі, оқушылар дәптерлеріне түсіріп алады.</p>	Бағалау өлшемдері	1	2	3	Тақырыпты толық біледі, баяндай алады.				Тапсырманы өз бетімен орындай алады.				Тақырыпты игере отырып, өз пікірін толық айтды, дәлелдейді.				Өтілген тақырыптан ой тұю			
Бағалау өлшемдері	1	2	3																			
Тақырыпты толық біледі, баяндай алады.																						
Тапсырманы өз бетімен орындай алады.																						
Тақырыпты игере отырып, өз пікірін толық айтды, дәлелдейді.																						
Өтілген тақырыптан ой тұю																						
	Басқа қандай әндердің шығу тарихын білесiңдер?	Оқушылар халық әндерiнiң шығу тарихын зерттеп келедi, сыныпта талқылайды.																				
	Венн диаграммасы. С.Мұқанов. «Есiл бойында» Ж.Аймауытов. «Әншi»әңгiмесi	Оқушылар айырмашылығы мен ұқсастықтарын көрсетедi.																				
Қорытындылау	Қорытындылау Ой толғанис – қиялдағы қозғалыс. «Менiң шығармадан алған әсерiм» тақырыбына ойтолғау жазу.	Оқушылар жеке орындайды.																				

А.КИСТАУБАЕВА,
Т.Г.Шевченко атындағы
орта мектеп.
 Ақтөбе облысы,
 Әйтеке би ауданы

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. "ЕҢЛІК-КЕБЕК" ДАСТАНЫ

Негізгі идея: Шәкәрім туралы көп мәлімет алады. Поэмамен таныса отырып, дастанның тақырыбын аша алады, өз ойларын, пікірлерін еркін жеткізе алады. Поэманың композициялық құрылысына талдау жасай алады. Ақынның шығармаларынан сусындаған әр шәкірттен ойы озық, өресі биік тұлға қалыптасады.

Оқу мақсаты: поэманың тақырыбы, идеясын таныту. Көркемдік ерекшелігін анықтау. Бүгінгі заман тынысымен салыстыру, ой айту. Ақын дастанын оқи отыра, оқушыларды еркін сөйлеуге, сыни ойлауға үйрету, шығармашылықпен жұмыстануына ықпал ету, елжандылыққа, патриоттыққа тәрбиелеу.

Табыс өлшемі

Барлық оқушылар:		Оқушылардың көпшілігі	Жекелеген оқушылар
Сабақ кезеңдері	Уақыты	Мұғалім не істейді?	Оқушылар не істейді?
Ұйымдастыру кезеңі	3 мин.	Сергіту сәті, сәлемдесу Қазақтар-қол алысады. Италияда – құшақтасады. Бразилияда-бір-бірінің иығын қағады. Зимбабада-арқасымен Македонияда-шынтакпен Никарагуада – иықпен Австралияда-шапалақ, секіру.	Сынып оқушылары бір-бірімен сәлемдеседі, шын жүректен тілегін айтады. Сынып оқушылары қима қағаздарға жазылған ақынның өлеңдері мен дастандары арқылы топқа бөлініп топтасады.

		Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. «Жаксы сөз...» тренингін өткізу. Қима қағаздарға жазылған ақынның өлеңдері, дастандары арқылы сынып екі топқа бөлінеді. Бүгінгі сабақ барысында орындалатын тапсырмаларға сәйкес бағалау парағын дайындап, топ көшбасшыларына беру. Оқушылардың қатысуымен топтың ережесін қабылдау. Топтың ережесін тактаға іліп қою.		
Қызығушылықты ояту	5 мин.	Адам үшін - еңбегім, Өмірден барлық тергенім. Қалағаның карап ал, Мұрам сол, жастар, бергенім,- деп, Шәкәрім өзі айтқандай, ақын ұрпағына рухани азық боларлық мол мұра қалдырды. Өткен сабағымызда ақынның өмірі мен шығармашылығына шолу жасаған болатынбыз. Үй тапсырмасын тексеру. «Қалам стол ортасында» әдісімен сұрақтар қою арқылы оқушылардың үйге берілген тапсырма бойынша Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығы туралы не білетіндерін анықтау.	Оқушылар үйге берілген тапсырмалар бойынша білгендерін ортаға салады. «Қалам стол ортасында» әдісі бойынша сұрақтарға жауап береді.	Қаламдар, жұлдызшалар, А-3, маркер, түрлі-түсті қағаздар
Негізгі бөлім	25 мин.	Ұлы ғұлама ойшылдың өмірі мен шығармашылығы және «Еңлік-Кебек» дастаны жайында бейнебаян көрсетіледі.	Оқушылар ақын туралы бейнебаян тамашалайды.	

	<p>Оқулық бойынша ақынның «Еңлік - Кебек» дастанын және дастан туралы қосымша екі топқа өз беттерінше оқуға мәтін беріледі. Оқушыларға алдыменен жеке, сосын жұпта, содан кейін барып топта талқылатады.</p> <p>«Көршіңе әңгімелеп бер» әдісімен жұмыстандырады. Әрбір топ мүшелері топ ережесін сақтай отырып, бірінің айтқанын бірі қайталамай оқулықта берілген мәтін бойынша әңгімелейді.</p> <p>Бағалау парақшасына топ мүшелеріне бағалатады.</p> <p>«Алты қалпақ» әдісімен оқушылар өз ойларын, поэмдан не түсінгендерін ортаға салады, қорытындылатады. Бүгінгі сабақта меңгерген білімдерін қазіргі өмірмен байланыстырып, «Алты қалпақ» әдісімен жұмыстандырады.</p> <p>1-қадам: сыныпты 2 топқа бөліп, әр топ қалаған қалпағын «өлшеп көріп» берілген проблема бойынша өз көзқарастарын айтады: «Ақ қалпақ» - статистикалық (поэманың жазылу тарихы, қашан, қайда?) «Сары қалпақ» - сәттілік (поэмадағы сәтті кезеңдерді айтады) «Қара қалпақ» - сәтсіздік (қос ғашық басындағы трагедиялық жағдай, сәтсіз тұстарын айтады.) «Көк қалпақ» - аналитикалық (Неге? Не үшін? Кім кінәлі? деген сауалдарға жауап іздейді, барлық топтың пікіріне талдау жасайды.) «Жасыл қалпақ» - шығармашылық (жаңаша идеялар мен болжамдар жасайды. Театрланған көрініс: бүгінгі заман Еңлігі мен Кебегін сомдау.</p> <p>«Қызыл қалпақ» - сезімтал (топ тақырыпты оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды. Поэмдан алған сезімдерін өлеңмен өру. Ескілік қоғамға лағынет айтып, жарқын болашаққа үміт арту).</p> <p>2-қадам: әр топтың жасаған жұмысы барысында қалпақ түріне байланысты атқарған қызметі бойынша жұмыстарын бағдаршам арқылы бағалатады.</p>	<p>Оқулықпен жұмыстанады. Берілген қосымша материалдармен танысады. Жеке, жұпта, топта қарастырады. «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісімен топтың алтын ережесін сақтай отырып, жұмыс жасайды. Оқушылар «Алты қалпақ» әдісімен жұмыстанады. Оқушылар бір-бірін бағдаршам түстері арқылы бағалайды. Оқулықпен жұмыстанады. Берілген қосымша материалдармен танысады. Жеке, жұпта, топта қарастырады. «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісімен топтың алтын ережесін сақтай отырып, жұмыс жасайды. Оқушылар «Алты қалпақ» әдісімен жұмыстанады. Оқушылар бір-бірін бағдаршам түстері арқылы бағалайды.</p>	<p>Бейне-баян, оқулық, мәтіндер, маркерлер, бағалау парақшасы, флип-чарттар. Маркер, түрлі-түсті қағаздар, бағдаршам</p>
--	--	--	--

Ой-толғансы	5 мин.	<p>«Кубизм» әдісімен бүгінгі сабақта меңгерген білімдерін қорытындылап, пысықтайды.</p> <p>1. Суретте - Поэмадағы Еңлік пен Кебек бейнесін суреттеп бер.</p> <p>2. Зертте - Ру адамдары неліктен екі жасты өлімге бұйыратынын дәлелде.</p> <p>3. Салыстыр - Сол ескі заман мен қазіргі заманды салыстыр.</p> <p>4. Анықта - Еңлік пен Кебек бейнесі қандай образға жатады?</p> <p>5. Ізден - Шығармадағы салт - дәстүрді тап. Мен де кедей емес, байға берген, Күйеуім өткен жазда ұрын келген.</p> <p>6. Талда - Шығарма құрылысына талда.</p>	Екі топтың оқушылары «Кубизм» әдісі бойынша тапсырмалармен жұмыстанады.	Кубик
Бағалау	2 мин.	Бағалау парағы арқылы оқушылардың өлшемдер бойынша бағалауынан қорытынды бағаны шығарамын.	Топ басшысы дискрипторлардағы ұпай санын қосып, топ мүшелерін бағалайды.	Дискриптор
Кері байланыс	3 мин.	«Лайк. Репост. Пікір» кестесімен рефлексия жасатады. Рефлексия: «Лайк. Репост. Пікір» (тақтаға іледі) Сабак ұнаса лүпіл (лайк) басыңыз. Құнды ақпарат алсаңыздар, таратыңыз. Сабак жөнінде өз пікіріңізді (комментарий) қалдырыңыз.	Пікірлерін айтады, рефлексия жасайды.	Стикер, «Лайк. Репост. Пікір» рефлексия парағы.
Үйге тапсырма	2 мин.	"Жырдан алған әсерім" тақырыбына эссе жазып келу; поэманы толық оқып келу.	Күнделіктеріне жазады.	Күнделік

С.ЕШОВА,
Алматы мемлекеттік
политехникалық
колледжі.

СӘКЕН ЖҮНІСОВТІҢ «АҚАН СЕРІ» РОМАНЫ

Мақсаты: білімділік-оқушыларға Сәкен Жүнісов өмірі мен шығармашылық жолы туралы мәліметтер бере отырып, атақты әнші Ақан сері жайында білімдерін тиянақтау; дамытушылық-көркем мәтіннен дәйексөз іздестіру дағдыларын, шығармашылық ойлау қабілеттерін, пікір айта білу, дүниетанымы, көзқарастарын жетілдіру, өз беттерімен шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-Отанды, туған жерді сүйеге, эстетикалық сезімдерін, сұлулық, әдемілік, өнерді бағалай білу, түсіне білу, әдептілікке тәрбиелеу. Түрі: іздендіру сабағы. Типі: өз бетінше білім жинақтау, шығармашылық зерттеу.

Оқыту технологиясы: СТО технологиясының "Кубизм", "Блум жүйесі", "ВЕНН диаграммасы", "Концептуалдық кесте", "ДЖИКСО", "Екі жақты күнделік" "Тірек сөздер", "Шығарма кестесі" стратегиялары.

Оқыту әдісі: сұрақ-жауап, проблемалық сұрақтар, шығармашылық ізденіс, кітаппен, топпен жұмыс, эвристикалық оқыту, көркем тілін дамыту (жазбаша), пікір айта білу.

Көрнекілігі: Сәкен Жүнісов, Ақан сері, Ілияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов, Мағжан Жұмабаев портреттері, шығармалары, XIX ғасыр Қазақстан картасы, бейнетаспа, Ақан сері әндері жазылған дискілер, сабаққа қажетті слайдтар.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, қазақ тілі, география, арнайы пәндер.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезені, оқушылармен сәлемдесу.

Оқушылардың зейінін сабақ мақсатына жұмылдыру. Оқытушының кіріспе сөзі.

Студенттер 2 топқа бөлінеді.

1-топ: Әдебиетшілер.

2-топ: Зерттеушілер.

I. Қызығушылықтарын ояту - Эвокация.

1-топ: Әдебиетшілер.


Автортану. Бейнетаспадан қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар жазушы Сәкен Жүнісов жайында өмір деректерінен мәліметтер беріледі («Қазақстан» телеарнасында көрсетілген жаңалықтар топтамасынан алынған).



С.Жүнісов өміріне хронологиялық түсінік.

2. Мағынаны тану - Реализация.

1-топ: Әдебиетшілер.

С.Жүнісовтің шығармалары «Жапандағы жалғыз үй», «Аманай мен Заманай» романдарын «Шығарма кестесі» стратегиясы бойынша талдап, "Ақан сері" романына тоқталады.





"Кубизм" стратегиясы бойынша "Ақан сері" романы талданады.

1. «Ақан сері» романының тарихы.
2. Шығармалары.
3. Салыстыру.
4. Үзінді жазу.

5. Қарсы пікір.

6. Елестету.

Топтық жұмыс. Романның "Қаратал қойнында" бөлімі ДЖИК СО стратегиясы бойынша Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам жолдауы аясында мамандығымен байланысты жүргізіледі.

ДЖИКСО немесе Бедерлі пышқы стратегиясы - ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты: жалпы мәселені алдымен жұпта сосын ұжымда талқылау. Қолданылуы: Алдымен сынып 4 топқа бөлініп отырады – бұл жұмыс немесе бастапқы топтар деп аталады. Мәтін немесе тапсырма 4 бөлікке бөлініп дайындалады. Бірдей мәтін бөлігін алған оқушылар енді эксперт немесе жанұя топтарын құрады, яғни эксперт топтар басқа топ құрады, мәтіннің бірдей бөліктерін талдайды.

Төрт логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін бірінші, 2-бөлігін екінші, 3-бөлігін үшіншілер, 4, 5-бөліктерін- бесінші және төртінші топқа бөлінетін оқушылар алады. Бастамас бұрын бастапқы топтардағы мәтінді мұқият меңгеру қажет себебі жанұя топтарға түсіндіруге жауапты екенін түсіну керек. Келесі кезекте бастапқы топтар қайта табысып, үйреніп келген бөліктерінің мазмұнын ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін – бірі оқытуға, сол арқылы ойлануға үйренеді.

ДЖИКСО немесе Бедерлі пышқы стратегиясы тақырыптың мазмұнын жақсы меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді әдіс.

2-топ: Зерттеушілер. Романның көркемдік ерекшелігіне тоқталады(троп түрлері).

10 м.

1-топ: Әдебиетшілер Топтық жұмыс. "Ақан сері" романының "Барымта лаңы" бөлімі "Құлагер" поэмасындағы "Қара күш" тарауы, Абайдың "Аттың сыны" өлеңімен

байланыста айтылады.

2-топ: Зерттеушілер. "Ақан сері" романын "Блум" жүйесі арқылы бекітеді.

«Ақан сері» романы

Білім	Мен Сәкен Жүнісовті танып, «Ақан сері» романын оқып білімімді алға қарай жеткізуге, дамытуға мақсат қойдым
Түсінік, ұғу	Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романын түсіндім. Роман XIX ғасырдың аяғындағы қазақ қоғамының бірқатар бедерлі тірлігін алға тартқан. Бұл романда бір-біріне ұқсамайтын образдар, ит жүгіртіп, құс самғап аңшылық өнер, табиғат көркі, күн көріс, салт-сана, әдет-ғұрып, қараңғы қауымды билеп-төстеушілер анық айқындалып көрсетіледі.
Қолдану	Мен бұл романды І. Жансүгіров, Ғ. Мүсіреповтің шығармаларымен салыстыра айтар едім.
Анализ	Романды оқи отырып, біз өз жеріндегі салты мен, әдет- ғұрпын бұза алмай өз бақытынан бас тартқан қазақ қыздарын көреміз.
Синтез	Романда жазушы сол замандағы халықтың жағдайын, қазақ қыздарының бостандықты аңсауын сипаттайды. Ақан серінің адалдыққа құштарлығы, ізгілікке ұмтылысы баяндалады.
Баға	Роман - кең тынысты күрделі роман екені көрініп тұр. Сол кездегі қоғамды анық айқындап, жеткізе білді деп ойлаймын
Коррекция	Маған бұл роман қатты ұнады. Сол кездегі шындықты, мейірімсіздікті суреттейтін шынайы роман екенін көрсетті.

3. Ой толғаныс-Рефлексия.

"Тірек сөздер" стратегиясы – роман мазмұнына сай тірек сөздер беріледі. Оқушылар тірек сөздердің ретін бұзбай әңгіме немесе мәтін құрастырады. Мәтін құрастыру кезінде логикалық ойлау іске қосылады. Әңгіменің мазмұнын жұпта, топта ақылдасады. Оқушының сөздік қоры, тілі, қиялы дамиды. Бұл әдіс мазмұндама және шығарма жазуға жақсы дайындық (дәптермен жұмыс).

Тірек сөздер: Ақан сері, қоғам, адамгершілік, махаббат, Құлагер, мейірімсіздік.

4. Үйге тапсырма. "Екі жақты күнделік" стратегиясы (Адалдық пен шыншылдық мазмұнындағы эссе). 1м.

Романнан алған әсерім	Несімен әсер етті
-----------------------	-------------------

5. Білім бағалау.

**ДИРСАЛИЕВА,
№11 «Манкент» жалпы орта мектебі,
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Сайрам ауданы,
Манкент ауылы**

І.ЖАНСУГІРОВТІҢ «АНАМ ТІЛІ», «ДОМБЫРА» ӨЛЕҢДЕРІ

Мақсаты: І.Жансүгіровтің «Анам тілі», «Домбыра» өлеңдерін қайталай отырып, түсініп оқуға, ойын жеткізе білуге үйрену арқылы, сөйлемді дұрыс құруға, ой-қиялын тиянақтай білуге дағдыланады.

Сабақтың нәтижесі: әңгіменің негізгі идеясын түсінеді, білім, білік дағдылары қалыптасады. Сөйлеу тілдері дамиды.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және кө

Уақыты	Сабақтың кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау	Қолданылатын ресурстар
10 минут	Кіріспе	Сыныпта жағымды органы қалыптастыру, «Саяхат» әдісі арқылы топқа бірігеді. Үй тапсырмасын сұрау. Б. Майлиннің «Гүйебай» әңгімесі.	Сергиді, топтасады.	«Басбармақ» әдісі	

12 минут	Таныстырылым	Әкесі өзінің бойындағы өнерінің бәрін баласына үйретгі: жазуды, оқуды, етік тігуді, домбыра тартуды, қоныр дауыспен ән салуды. Зерек, ұғымды бала әкесі сықылды халқының ән-жыр, күй өнерін сүйеді, оларды жанымен беріле зерттейді. Халықтың бай ауыз-әдебиет үлгілерін жағтап өседі. Көптеген өлеңдері жастарға арналған. «Жас бұлбұлдарға», «Жалпы жасқа», «Жастар», «Жастар ұраны» сияқты өлеңдерінде жастарды оқуға, өнер-білімге шақырады. Мұхаметжан Қаратаев «Анам тілі» өлеңі Қадірлі, /бағасы алтын /анам тілі, -а Сенімен /бағаланған/ балаң түрі. -а Төрт бөліп/ түн ұйқысын /жұбатам деп, -б Сенімен /әлдилеген /анам мені. -а 11 буында кара өлең ұйқасы Сөздіктен жұмыс. Алкәусар- жұмақтағы зәмзам суы, мөлдiр де дәмдi су деген мағынада. Домбыра-қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма- күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. «Домбыра» өлеңі.	«Түртіп алу» стратегиясы Жеке жұмыс жасайды.	Ауыша мадақтау	Оқулық Әдебиет, 6-сынып авторлары:
18 минут	Негізгі бөлім	Әдебиет теориясы. Дамыту (градация)- алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата түсу. Тапсырма. «Домбыра» өлеңін кесте бойынша талдаңдар.	Жеке кабинеттеріне қарай тапсырмалар беру.		Оқулық

			<table border="1"> <tr> <td data-bbox="125 943 217 1135">Ақын суреттеуінде</td> <td data-bbox="217 943 411 1135"> Тілден анық үн Күші мол Төгілді жыр Ат шапқандай жер қайысқан Сынырады әсем күй Сел қаптанған дыбыстай Жерді шу басты Алақтап ақты күй ығыранды домбыра </td> </tr> <tr> <td data-bbox="125 843 217 943">Менің нұсқам</td> <td data-bbox="217 843 411 943"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="125 728 217 843">Қорытынды</td> <td data-bbox="217 728 411 843"></td> </tr> </table>	Ақын суреттеуінде	Тілден анық үн Күші мол Төгілді жыр Ат шапқандай жер қайысқан Сынырады әсем күй Сел қаптанған дыбыстай Жерді шу басты Алақтап ақты күй ығыранды домбыра	Менің нұсқам		Қорытынды		Постермен жұмыс жасайды.		
Ақын суреттеуінде	Тілден анық үн Күші мол Төгілді жыр Ат шапқандай жер қайысқан Сынырады әсем күй Сел қаптанған дыбыстай Жерді шу басты Алақтап ақты күй ығыранды домбыра											
Менің нұсқам												
Қорытынды												
5 минут	Қорытынды		Кері байланыс орнату. Әлі тоймадым...қорықта алдым. ...аса тойдым. Егер... қоссаңыз жақсы болар еді. (стикер арқылы) Үйге тапсырма беру: 1. “Домбыра –қазақ халқының ұлттық аспабы” тақырыбына эссе жазу. 2. Өздеріңе ұнаған бір өлеңді жаттап алыңдар. Оқушыларды бағалау.	Оқушылар мен мұғалімдер стикерге жазып кері байланыс береді.	Топтық бағалау.	Мұғалімнің бағалауы Оқулық, қосымша материалдар.						

О.АБДУЛХАНОВА,
№19 жалпы орта мектеп.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Түркістан қаласы

ЖАҚСЫЗ СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

Мақсаты: білімділік-жақсыз сөйлем туралы мағлұмат беру, ерекшелігін, жасалу жолдарын талдап түсіндіру. Жаттығулар барысында сөйлемді ажырата білу; дамытушылық-тапсырмаларды орындау, жаттығумен жұмыс барысында оқушының ізденуі зерттеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-сабақ барысында мәдениетті сөйлеуін қалыптастыру, ізгілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- тақырыпты меңгеріп, алған білімдерін өмірде пайдалану.
- Ұжыммен бірлесіп, жұмыс жасауды үйрену.
- Пікір алмасу, өз ойларын жеткізе білуге дағдыландыру.
- Өз-өзіне әділ баға беру.

Көрнекілігі: слайд, сурет, интерактивті тақта, плакат.

Түрі: білімді дағдыға айналдыру.

Әдісі: сұрақ-жауап, пікір алмасу, тест.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, биология, халық педагогикасы.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру.

Қызығушылығын ояту: сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, сабаққа дайындық барысын қадағалау. Оқушылардың бір-біріне жылы лебіздерін жолдауы.

Үй тапсырмасын сұрау.

1. Өтілген тапсырмалар бойынша сұрақтар қойылады.

1. Жақты сөйлем дегеніміз не?

Жақты сөйлем дегеніміз – бастауышы бар, жасырын тұрғанда да баяндауышы арқылы табуға болатын сөйлем.

Мысалы: *Ауа райы салқындай бастады.*

2. Бастауышы айтылмай қалған жағдайда оны қалай табуға болады?

Бастауыш айтылмай қалған жағдайда баяндауыш арқылы табуға болады.


Мысалы:

- Сәуле келді ме, апа?

- Ия, бүгін келді. (Бұл сөйлемде «ол» деген бастауыш айтылмай тұр)

Жай сөйлемнің құрылымы мен көлемі жағынан қандай түрлері бар?

Слайд бойынша сөйлемдерді түсіндіру.



Жаңа сабақ.

Миға шабуыл. Мұғалім жаңа сабақты түсіндіреді.


- Бүгінгі өтетін сабағымыз- «Жақсыз сөйлем». Балалар, біз бастауыш *Кім? Не? Кімдер? Нелер?* ал баяндауыш *Не істеді? Қайтты? Негылды?* сұрақтарына жауап беретінін білеміз. Жақсыз сөйлемді білу үшін

өткен тақырыптарды есімізге түсіріп көрейік.

Көсемше дегеніміз не? Оның жұрнақтарын атаңдар.

- Етістіктің бір түрі. Негізгі қимылды білдіреді.

Оның жұрнақтары мыналар:



Мысалы: *Бейсенбай ата немересіне мейірлене қарады.*

2. Етістіктің қалау райы жұрнақтарын айту.

Қимыл әрекеттің иесінің қалайтынын білдіреді.

Жұрнақтары -ғы, -гі, -қы, - кі.

Мысалы: *Менің оқығым келеді.*

3. Тұйық етістік – у

Мысалы: *Өз ұлтын сүйетін азамат болу.*

4. Тұрақты сөз тіркесі.

Екі үш сөзден тіркесіп бір ғана мағынаны білдіретін сөздерді айтамыз.

Мысалы: *Көзді ашып жұмғанша* (лезде)

Ит өлген жерде (алыста)


Жақсыз сөйлем жасауға осы етістіктер көмекке келеді.

Мағынаны тану.

Тілде сөйлеушіге немесе тыңдаушыға істі істеушінің кім екендігін дәлдеп көрсету қажеттігі болмайтын, тек іс-әрекетті хабарлап қоятын сөйлемдер болады. Кейбір сөйлемдерде бастауыш мүлдем болмайды. Баяндауыштың өзі сөйлемге негіз болып тұрады. Мысалы: *Менің оны тыңдағым келмеді.* (Бұл сөйлемде баяндауышы негіз болып тұр. Сондықтан жақсыз сөйлем болады.)

Баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болатын жай

сөйлемнің түрін жақсыз сөйлем дейміз.



Мысалы:

1. *Менің тыңдағым келмейді.* (Баяндауышы қалау райынан жасалады)
2. *Жазғанынан ештеңе ұғып болмайды* (Жақсыз сөйлем, көсемше арқылы)
3. *Теледидардан көруге болады.* (Жақсыз сөйлем, тұйық етістік + барыс септік арқылы)
4. *Командирге тіл қайыруға болмайды.* (Баяндауышы тұрақты сөз тіркесі)
5. *Біздің кездескеніміз жөн.* (Жақсыз сөйлем бейтарап етістіктерінен жасалуда)

Барлық келтірілген мысалдарда баяндауышы негіз болып жақсыз сөйлем жасалуда.

Ой толғау.

101-жаттығу. Жақты сөйлемді талдау. Жақсыз сөйлемдерді түсіндіру.

Парламенттің жалпы отырысына үкімет басшысы Кәрім Мәсімов қатысып отырды. Аталмыш басқосуда ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Орал Мұхамеджанов баяндама жасады. Мюлгаузен дивизия командиріне хабарласқысы келді. Бір күні үлкен баласы жерден пайда кәсіп қылуға талап етіп, өзіне тиген

ешкісін сойып алып, етінен кемпір мен шалға бір түйір де берместен, арқалап кетіпті. Бұл бала өнер үйренуге жалданыпты. Өнерші бай өте жауыз адам екен.

Кітаппен жұмыс. 104-жаттығу.

Оқшау сөздерге сөйлем жазу	Мысалы
Қаратпа сөз	Осы айтқаным сеніңіші, апа.
Қыстырма сөз	Мүмкін, туыстары бүгін келіп қалар.
Одағай сөз	Түу, мыны баланың өнерін-ай!

Сергіту сәті: Құрманғазының күйі «Балбырауын».

Топпен жұмыс: (үш топқа бөлу). Көшбасшы сайлау.

1. «Қыран» тобы.
2. «Сұңқар» тобы.
3. «Тұлпар» тобы.

Тақтада құмырсқа суреті ілінеді.

Мұғалім: -Сендер құмырсқа туралы не білесіңдер?

Оның қандай түрлері бар? (Олардың бірнеше түрлері бар)

Қандай жазушылардың әңгімелерінде құмырсқа туралы жазылған? (Абай және Ы.Алтынсарин әңгімелерінде)

Тапсырма: - Постер салу. (Құмырсқа туралы)

- Көпшілікке салған суреті туралы қорғау
- Мәтін жазу, жақсыз сөйлемдерді қолдану

Ой толғау:

«Қыран» тобы:-Күн ыстық. Далада ағам екеуіміз ағаштарға су құйып жүргенбіз. Біраз тасыған соң демалып отырсам, аяғымды бір нәрсе шағып алды. Қарасам құмырсқа екен. Орнымнан тұрып екінші жерге ауыстым. Сол жерде мен бірнеше құмырсқаны басып кеткен екенмін. Осыны білген әлгі құмырсқа, мені әдейі шаққан-ау! Олар - өте ұйымшыл жәндіктер. Бір-бірін қорғап жүреді. Олардың ынтымағын үйренгім келеді.

«Сұңқар» тобы:- Еңбек етуді құмырсақадан үйрену керек. Олар күндіз таң атқаннан, кеш батқанға дейін дән тасиды. Еңбек етпей, бос жүрген құмырсақ көрмейсің. Біреуі асқабақтың дәнін тауып алып, соны илеуіне жеткізуін ойлайды. Бірақ, күші жетпейді. Осындай уақытта бірнеше құмырсақалар оның жанынан табылады. Өлгі дәнді бәрі жұмыла көтеріп, илеуіне жеткізеді. Міне кішкентай жәндіктердің тынымсыз тіршілігі осындай.

Абай атамыз айтқандай:

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей».

Еңбек етеуді құмырсақадан үйрену керек. Еңбек – бәрін де жеңбек.

«Тұлпар» тобы:-Құмырсақалардың жер астында илеуі болады. Ғалымдар дәлелдегендей илеулері бірнеше бөлмеге бөлінеді: асхана, жатын бөлме, балалар бөлмесі. Аналық құмырсақ илеуде жатады. Ал балалар сыртқа шығып, азық-түлік әкеледі. Олардың біреуі- күзетші, екіншісі-жұмысшы қызметін атқарады. Құмырсақа иіс сезу мүшесі жақсы дамыған. Олар 200 м қашықтықтан дәннің иісін сезеді. Оларға қарап ауа райын да болжауға болады. Құмырсақалар илеуден ұзап шықса, күн ашық болады. Олар көрінбей жүрсе немесе 3-4-і ғана сыртта жүрсе, жақын арада жауын жауады.

Постер бойынша әр топ құмырсақ суретін салады, оны қорғайды, жоғарыда топтардың жазған мәтіндерін жариялап отырмыз.

Ой толғаныс. Тест.

1. Орфографиялық нормаға сай жазылған сөзді тап.

- а) оң гөзі;
- б) сарарқа;
- с) ом бес;
- д) балмұздақ;

е) күндүз.

2. Бірігу арқылы жасалған күрделі үстеу:

- а) жоғары-төмен;
- б) күні бүгін;
- с) бұрын;
- д) тотыдайын;
- е) биыл.

3. Жақты сөйлемді тап:

- а) Жаз мезгілі;
- б) Біздің көбірек білуіміз керек.
- с) Кемсеңдеп жылап отыр.
- д) Бұл-Әмір білім алған мектеп.
- е) Оның әнші болғысы келеді.

4. Қаратпа сөзді тап:

- а) Туған жердей жер болмас.
- б) Электр шамдары самсаған.
- с) Сірә, қар жауар.
- д) Бас болмақ оңай, бастамақ қиын.
- е) Қайдан келдің, бауырсақ?

5. Жақсыз сөйлемді тап:

- а) Қорқақ көлеңкесінен де қорқады.
- б) Сендер менің дарыныма жел берген.
- с) Біз уақыттан ұтуымыз керек.
- д) Қыс мезгілі.
- е) Машина келіп тоқтады.

6. Байланысу түрлерін табу. Қабыса байланысқан сөз тіркесі:

- а) аттың жаманы;
- б) зорға келді;
- с) шыр-шыр етеді;
- д) ағаш құлады;
- е) алтын адам.

7. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар:

- а) -ды, -ді, -ты, -ті;
 б) -сыз, -сіз, -қыз, -ғыз;
 с) –ған, - ген, - қан, - кен, ғана;
 д) –мен, - бен, - пен;
 е) –ма, - ме, - ба, - бе, - па, - пе.

8. Сөйлемнің түрін анықтаңыз: *Отаным үшін аттанам.*

- а) жақты сөйлем;
 б) жайылма сөйлем;
 с) жақсыз сөйлем;
 д) толымсыз сөйлем;
 е) атаулы сөйлем.

9. Омоним болатын сөзді тап:

- а) терезе;
 б) кесе;
 с) су жүрек;
 д) оқтау;
 е) қызыл.

10. Тұйық буынмен біткен сөзді табыңыз:

- а) Фараби;
 б) Жұмабаев;
 с) Жамбыл;
 д) Адамдық;
 е) Абай.

№	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жауабы	Д	Е	Д	Е	С	Е	Д	А	Д	Б

Қорытындылау. Жаңа сабақ бойынша сабақты қорытындылау.

Бүгінгі сабақта, нені үйрендіңдер?

Бұл сабақтан қандай әсер алдыңдар?

Жақсыз сөйлем жасаудың жолдары қандай? (Сұрақтың жауаптарын спикерге жазу.)

Бағалау. Үйге тапсырма беру.

Ж.УТЕШҚАЛИЕВА,
Жанабұлақ орта жалпы
білім беретін мектебі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Ақжайық ауданы

МЕЗГІЛ БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС

Максаты:	1. Мезгіл бағыныңқы сабақтас ережесін меңгерту; 2. Жасалу жолын ажыратып, талдау деңгейлерін қалыптастыру; 3. Оқушының өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту. 4. Жер, ел деген қасиетті ұғымды қастерлеуге, Отанды қорғау- ата-бабаларымыздың ұлы ісі болғанын сезінуге, алтын уақыттарын орнымен жұмсай білуге тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтижелер:	1. Мезгіл бағыныңқы сабақтас ережесін меңгереді; 2. Жасалу жолын ажыратады, талдау деңгейлері қалыптасады; 3. Тіл байлықтары дамиды.	
Сабақта қолданылатын өзара байланысты модульдер	СТО, оқыту үшін бағалау, көшбасшылықты анықтау, АКТ.	
Керекті жабдықтар	топтау сызбасы, шығармашылық тапсырмалар.	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңдері	Мүғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	Психологиялық дайындық тренинг: «Өсіп тұрған гүлдейсін» Топтасу. 1. Бақбақ. 2. Бәйшешек. 3. Қоңырауғұл.	Топтасу
Тұсаукесер	Сабақтың ұраны: Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық. Оқығанды көңілге, Ықыласпен тоқылық... Ы .Алтынсарин Өтілген тақырыптарды қайталау Қайталау-білім жемісі «Миға шабуыл». Әр оқушыға лездеме сұрақ қою, «иә», «жоқ» деп жауап беру керек Қызығушылығын ояту. 1. Салалас құрмалас сөйлем баяндауыштары тиянақсыз ба ? 2. Сабақтас құрмалас сөйлем мағынасына қарай 8-ге бөліне ме?	Топтық жұмыс, топтық бағалау. Жаңа мәлімет алады.

А.ТҮҢҒАТАРОВА,
Есір Айшуақұлы
атындағы орта мектеп.
 Маңғыстау облысы,
 Маңғыстау ауданы,
 Жыңғылды ауылы

Негізгі бөлім	<p>3. Және, да, де – жалғаулықтары арқылы түсіндірмелі салалас жасала ма? 4. Жай сөйлем жақты, жақсыз деп баяндауыштың қатысына қарай бөліне ме? 5. Не, Я, Яки талғаулы салалас жалғаулықтары ма? 6. Синтаксис тыныс белгілерді зерттей ме? 7. Сабақтас құрмалас сөйлем баяндауышы тиянақсыз ... 8. Алайда, бірақ, дегенмен себеп-салдар салалас жалғаулығы ма? 9. Шартты бағыныңқы сабақтас – са,-се жұрнақтары арқылы жасала ма? 10. Түсіндірмелі салалас сілтеу есімдіктерімен жасала ма? 11. Тұрлаусыз мүшелер 6-ға бөлінеді? 12. Атаулы сөйлем сөйлем мүшелеріне талдана ма? 13. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас алайда, дегенмен жалғаулықтарымен жасалады... 14. Сабақтас құрмалас өзара тең дәрежеде байланысады... 15. Талғаулы салаласта іс- әрекеттің тек біреуі жүзеге асады. 188-191-жаттығулар. Постер қорғау. 1. Шартты бағыныңқы сабақтас сөйлем - I топ 2. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас сөйлем - II 3. Мезгіл бағыныңқы сабақтас құралас сөйлем-III Терме диктант. Талдау-табыс кілті. 1. Ақындар шай ішіп болған соң, домбырасының құлағын бұрай бастады. 2. Ұлпан ас піскенше шошаладан қайтқан жоқ. 3. Есеней қайтыс болғалы, Сыбан деген елде қобалжу бар еді. 4. Махмұт дүкеннен шыққан кезде, төменгі жақтан бір топ оқушы саппен жүріп келе жатты. 5. Балалар келесі құмнан өткенше, үнсіз отырды да қойды. Оқулықпен жұмыс 190-жаттығу. Үлгі: Аңшылар «Әулиенің» басына шыққанда, қыстың күні ақ қарлы, қалың қатпар жоталарда қызыл иектеп, сәуле шашты. (Берілген сөйлемдерге талдаулар жүргізу) - Үш топқа бір-бір сөйлемнен. - Фонетикалық талдау. - Морфологиялық талдау. - Синтаксистік талдау. Шығармашылық жұмыс. I топ: «Біз Тәуелсіз елдің ұланымыз». II топ: «Аналарға мың тағзым». III топ: «Мен өмірге ризамын».</p>	
Қорытынды		
	<p>(Берілген тақырыптарға топ мүшелері бірігіп эссе жазады, бір оқушы бастап, қалғандары жалғастырып мәтінді аяқтау керек, бір жұмыс тыңдалады.) Сұрақ-жауап әдісі арқылы сабақ бекітіледі. Қоятын сұрақты оқушылар өздері дайындайды. Рефлексия. I. Үйге тапсырма: Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлем ережесі, көркем-әдеби шығармалардан мысалдар жазып келу II. Топтық бағалау.</p>	

ТАСЫМАЛ

(5-сынып)

Мақсаты: білімділігі-оқушылардың бұрыннан білетін білімдерін кеңейту, нақтылау; дамытушылығы- өз бетінше іздену, топта жұмыс істеу, өз көзқарастарын дәлелдеп қорғай білу қабілеттерін дамыту; тәрбиелілігі- аңғарымпаздыққа, ананың ұлы махаббатын қадірлеу. Түрі: жаңа сабақты меңгерту. Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, іздену, шығармашылық жұмыс. Көрнекілігі: интерактивті тақта, тірек сызбалар, қима қағаздар. Пәнаралық байланыс: әдебиет, биология.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру (қима қағаздар арқылы топқа бөлу).

II. Психологиялық дайындық.

III. Жаңа сабақ. Қызығушылығын ояту.

Жасырынған сандармен тақырыпты ашу.

25	1	24	37	17	1	16
----	---	----	----	----	---	----

Түсіну. Тақырыпты оқушыларға іштей оқыту, постер қорғау.

IV. Жаттығулар жұмысы. Кітап-досың, ақылшың.

311-жаттығу. Көктем тобына: Сол жұмыртқаның бірінен барақ шығады екен. Наурыз тобына: Екінші тұқымынан бүркіттің балапаны шығады екен.

V. Сергіту сәті.

VI. Семантикалық карта.

Сөздер	Тасымалданады	Тасымалданбайды
Жуын		
Сызғыш		

25 кг		
Ата		
Ғ.Мүсірепов		
Сурет		
Жаяу		
ТМД		
Сия		
Кеш		
Жұмыртқа		
Балауса		

VII. Шығармашылық жұмыс (тақырыпқа байланыстыра орындау) Әлемді әлдиімен аялаған ана.

VIII. Қорытындылау.

1. «Тіл дыбыстарын» тіл білімінің қай саласы зерттейді?
 2. Адамның тілі қандай тіл?
 3. Сөйлеу мүшелеріне.....
 4. Әліпби дегеніміз не?
 5. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?
 6. Қазақ тіліне тән әріптерді жазу, саны нешеу?
 7. Тіл дыбыстары үн мен салдырдың қатысына қарай нешеге бөлінеді?
 8. Дауысты дыбыс дегеніміз не?
 9. Тілдің қатысына қарай.
 10. Жақтың қатысына қарай.
 11. Дауысты дыбыстар еріннің қатысына қарай.
 12. Дауыссыз дыбыстар дегеніміз не?
 13. Дауыссыз дыбыстардың түрлері.
 14. Буын дегеніміз не?
 15. Буынның түрлері.
 16. Тасымал дегеніміз не?
 17. Қандай сөздердің тасымалы дауыстыдан басталады?
 18. Қандай жағдайда сөз түрлері тасымалданбайды?
- IX. Бағалау. Екі жұлдыз, бір тілек
X. Рефлексия. Менің сабақтан алған әсерім.
XI. Үйге тапсырма беру.

Тренинг

ЛЕЛУБАЕВА,
№39 «Қызылөзек» орта мектебі,
Қызылорда облысы,
Қаракөл ауылы

ЖАҢАША БАҒАЛАУ ТИІМДІЛІГІ (Коучинг жоспары)

Мақсаты	Мұғалімдерді түрлі қалыптастырушы бағалау тәсілдерін анықтауға, бағалау үдерісін жақсартуға бағыттаймын.		
Күтілетін нәтиже	Мұғалімдер бағалау түрлерімен танысады, бағалау үдерісінде түрлі тәсілдерді қолданады, өлшемдері, дескриптор құрып үйренеді.		
Түйінді сөз	Формативтік бағалау, суммативтік бағалау.		
Ресурстар	Постерлер, маркер, стикерлер, таратпа парақтар, видеороликтер.		
Сабақтың барысы			
Кезеңдері:	Уақыт	Коуч әрекеті	Коучингке қатысушылар әрекеті
Тренинг	2 минут	«Мен сіздің ерекше қасиеттеріңізді бағалаймын, себебі сіз.....» тренингі, шартын түсіндіреді.	Қатысушылар бір-бірімен жұптасып тұрып, қасындағы көршісіне оның ерекше бағалайтын қасиетін, оның себебін айтады. Мысалы, «Мен сіздің ерекше қасиеттеріңізді бағалаймын, себебі сіз сондай мейірбан жансыз».
Топқа бөлу	2 минут	Топқа бөлу. Қызыл, сары, көк алмалар арқылы топқа бөлінеді.	Сыныптағы тыңдаушылар топқа бөлініп отырады.
Тақырыпқа ену	3 минут	Слайдпен жұмыс.	Слайд бойынша өздері түсінбеген сұрақтарын қояды.
Тақырыпты өрбіту	10 минут	«Оқыту үшін бағалау» бейнежазбасын көрсетеді, «ОҮБ құралдары» таныстырылымы арқылы жалпы түсінік береді.	Әр топтан бір-бір спикер шығып өз ойларымен бөліседі.

		<p>Сұрақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сіздер көрсетілген бейнежазбадан не ой түйіндедіңіздер? <ol style="list-style-type: none"> 1. Бағалау дегеніміз не? 2. Сіз сабақта нені бағалайсыз? 3. Сіздің сабағыңызда оқушылар не үшін баға алатынын біле ме? Қалай және қайдан біледі? 	<p>Қатысушылар бейнежазба бойынша берілген сұрақтар бойынша постер жасап,, өз ойларын толықтырады.</p>
Бағалау	3 минут	«Екі жұлдыз, бір тілек».	Қатысушылар бір-бірінің постерін бағалайды.
Тақырыпты өрбіту мақсатындағы бейнеролик.	7 минут	<p>Мультфильм көру «Тегін сыйлық»</p> <p>Сұрақ:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Байдың іс-әрекетін бағалаңыз. 2. Алдаркөсенің іс-әрекетін бағалаңыз 3. Сіз тонды қалай сатар едіңіз? 	Қатысушылар көрсетілген мультфильм көру арқылы берілген сұрақтарға ауызша ойларын білдіреді.
Бағалау	2 минут	Әр топтың жауаптарын шапалақ арқылы бағалау.	Топтар бір – бірін шапалақ арқылы бағалайды. 3 шапалақ ұру – 5, 2 шапалақ – 4, 1 рет шапалақтау – 3 дегенді білдіреді.
Сергіту сәті	3 минут	Бейнеролик «Көңілді күн» музыкасымен сергіту сәтін өткізеді.	Музыка әуенімен қимыл – қозғалыстар жасайды.
Жеке тапсырма	5 минут	Үйдің суретін салуға тапсырма беріледі.	Қатысушылар әр түрлі үйдің суреттерін салады.
Бағалау	5 минут	Суреттерді критерий ақшамен бағалайды.	Қатысушылар суретке критерийді өздері бірлесе құрады. Суреттерді өлшемдер арқылы дискрипторын шығарып, ақшамен бағалап, себебін түсіндіреді.

Рефлексия	5 минут	<p>Кері байланыс.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар? 2. Сабақ қызықты өтті ме? 3. Жаңа тақырып бойынша өзіңізге керекті мәліметті таптыңыз ба? 4. Бүгінгі үйренгеніңіз болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба? 	Сұрақтар бойынша кестені толтырады.
Бағалау	3 минут	<p>Қорытындылау. «Бақыт ағашы»</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тамыры – коучингтің ұйымдастырылуы төменгі жағына. 2. Бұтақтарына - коучинг туралы пікірлеріңіз, ұсыныс 3. Жемістері - сіздің тілектеріңіз. Құрметті әріптестер. <p>Бүгінгі сессиямызға келіп өз ойларыңызды білдіргендеріңіз үшін көп рахмет!</p> <p>Сабақтарыңызда осы әдіс – тәсілдерді пайдаланып биік жетістіктерге жете беріңіздер!</p>	Қатысушылар өз ой-пікірлерін стикерлерге жазып жапсырады.

Кіріктірілген сабақ

Ж.ТЕКЕЕВА,
Атырау қаласындағы химия-
биология бағытындағы
Назарбаев зияткерлік мектебі.

ҰЛЫ ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

(7-сынып)

Осы сабақ арқылы іске асатын оқыту мақсаттары:
 Әлеуметтік және іскерлік ортадағы тіл мәдениеті.
 Мәтіндердің салыстырмалы анализі.

- Әлеуметтік, көпшілік және білім тақырыбынан алынған ақпараттарға өз сезімін көрсете отырып, диалог және монолог құрастырады.
- Қысқа көркем шығармалардың тақырыптары мен идеяларын анықтайды, бас кейіпкерлерді сипаттайды.

Сабақтың мақсаттары:
 Барлық оқушылар:

- Әлеуметтік ортадағы белгілі тақырыптан ақпараттарды жинай алады.

- Ол ақпараттардағы ойға өз көзқарасын білдіреді.
- Көпшілік талқыға салған тақырыптарға диалог пен монолог құрастырады.
- Берілген шығармалардағы кейіпкерлерге сипаттама береді.

Оқушылардың көбісі:

- Көпшілік қозғаған тақырыптардағы мәліметтерді таба алады. Оған өз сезімін көрсете отырып, шағын монолог жасайды.
- Көркем шығармадағы бас кейіпкер туралы мәліметтер тауып, ол туралы дәлелді ойларды орынды айта алады.

Тілдік міндеттер: Түйін сөздер: сөз тіркестерін құрып, сөйлей білу, еркін сөзді қалыптастыру, ауыспалы мағынадағы сөздерді таба алады.

Алдыңғы білім: Жеңіс күні. Ерлік ешқашан өлмейді. Мәтінмен жұмыс түрлері.

Жоспарланған іс - әрекеттер:

Оқушылармен сәлемдесу. Сыныптың сабаққа белсенділігін арттыру.

Қызығушылығын ояту.

Ән «Бейбіт күн тілегі» Сөзі: Ж.Нәжімеденовтікі, әні: Ш.Қалдаяқовтікі) 1 шумағы айтылады.

Ортаға балаларды жинап алу, әнді жалғастырып айтқызу.

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген

Оқ даусы мәңгілік жойылсын.

Бомбаның орнын тегістеген

Күректер музейге қойылсын

Қ-сы

Кел, достарым, Ән бастайық!

Көтеріп жаңғырттық!

Даласын дана, баласын ана

Жоқтамасын мәңгілік !

Әнді айта жүріп, топқа бөлу. Сыныпты құлып бауының түстерімен бөлу.

Ортаға сұрақ

Оқушылар, бұл әнді бұрын естідіңдер ме?

Ән жалпы не туралы? Кімдер жайлы деп ойлайсыңдар?

Сіздерге ән мәтінінің қай тұсы ұнады? Бүгінгі сабақ не туралы білдік пе? Әннің жалғасын жаттап алу тапсырылады.

"Әлемнің бар сәби балалары.

Тұрсын тек ұйқысы қанған соң"

Осы сөзді сұрақ етіп тастау.

Пікір білдір, ой айт, сұрақ қой, талдау жаса.

Өз ойларын айтады. Пікірлерін ортаға салады.

Жеңіс күні, ешкімде, ешқашанда ұмытылмайды, мәңгілік алау туралы ойларын "Иә, бірақ... деген оймен жалғастыра айту.

Бағалау. "Бір жұлдыз, бір тілек".

Сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады (Слайдтан)

а) Ақпарат жинаймыз

ә) ол үшін дерек көздерінен мәлімет аламыз.

б) мәлімет үшін бұрын білетіндерімізді еске түсіреміз.

Сабаққа орыс тілі пәнінің мұғалімі кіріседі. Жұптық жұмыс.

Оқушыларға тақырыпқа сай сұрақтар алдында ілулі тұрған шарға жапсырылады.

Тапсырма. 1. Жұптық жұмыс. Диалог (орыс тілінде) құрастыру.

Представь, что ты ребенок военного времени. О чем ты мог бы мечтать?

Ты ребенок настоящего, о чем мечтаешь ты?

Назови ключевые слова современности - мирного времени.

Назови ключевые слова военного времени.

Как по-твоему, место ли детям на войне?

Ты ребенок из прошлого – из военного времени. Ты оказался в нашей школе.

Перед твоими глазами – наши школьные будни. Вырази свои чувства и эмоции.

Ты играешь в компьютерные игры, где нужно убивать. Что ты должен помнить в реальной жизни?

Бағалау. Смайликтермен.

1-тапсырма.

Осы тақырыпқа монолог (қазақ тілінде) құрып көру.

2-тапсырма.

4 топқа 1 мәтіннен үзінді беріледі.

1. Үзінді қандай көркем шығармадан алынған?

2. Шағын үзіндінің тақырыбын анықтаңыз.

3. Бас кейіпкерді 3 сөзді пайдалана отырып сипаттаңыз.

4. Ауыспалы мағынадағы сөздерді тауып көріңіз.

Осы сұрақтың бірі кеудесіндегі таққан лентаның астына жапсырылады.

"Желкең қиылғырлар-ай, соғыс аздай, бұл атысып ойнады дегенді қайдан шығарды осылар, басқа ойын

аз ба-ей!..» - деп ұрсып тастайды. Бірақ олар кетісімен қайта жиналамыз. Қайта атысамыз."

"Әрине, майдандағы әке-ағамызға хат жазу бәріміздің де көкейіміздегі асыл арман еді. Бас-аяғы бірер айдың ішінде әріптерді тегіс жаттап, бірлі-жарым сөздерді құрап жаза алатындай халге жеттік. «Аса жаннан артық көретін аға...» деп бастап, хат жазатын болды."

"Көктем шыға колхоз жұмысына біз де араласқанбыз. Ортасына сым темір салып өртеген бір-бір дойыр қамшыны қолымызға алып, өгіз жеккен соқаның басына міндік. Жер жыртуға көмектесеміз."

Бағалау. Тамаша! Керемет! Ризамын!

Тыңдалым тапсырмасы. Соғыс жылдарына балалық шағы қатар келген жандар.

Бейне материал тыңдау. 3 минут.

Соғыс жылдарына балалық шағы қатар келген жандар.

Тапсырма.

1. Тыңдалым тапсырмасын мұқият тыңдай білу.

2. Керекті мәліметтерді жазып алу.

3. Кейіпкерлер тану, олардың айтқан ойларының тақырыптарын білу.

3. Тиімді тыңдалымды немесе блокбастерді қалыптастыру.

4. Сөзге мәтін құрау.

Жетістік критерийін құру.

1. Видеоны мұқият тыңдайды, керекті мәліметті жазып алады.

2. Кейіпкерлерді тани алады, сөзіне мән береді.

3. Блокбастерді орындай алады.

5. Бағалау. Қатты қызықтым! Ризамын! Қол соқтым!
Қуанғаным сондай!

Тарихшы мұғалім өз деректері бойынша тапсырма береді.

Оқушылардың есте сақтау қабілетін жетілдіру мақсатында өңіріміздегі Кеңес Одағы батырларының портреті және олардың майдандағы ерліктері туралы сөздердің орны ауыстырылған тапсырма берілді. Сөздерді орындарына қою арқылы сөйлем құрастырды.

Атырау өңірінде дүниеге келген, облыстың өсіп-өркендеуі және Отан соғысы жылдарында ерлік көрсеткен батырлар туралы слайд ұсынылды. Кеңес Одағының Батыры-10, «Даңқ» орденінің иегері - 4, Социалистік Еңбек Ері - 75, Халық қаһарманы - 1, барлығы - 90 адам болғаны түсіндірілді.

Өткен азапты жолдың ауыр сабақтарын халық ешқашан да ұмытпайды. Оның ауыр сабақтары біздің санамызға ұялап, қазіргі ұрпақтарды ерлікке, қырағылыққа баулып, жарқын болашағымызды қорғауға әрдайым дайын тұруға шақырады. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес.

Үйге тапсырма: Қасым Қайсенов «Жау тылындағы бала» шығармасын оқу.

Рефлексия. Қағазға жазып, мәңгілік алау суретіне жапсыру.

Сабақта алған ең маңызды ақпаратым.	Қиындық келтірген 2 мәселе.	Сабақта ұнаған 1 аспект.

А.ҚАЙЫРҒОЖА,
Шахта орта мектебі.
Маңғыстау облысы,
Түпқараған ауданы,
Таушық ауылы

МЕНИҢ БОЛАШАҒЫМ- ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН!

Мақсаты: қазақ елінің жүріп өткен жолдарын, тәуелсіздік туы желбіреген жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерін айта отырып, оны мәңгі есте сақтау керектігін түсіндіру. Оқушыларды Отанды сүйуге, туған жерге сүйіспеншілігін арттыруға, саналылыққа, ұқыптылыққа, тәрбиелеу. Көрнекіліктер: нақыл сөз, жалау, суреттер, рәміздер, слайдтар, бейнеролик. Жүрісі: тәрбие сағатымыз басталмас бұрын тәуелсіздік туралы бейнеролик көрсетіледі. Ой қозғау.

Мұғалім: - Оқушылар, бұл бейнероликтен не ұғындыңыздар?

- Бұл көріністе біздің мемлекетіміз тәуелсіз ел атану жолында талай қиындықтарды бастан кешірді көк туымыз аспанымызда желбіреп, еліміз тыныш та берекелі өмір кешуі үшін күресуде.

Мұғалім: - Иә, балалар, біздің ата-бабамыз ежелден елін, жерін жаудан қорғап тәуелсіздігі үшін қасық қаны тамғанша күрескен сол жеңістердің арқасында біз егемен елде өмір сүрудеміз. Ендеше, біздің бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Менің болашағым-Тәуелсіз Қазақстан» деп аталады.

Мұғалім: - Балалар, ҚР тәуелсіздігін қай жылы алып еді?

- Біз тәуелсіздігімізді 1991 жылы 16 желтоқсанда алдық.

Мұғалім: - Иә, дұрыс айтасыздар. Ал, оқушылар, осы

сендер білесіздер ме осы біздің тәуелсіз ел атануымыз, қандай оқиғадан бастау алған?

- Біздің осы күнге жеткен жетістігіміздің барлығы 1986 жылы болған желтоқсан оқиғасынан басталады, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апаларымыздың қазақ халқын қорғау жолындағы ерен ерлігінің арқасында біз бүгін міне тәуелсіз елдің ұрпағымыз.

Мұғалім: -Иә, барлығыңыздың да жауаптарыңыз дұрыс. Бізге тәуелсіздік оңай келген жоқ, міне, біздің еліміздің намысын қорғаған батыр аға-апаларымыздың арқасында біз бүгінгі таңды күліп атырудамыз.

Мұғалім: ал, енді экранға назар аударыңыздар.

Әбиірбек ағамыз бен Майра апамыздың орындауындағы «Желтоқсан желі» туралы бейнеролик көрсетіледі, бейнеролик аяқталған соң тәуелсіздік туралы мәнерлеп өлең оқылады.

Мұғалім: -Желтоқсан оқиғасынан кейін көптеген ақын, сазгерлер бұл оқиғаға арнап өлеңдер жазып, жырға қосты. Бұл ақын, сазгер ағамыз Әбиірбек Тінәлиевтің ұлы оқиғаға арналған бейнебаянынан үзінді көрдіңіздер, ендеше бұл бейнебаянды көре отырып не ұғындыңыздар, қандай ой түйдіңіздер?

- Бұл оқиға әр адамның жүрегінде мәңгі сақталатын, өшірсе де өшпейтін 1986 жылы 16 желтоқсанда болған оқиға-Желтоқсан оқиғасы. Осы бір сөзден желтоқсанның ызғары есіп тұрғандай. Осы күнді еске алған сайын сонау мұз жастанып, қар төсенген күндер ойға оралатыны сөзсіз. Өйткені дүниені дүр сілкіндірген 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы қазақ топырағына елінің болашағы, бостандығы, егемендігі үшін күрескен қайсар да өр ұрпақтың келгенін әйгілеген еді. Осы желтоқсан оқиғасына қатысып, ел намысын қорғаған Ләззат, Сабира, Қайрат аға-апаларымыздың арқасында бүгін біз тәуелсіздігімізді алып, көк аспанымызда туымыз желбіреген жарқын да келешегі айқын жерімізде бейбіт те тыныш өмір сүрудеміз.

- Қанды желтоқсан оқиғасының нәтижесінде біздің

еліміз өзінің тәуелсіздігін алып, еліміз өз алдына тәуелсіз ел атанды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялады. Егеменді ел болды. Төл теңгесін шығарды. Ата заңын қабылдады. Мемлекеттік рәміздерін белгіледі. Алғашқы Елбасымыз сайланды. Осы жеткен жетістіктеріміздің барлығы желтоқсан оқиғасында жанын құрбан еткен аға-апаларымыздың арқасы. Олардың есімі мәңгілік жүрегімізде сақталады.

Мұғалім: - Сонау желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апаларымыздың есімі мәңгілік жүрегімізде сақталады. Мемлекетіміз тәуелсіздік алғалы Қазақстан Республикасының жетістіктері өсуде. Осы өткен жолдарымызға қарасақ, әр жылдың өз шежіресі, сыры, тарихы, қасиеті бар. Қазақ елі тәуелсіздігін алғанына биыл 25 жыл толады. Өз алдына егеменді ел болып, тәуелсіз ел атанды, қазақ халқы үшін, әрине, бұл үлкен қуаныш.

Мұғалім:-Осынау жылдарда елдігімізді танытып, еңсемізді көтерген қаншама ұлы оқиғалар болды. Соларды білесіздер ме?

- 2015 жылы біз үшін ерекше жыл болды себебі, қазақ хандығының 550 жылдығы, Халықтар Ассамблеясының 20 жылдығы, ұлы жеңістің 70 жылдығы аталып өтті.

- Міне біздің еліміз тәуелсіздігін алғалы бақандай жиырма бес жыл толып отыр, бұл баршамызға үлкен мереке. Тәуелсіздігімізді алғалы біздің жас қала-Астана, бас қалаға айналып, жылдан-жылға көркейіп гүлденуде. Еліміз елу елдің қатарына еніп, терезесін өзге мемлекеттермен теңестірді. Елімізді өзге мемлекеттер таныды, мәртебеміз биікке көтерілді.

Мұғалім: -Ал, енді біздің сынып оқушыларының тәуелсіздік тақырыбына арнаған өлең шумақтарынан жыр тыңдайық. *(Оқушылар өлеңдерін оқиды).*

Мұғалім: - Жақсы, балалар, жиырма бес жыл ішінде мәдениетіміз өркендеді, еліміз дамыды, білім сапасы көтерілді, ғылым мен техника саласында біраз жетістіктерге де жеттік, тілімізді өзге мемлекеттерге таныттық, шет

мемлекеттермен достық қарым-қатынасымыз нығайды, үш тұғырлы тіл саясатын ұстанып, жан-жақты толыстық.

Ал, осы жеткен жетістіктеріміз елімізге әділ басшылық етіп отырған, кемеңгер елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының сындарлы еңбегінің жемісі.

Елбасымыз халыққа жолдаған әр жылғы жолдауында халықтың жағдайын жақсарту үшін, білім сапасының жақсаруына, жастарды қоғамдық іс-шараға тарту мақсатында, ғылым мен техниканың ілгері дамуына көмектесіп, болашақта жоспарлаған жобаларымен халықты таныстырады, халықпен ой бөліседі. Ендеше, Елбасының ел басқарудағы жоспарын жүзеге асыруда әрбір қазақстан азаматы болып ат салысуымыз қажет.

Мұғалім: -Осы біз айтып отырған жолдауды ата-әжелерімізде тыңдап отырған секілді - мына көрініске назар аударайықшы.

Көрініс.

Атасы: - Е, әжесі, теледидарды қосшы, Елбасымыздың мәңгілік ел болу идеясы атты жолдауын тыңдайық.

Әжесі: - Қазір қосайын, бірге көрейік, елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының арқасында біздің еліміз көркейіп, гүлденуде ғой.

Немересі: -Ата, әже, мен бүгін өте қуаныштымын, білесіздер ме неге екенін?

Атасы: - Ал, айта ғой, құлыным, қуанышыңа не себеп болды?

Немересі: -Біздің мектеп бүгіннен бастап үш тілде білім беруге көшті, бүгін мен үш тілде бірнеше сөздер үйрендім. Тәуелсіздік-независимость, independence.

Атасы: - Е, балам, бәрекелді жарайсың талабыңа нұр жаусын «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын, кешегі, бүгінгі ғана емес, ертеңгі де тағдыры.»

Осы сендердің білім алып, заман талабына сай үш тілде сөйлей алатындарыңның өзі-үлкен жетістік. Бұның барлығы Елбасымыздың еңбегінің арқасында. Қазақ халқы

«Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» деп бекер айтпаған. Елбасымыз халықтың батасын алып, міне, бүгінгі таңда бізді әлем танып отыр, осы жасалып жатырған барлық игі істер сендердің болашақтарың үшін айналайын.

Атасы: - Осы тыныш та бейбіт заманда өмір сүріп жатырғанымызға мың да бір шүкіршілік етейік. Осы күнге жеткізген атыңнан айналайын тәуелсіздік! Балам, сен менің үкілеген үмітімсің, мен сенен болашақта үлкен үміт күтемін. Ал, бата берейін қолдарыңды жайыңдар, шырақтарым. Сол кезде оқушылар келеді.

Атасы: -Айналайындар келіңдер сендер жақсы келдіңдер, мен бата бергелі жатыр едім, отыра кетіңдер.

Еркіндік, есер желің жұмсақ бетке

Ата-бабам төкпепті терін текке.

Жаратқан қуат берші, абырой бер,

Еркіндік, біздің бастан енді кетпе.

Мұғалім сөзі: -Еліміз әрдайым биіктен көрініп, аспанымыз ашық болғай. Әрқашан болашағымызға сеніммен қарап, ел үмітін ақтайық. Елбасымыздың «Мәңгілік ел идеясы» атты жолдауындағы арман-мақсаты-тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі-мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел», - деді елбасымыз. «Мәңгілік ел» біздің өзіміздің қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

Қорытынды: -Олай, болса көк туымыз көк аспанымызда желбіреп, аспанымыз ашық бейбітшілік заманда өмір сүрейік.

Хордың орындауында «Көк тудың желбірегені» әні.

**А.ҚҰРАУБАЙ,
Абай атындағы
мектеп-гимназия.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Чапаев ауылы**

НАУРЫЗ-АТА-ДӘСТҮРІМ

Жалпы мақсаттар:	Оқушыларға Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесінің тойлануы туралы толық мағлұмат беру, көрісу айт туралы ұғымдарын кеңейту.		
Табыс өлшемдері	Оқушылар Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесінің тойлануы туралы толық мағлұмат алады, көрісу айт туралы ұғымдары кеңейеді. Халқымыздың салт – дәстүрін, әдет-ғұрпын үйрене отырып, «Наурыз» казактың ұлттық мейрамы екенін біледі. Оқушылардың ойлауы, ой-қиялы, өрісі, іздену негіздері дамиды.		
Әдіс-тәсілдер:	Тренинг, кубизм, рөлдік ойындар, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, постер қорғау.	Модуль	1-модуль. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. 2-модуль. Сыни тұрғыдан ойлау. 3-модуль. АКТ.
Ресурстар:	Тапсырмалар жазылған қағаздар, бейнеролик, постерге арналған қағаз, А4 парақ.		
Барысы:	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Уақыты
I. Ұйымдастыру.	Сәлемдесу тренингі арқылы оқушылармен амандасу (әр ұлттың сәлемдесуін көрсету арқылы).	Әр ұлттың амандасу тәсілін көрсету арқылы тренингке қатысады.	3 минут

II. Қызығушылықты ояту.	Наурыз мерекесі туралы бейнероликті тамашалайды. Сұрақтарға жауап береді. 1. Наурыз кімдердің мейрамы? Қай елдерде тойлайды? 2. Наурызды қай күні тойлайды? 3. Не себепті 22 наурызда? 4. Наурыз мейрамының белгілері қандай? 5. Наурыз атауы қайдан шыққан?	Бейнероликті қарайды. Сұрақ-жауапқа белсене қатысады.	10 мин.
III. Мағынаны тану. Кубизм. Постер қорғау.	1-топ: Суреттеу. Наурыздың бұрынғы кезде және қазіргі уақытта тойлануындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы постер қорғау. Таныстыру. Жағдаят. Наурыз айында сенің Италиядағы досың елімізге демалуға келіп жатыр. Шетелдегі досыңа Наурыз мейрамын қалай түсіндіріп, таныстырар едің? (Таныстырылым өлең, көрініс, жарнама, т.б. түрінде).	1-топ: Суреттеу. Бұрынғы уақытта Наурыз мейрамын тек мұсылман қауымы мен түркі тілдес халықтар ғана тойлайтын болса, қазіргі кезде еліміздегі басқа ұлт өкілдері де бұл мерекені тойлауға атсалысатындығын ажыратып, бұл мереке тек жаңа жылдың бастауы ғана емес, бірлік пен татулықтың, ынтымақтастың символына айналғандығын айтып, өз тұжырымдарын қорытады. Таныстыру. Жағдаятқа сәйкес Наурыз мерекесіне таныстырылым жасайды (өлең, көрініс, жарнама, т.б. түрінде).	20 минут
Сұрақ-жауап Венн диаграммасы	2-топ: сұраққа жауап беру. 1) Наурыз мерекесінде ойналатын ойын-сауық түрлері қандай? (көкпар, аударыспақ, қыз қуу, ат жарыс, алтыбақан, тенге ілу, ақсерек пен көксерек, айқыш-ұйқыш, казакша күрес, т.б.) 2) Наурыз мерекесінде жасалатын тағам түрлері.	2-топ: Сұрақтарға жауап береді. Наурыз мерекесінде ойналатын ойындар мен әзірленетін тағам түрлерін айтады. Салыстыру. Жаңа жыл мен Наурыз мерекесін салыстыру.	
Рөлдік ойындар	Салыстыру. Жаңа жыл мен Наурыз мерекесін салыстырады.		

	3-топ: Талдау. Еліміздің батыс өңірінде ғана қолданылатын көрісу айты туралы айту, мәлімет беру. Қолдану. Наурыз мерекесіне немесе көрісу айтына қатысты көрініс қою.	3-топ: Талдау. Еліміздің батыс өңірінде ғана қолданылатын көрісу айты туралы айтып, мәлімет береді, өз отбасыларында қалай тойланатыны туралы айтады. Қолдану. Наурыз мерекесіне немесе көрісу айтына қатысты көрініс қояды.	20 мин.
IV. Толғанис. Шығармашылық жұмыс.	1-топ: «Жақсылыққа жаршы болған Наурызым» тақырыбында ойтолғау жазу. 2-топ: Наурыз мерекесіне қатысты бата беру. Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын. Қайда барсақ жол болсын! Ұлыс бақты болсын, Төрт түлік ақты болсын! Ұлыс береке берсін, Бәле – жала жерге енсін. Халқымыз тоқ болсын, Көйлектерің көк болсын! Қайғы – уайым жоқ болсын! Қуаныштарың көп болсын! 3-топ: Көрісу айтына қатысты өлең шығару. Маңғыстау облысында көрісу айты «амал күні» деп аталады. Оқушыларға осы туралы өлеңді мәнерлеп оқып беремін. Амал күні Амал күні қазағым көріседі, Көрісу, бұл – көненің желісі еді. «Жасың құтты болсын!» деп жамырасып, Ақ ниетпен адал қол беріседі. Көріседі – қайғы-мұң кетіруге, Көріседі – қайтадан жетілуге. Алты ай қыстан арыған жанын демеп, Көріседі – бел буып, бекінуге. Ағайынды араздық ірітеді, Ауызбірлік, ынтымақ-үгіт – емі. Ескі жылда қатқан мұз, қалған сызды Көріскен күн көңілмен жібітеді.	Оқушылар топ болып берілген тапсырмаларды орындайды. 1-топ: «Жақсылыққа жаршы болған Наурызым» тақырыбында ойтолғау жазады. 2-топ: Наурыз мерекесіне қатысты бата береді. 3-топ: Көрісу айтына қатысты өлең шығарады. Өлеңді тыңдайды.	8 мин.

	Қаймана елді қаратқан ауызына Қарттарыма қарсы тіл қата алмайды. Құшақтасып көрісіп қуанышпен, Ауыл-үйдің арасын сапарлайды. Ешкім бұл күн ежелгі ерегесін, Ескі кегін қоздырып, ақы алмайды. Өткен жылдың өкпесін, өкінішін Жаңа жылға аркалап апармайды. Татыр төбе бөленіп таңмен нұрға, Бас бостандық берілер заңмен құлға. Он төртінде наурыздың от жағғылып, Ошақ басы толады ән мен жырға. Сергек бала сең-қарды сере бұзып, Деміл-деміл жүгірер дене қызып... ...Көрісейік ендеше, ей, адамдар, Көңіл шіркін сілкінсін көбе бұзып. Ел жайлаған иесіз қап Еділ бойы, Тұнып жүрек түбінде шөгінді-ойы; Алла содан сақтасын – адамдар бар Көріспестен кететін өмір бойы. Суынуға келгем жоқ сұм дүниеге, Бұл ғаламға адамзат бір күн ие ме?! Бірін-бірі көрместен, көріспестен Кетіп жатыр қанша адам бұл дүниеде! Рахат Қосбармақ.		
V. Қорытынды.	- Осымен, оқушылар, сабақ аяқталды. Сау болыңыздар. Оқушылар «Наурыз-думан» әнін айтады.	«Наурыз – думан» әнін орындау.	4 мин.

М.СМАХАНОВА,
№19 орта мектеп.
Қарқаралы ауданы,
Қасым ауылы,

ҰСТАНҒАНЫМ – ҰСТАЗДЫҚТЫҢ ҰЛЫ ЖОЛЫ

(э с с е)

Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі.

Я.А.Коменский.

Мен ата-әжелеріміздің, үлкендердің «Мұғалім бол, балам!» деген батасының қабыл болып, мұғалім мамандығының иесі атанғаныма шексіз қуанамын. Мұғалім болу менің бала кезімнен басталған арманым еді.

Күн артынан күндер, ай артынан айлар, жыл артынан жылдар жылжып, менің де арманым орындалып, ұстаздықтың ұлы жолына түскеніме 27 жылдан асты. Бір қарағанда, көп уақыт сияқты. Бірақ осы жылдардың күні мен түні өмірімдегі ең бағалы, ең бақытты кездерім деп айта аламын. Өйткені бұл күндерімді жас ұрпақты білім нәрімен сусындатуға, саналы тәрбие беруге арнадым, әр баланың тұлға болып қалыптасуы үшін, қоғамның «бір кірпіші болып қаланып», өмірден өз орнын табуы үшін ат салыстым, еңбектендім.

К.Белинский «Мұғалім мәртебесі қаншалықты маңызды, ұлы әрі қастерлі десенізші, оның қолында адам өмірінің тұтас тағдыры тұр», – деп, қалай дөп басып айтқан?!

Рас... Өмірде ұстаз болу бақыты кез келгенге бұйыра бермейді. Өйткені ұстаз болу – мейірімділік пен білімділікті, шыдамдылық пен төзімділікті қажет ететін мамандық. Әрі кімде-кім өз өмірін педагогтік мамандыққа арнаған болса, ол аса сабырлы, өте кешірімді болуы керек. Қазақ поэзиясының Падишасы Фариза Оңғарсынованың:

Сан жастың қамын шертесің,

Тағдырын ойлап, толғанып.

Әр үйдің бір-бір еркесін

Үйреттің өзің қолға алып, – деген өлең жолдарында айтылғандай, асау тайдай еркені жөнге салып, жалқауды еңбектенуге үйрету, ұшып-қонба жеңілтектерге сабырлы болудың сырын ұқтыру мұғалім шеберлігінің бір қыры ғана.

Ұстаздың басты міндеті – «Мектеп-кеме, білім-теңіз» деп, дауылпаз ақын Қасым Аманжолов айтқандай, ұшы-қиырсыз білім теңізінде батып кетпей, сол теңіздің түпсіз тереңінен өзінің керегін ала алатын, еркін жүзе алатын білімді ұрпақ тәрбиелеу. Алаштың арда ұлдарының бірі Ахмет Байтұрсынов «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика әдістемесінен хабары мол, оқыта білетін мұғалім» деген екен. Ал ұлы педагог, психолог, жазушы Жүсіпбек Аймауытов мұғалімнің бала алдындағы үлкен жауапкершілігін былай деп атап көрсетеді: «... Баланың ақылы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлі ықпалы арқасында жетіледі. Мұғалім балаларға салақ, селқос қараса, олардың жан қуатын кемітіп, тәрбие де бере алмайды». Бұл ұлы ұстаздар айтқан көреген ой, орнықты көзқарасты көрсетеді. Шынымен де, мұғалім оқушының санасына сәуле сеуіп, санасының оянуына түрткі болып, оның білімге деген құлшынысы артуына күш салуы керек.

«Ұстазын сыйламаған елдің болашағы азалы» деген дана халқымыздың сөзі де текке айтылмаса керек. Ертеңіне лайықты ұрпақ тәрбиелемеген елдің келешегі жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұлы еңбек – ұстаз еңбегі. Өйткені ұрпақ бақыты – ұлағатты ұстаздың қолында.

Ұстаздың ұлылығы мен ұлағаты, тынымсыз еңбегі жайлы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстаздарға жүктелетін міндет өте ауыр» десе, ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин «Мұғалім – мектептің тынымсыз соққан жүрегі», ал Мағжан Жұмабаев «Алты алаштың баласы бас қосса, ең қадірлі орын – мұғалімдікі» деген құнды пікірлермен бағалаған. Иә, «Ұстаздың биігі ойлана қарасаң, биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң – қарсы алдында, айналсаң – артыңда тұрғандай» деп ойшыл ғұлама Сократ айтқандай, мұғалімдер қоғамымыздың барлық саласында болып жатқан түбейлі өзгерістердің сапалы жүзеге асуы үшін бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматтарды тәрбиелеуді көздейді.

Сапалы білім ғана ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып отырғандықтан, бүгінгі мектеп партасында отырған бүлдіршіндердің ертеңгі ел тағдырын шешетін азаматтардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету – мұғалімдердің Отан алдындағы парызы. Өйткені «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттермен озады» деген еді адамзаттың алыбы Абай атамыз.

«Нашар мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді»

деп неміс педагогі А.Дистерверг атап көрсеткендей, бүгінгі мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы бала қиялын ұштай білуі керек. Баланы оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру керек. Мұғалім оқушы белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермесі анық.

Оқушыларды тәрбиелей отырып, сапалы білім беру үздіксіз ізденумен тығыз байланысты. «Ұстаз үздіксіз ізденсе ғана шәкірт жанына нұр құя алады» (Ахмет Байтұрсынұлы). Үздіксіз іздену – бүгінгі таңда ұстаздарға қойылып отырылған басты талаптардың бірі. Ендеше әрбір мұғалім өз сабағында жаңалық көрсетуге, танытуға күш салғаны жөн. Ол үшін мұғалім сабаққа алдын ала жақсылап даярланып, бүгінгі өтілген сабақ кешегі өтілген сабақтан өзгеше, ал ертеңгі өтілетін сабақ бүгінгі сабақтан артық болуы керек. Сондықтан өз басым А.С.Макаренконың «40 жыл мұғалім болсаң да, 45 минуттық сабағыңа дайындал» деген қағидасын еш есімнен шығарған емеспін. Бала 45 минут ішінде қызықты да пайдалы іспен шұғылданғаны дұрыс. Күнделікті сабаққа дайындалу кезінде «Баланың ынтасын ояту үшін оқытатын нәрседе бір жаналық болуы керек» (Жүсіпбек Аймауытов). Дайындықсыз сабақ қашанда сапасыз нәтиже берері сөзсіз.

Бүгінгі таңда білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты болу мүмкін емес. Мен елімізде 1997 жылдан бастап қанат жая бастаған «Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» технологиясын сабақтарымда жиі қолданамын. Бұл технология – шығармашылық ойлау, әр оқушының жеке тұлға болып дамуының

Г.УДИНА,
№ 4 Алға орта мектебі,
Ақтөбе облысы,
Алға ауданы

Б. МОМЫШҰЛЫ **«ЖАУЫНГЕРДІҢ ТҰЛҒАСЫ»** *(6-сынып)*

Мақсаты: білімділік-оқушылардың Ұлы Отан соғысы туралы, туған елі мен жері үшін күрескен жауынгерлердің ерлігі туралы білімдерін тереңдете отырып, автор мұратын ұғындыру, автор туралы кеңінен мәлімет беру; дамытушылық-мәтіннен жауынгерлердің іс-әрекеттеріне баға беру арқылы оқушылардың өзіндік көзқарасын, пікірін жетілдіру, проблемалық сұрақтар арқылы жинақтау дағдысын дамыту; тәрбиелік-шығарма арқауы-тарихи шындық екенін ұғындыра отырып, жауынгерлердің бойындағы түрлі қасиеттер арқылы бауырмалдыққа, ынтымақтастыққа, қайсарлыққа, шыдамдылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу;

Түрі: талдау сабағы. Әдісі: Блум таксономиясы, «Топтастыру» стратегиясы, талдау, сұрақ-жауап, көркем мәтінмен жұмыс, автор орындығы. Көрнекілігі: Интербелсенді тақта, слайд. Б.Момышұлы портреті.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру. Сынып оқушыларын топқа бөлемін.

шыңына әкелер жол. Оқушылардың ойлау, қабылдау қабілетін аңғаруға топтық жұмыс өте тиімді, сабақты деңгейлеп оқыту да оқушының білімін тиянақтап, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Г.Галилейдің «Адамды бір нәрсені қайталауға үйреткеннен гөрі, оған жаңалық ашуға көмектескен жөн» – дегеніндей, озық технологиялармен тиімді жұмыс істегенде ғана, мұғалім ойлау мен шығармашылық қабілеті дамыған, құзырлы тұлға қалыптастыра алады.

Мен өзімнің тәжірибем сүйеніп, «Бала жанының бағбаны – мұғалім қандай болуы керек?» дегенді ой елегінен өткізе отырып, ең алдымен, мұғалім адамгершілігі өте жоғары адам болуы керек деп ойлаймын. Екіншіден, саяси сауатты, жан-жақты энциклопедиялық мол білімі болуы шарт, үшіншіден, білімді оқушы жүрегіне еркін ұялата алатындай әдіскерлік шеберлігі қажет, төртіншіден, оқу-тәрбие үрдісін жүргізу кезінде оқушының психологиялық ой-өрісінің өсу, даму дәрежесін бақылап, тамыршыдай дөп басып білетіндей сезімтал психолог болуы тиіс. «Нағыз ұстаз өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдарлы мінезімен, тіпті, сырт пішіні, киген киімімен де шәкіртіне жақсы мағынада қатты әсер етеді» деген Мәлік Ғабдуллиннің сөзінен көп нәрсені аңғаруға болады.

Ақынның ақындығы атақта емес,

Ақынның ақындығы арда ғана, –

деп, ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай, ұстаздың тұлғалық қасиеті де алған атағында емес, шәкіртінің сапалы білімі мен саналы тәрбиесімен өлшенеді. Ендеше, қызығы мен қиындығы қатар жүретін ұстаздықтың ұлы жолында ұстаздық жауапкершіліктің туын жоғары ұстанғанымыз абзал.

Топтастыру:

Жазушы
↑
Батыр ←Бауыржан Момышұлы→ Қаһарман
↓
Қолбасшы

Б.Момышұлы туралы слайд көрсетіледі.

Білу.

Әңгіменің мазмұнын сұрау.

Шығармадағы кейіпкерлерді атап беру.

Түсіну.

Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру

1. Оқиға қай кезде, қай жерде болған ұрыс туралы?
2. Полковник Серебряков не себептен дивизия штабына шақыртты?
3. Қарт генерал Бауыржан Момышұлынан нені толық баяндауын өтінді?
4. Олар неден ұтты, неден ұтылды?
5. Риза болған генерал батасын беріп аттандырып жатып, оны қандай лауазымға тағайындады?
6. Кескілескен шайқаста Баукең жауынгерлеріне қандай талап қойды, нендей жарлық берді?
7. Жараланған Бауыржан неліктен емделуге кетпей қалды?
8. Күші басым жаудан тосылған жауынгерлерін қалай қайрады?

Қолдану.

Автор орындығы:

«Бейбіт өмірдегі батырлық» тақырыбында шағын көлемді ойтолғау жазу.

Талдау.

Көркем мәтінмен жұмыс:

Әңгімеде кездесетін мақалдарды теріп жазу және олардың әсерлі мағынасын түсіндіру және өздерің білетін ерлік, батырлық туралы мақалдар айту.

Жинақтау.

Жауынгер тұлғасына модель жасау (Ментальдық карта бойынша өз ойларын қорғау)

Бағалау.

Бағдаршам түсі арқылы баға беру.

«Жасыл» түс – өте жақсы.

«Сары» түс- жақсы.

«Қызыл» түс – орташа.

Қорытынды:

Бауыржан Момышұлы ел басына күн туған сын сағаттарда елін сүйген жауынгерлердің ер жүрек тұлғасы арқылы қазақ халқының тарихындағы ең ауыр кезеңді суреттеді. Сонымен бірге өз халқының намысын,оның өздері сүйетін асыл қасиеттерін аман сақтап қалу үшін жанып тұрған отқа қалай түскенін шынайы әрі әсерлі етіп жеткізген. Сабағымызды ұлтын сүйген ұлы жүректен шыққан Қазақтың қаһарман батырының: «Мен өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтымды сүюші адаммын,» деген өсиетке толы өнегелі сөзімен аяқтаймыз.

Үйге тапсырма: «Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген» тақырыбына шығарма жазу.

Бағалау.

А.БЕРҒАЛИЕВА,
Талдыапан орта жалпы
білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Казталов ауданы,
Талдыапан ауылы

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ. **«ЖАУЫНГЕРДІҢ ТҰЛҒАСЫ»**

Мақсаты: білімділік-қазақ халқының даңқты қолбасшысы Бауыржан Момышұлының өмірі мен шығармашылығын оқып білу. Сын тұрғысынан ойлау арқылы шығармашылық жұмысқа баулу. Қазақ тілінде анық сөйлеу машықтарын қадағалау; тәрбиелік-Бауыржан Момышұлы шығармалары арқылы бүгінгі күндегі өзекті мәселе патриоттыққа, ерлікке, өжеттілікке, салт- дәстүрді қастерлей білуге тәрбиелеу; дамытушылық-түрлі әдістер арқылы оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасауға ойын түйіндеп қорытындылауға, тарихи материалды сұрыптап сөйлеп жеткізуге үйрету. Түрі: дәстүрлі емес, панорамалық сабақ, ауызша журнал.

Әдіс-тәсілдері: «топтастыру» стратегиясы, «ассоциациялық аймақ» кестесі, «сандар сыр шертеді» кестесі, хронологиялық кесте, «еркін жауап» стратегиясы, «жұлдызды сағат» ойыны, «автор орындығы» стратегиясы, сұрақ – жауап, ой бөлісу, мәнерлеп оқу, жатқа айту, шығармаларын талдау, қосымша білім көздерін насихаттау арқылы өздігінен білім алуға баулу.

Оқыту түрі: бірлескен ұжымдық іс-әрекет.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, Бауыржан шығармашылығы жайында жазылған кітаптар мен журналдар көрмесі, буклеттер, ақын жайлы жазылған құнды пікірлер.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, орыс әдебиеті, тарих.

Маңыздылығы: Бауыржан образы арқылы Отанына деген сүйіспеншілікті, өз парызына деген шексіз қызмет етуді, әділдікті, шыншылдықты, төзімділікті, батырлық пен қаһармандық қасиеттерді ұғындыру. Б.Момышұлының – жазушы, көрнекті қолбасшы, ұлтжанды азамат болғанын таныту.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру сәті. Сабақтың мақсатын қою. Қызығушылықты ояту.

Мұғалім: *-Мен үш нәрседен қорқамын:*

Біріншісі-баласына бесік жырын айта алмайтын анадан,

Екіншісі-бір-бірімен қазақша сөйлесе алмайтын қазақтан,

Үшіншісі-немересіне ертегі айта алмайтын әжеден-
деп Б.Момышұлы өзі айтқандай қазақтың біртуар батыр ұлдарының даңқты қолбасшы Б.Момышұлының бейнесін әр қырынан ашып көрсету, әсіресе ұлтжанды азамат болғанын оқушыларға терең түсіндіру.

Қадірін білмеппіз зой тірі кезде,

Деп жылар сорлы қазақ мен өлгенде.

Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді

Тарихтың түкпірінен сөз келгенде.

Бүкіл әлемге аңыз боп тараған Бауыржан Момышұлының шығармашылығына тоқталамыз.

Жаңа сабақ.

Мұғалім:- Сабағымыз ауызша журнал ретінде

өтеді. Олай болса, Бауыржан өмір сүрген кезеңге көз жіберейік.

«Ой қозғау» стратегиясы:

«Бауыржан кім? Бауыржан туралы не білеміз?» деген сұрақтарға жауап жазады.

Журналымыздың бірінші беті: «Бала Бауыржаннан батыр Бауыржанға дейін» Бауыржанның өмірбаяны, балалық шағы (интерактивті тақтадан слайд көрсетіліп, слайд бойынша оқушылар әңгімелейді).

Бауыржан 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауданында туған. Бабасы Имаш 1911 жылы 92 жасында дүние салған, орта бойлы, от жанарлы, шымыр кісі болған. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашып, өле өлгенше оқып-тоқыған, тіпті, орыс алфавитін де ежіктеп оқи алған. Сонысымен де бүкіл аймаққа әйгілі, сыйлы болыпты. Жас күнінде ағаш ұстасы, етікші ретінде де аты шығыпты. Тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе, зергерлікті жақсы көрген. Ел ішінде одан өткен ұста болмаған. Зергерлік өнерін қартайғанда да тастамаған. Ат жалын тартып мініп, бозбала халге жеткенде Имаш қарт шаруа билігін Момыштың қолына берген. Сөйтіп, ағайын-туыс арасындағы алыс-беріс, көші-қон мәселесі, ас-той, даудамай, бәрі-бәрі Момыштың араласуынсыз бітпеген. әжесі Қызтумас қартайғанда «сары кемпір» атанған аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Анасы Рәзия ерте қайтыс болғандықтан, Бауыржан үш жасынан бастап Қызтумас әжесінің тәрбиесінде өсіп жетіледі. Әлемнің пайда болуы, тірлік дамуы, адамзаттың шығуы, өмір жайлы жан баурайтын аңыздар мен ертегілерді, ненің жақсы, ненің жаман екенін де ол алғаш әжесінен естіп біледі. Адам ретінде қалыптасуына да сол кісінің ықпалы зор болғанын Бауыржан өзінің «Ұшқан ұясында» айтып

кеткен.

*«Ақ жүрек болып жолдасың, адалдық сені қолдасын.
Жақсылық үшін тірессең, жаныңды арың қорғасын.
Арынды болсын шабысың, алымды болсын табысың,
Найзағайдай ер намысың, ер жігітке бәрі сын.*

*Қиындық көрсең, мұқалма, ауырлық көрсең,
жұқарма.*

Қамқоршы бол кішіге, үлкенді үлгі тұт алға!» деп журналымыздың бірінші бетін Момыштың берген батасымен аяқтаймыз.

Журналымыздың екінші беті: «Қаруын қаламға айырбастаған жазушы».

Шығармалары: «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Менің отбасым», «Майдандас достарым», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Адам қайраты», «Артымызда Москва». Оның «Біздің отбасы», «Майдандағы кездесулер» атты кітаптары бірнеше шет тілдерге аударылып басылған.

Б.Момышұының «Қанмен жазылған кітап» жинағынан жауынгердің тұлғасы үзіндісінен жауынгердің бойындағы қайсарлық, батырлық, отансүйгіштік қасиеттерді әңгімеден тауып талдап беру.

Журналымыздың үшінші беті: «Мақал-өмір тәжірбиесі» әңгімеде кездесетін мақалдарды теріп жазу және мағынасын ашу.

Мақалдар: «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Мың қабат торқаннан тоқты шағымның терісі артық», «Түсі жақсыдан түнілме», «Төртеу түгел болса төбедегіні алады», «Білекті бірді, ақыл-айлалы мыңды жығады».

Журналымыздың төртінші беті: «Жауынгердің тұлғасы менің ойымша...» ойтолғау. (Батыр бойындағы

қасиетті жан-жақты көрсету)

Журналымыздың бесінші беті: “Автор орындығы” стратегиясы.

Ортада Бауыржан. Қиыншылық жағдайда дұшпанның қара құрымдай қаптаған күшінен қобалжыған кезде, қуат та, медет те, себеп те болған қазақтың ер намысына тидіре айтқан екі ауыз мақалының күші едің.

Бұл соғыс – біздің жігіттердің жалпы батырлық, батылдық көрсеткенінің бірі.

Бұл соғыс та дұшпанға жем тастап, жемтікке тоя бергенде аз күшпен желке, бүйірлерінен соғып, жеңісін, жегенін желкесінен шығарған.

Бұл соғыс- дұшпанның араны ашылған басқыншылық мінез-құлқын, өзіне таяқ етіп жұмсаған ұрыстың бірі.

Бұл соғыс, ата-бабамыздың айтып кеткен “Білекті бірді, ақыл-айлалы мыңды жеңеді” дегеніндей, халық тәжірибесінен шыққандығына дәлел.

Журналымыздың алтыншы беті: Қорытынды.

Бауыржан бейнесі биіктей бермек.

-Мен бір жан өмірімнің өзі дастан,

Ыстық суық галамнан көзін ашқан.

Көктемдей құбылмалы мінезім бар,

Мейлің күл, мейлің илан,

Мейлің жасқан.

Халық батыры өз жазғандарын кейінгі жас ұрпаққа арнайды. Келешек жастарды егер күн туғандай болса, өздеріне дейінгі екі ұрпақтың ісін алға апарып, Отанының бостандығын, тәуелсіздігін қандай да болсын жаудың қол сұғуынан сақтап қалуға шақырады.

1990 жылы ерлігі еленіп Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жақсы тілек, жылы лебізбен былай деген еді: «Баукең жұлдыз алған күн – халықтың жұлдызы жанған күн» - деп әдемі

қанатты сөзбен түйіндеген. Расында да содан көп ұзамай еліміз тәуелсіздік алып, халқымыздың жұлдызы жанды ғой. Сол жұлдыз Азаттығымыздың жолбасшысындай болды. Бауыржан: «Әділеттілік жеңеді, бірақ кешігіп жүреді» - деген сөзінде туған халқының тағдырын қатар меңзеп айтқандай.

Топтастыру” стратегиясы.

Ұлы жазушы туралы алған білімдерін кластер бойынша толтырады.

«Еркін жауап» стратегиясы. Оқушылар Бауыржан Момышұлының асыл сөздерінің жалғасын табады.

1. Жаман айтпай,

(.....)

2. Отан үшін отқа түс,

(.....)

3. Білекті бірді,

(.....)

4. Қоянды қамыс,

(.....)

5. Мың қабат торқаңнан

(.....)

“Сандар сыр шертеді” кестесі. Бауыржан Момышұлы өмірі мен қызметіне қысқаша шолу.

1910 жыл	24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген.
1928 жыл	Мектепті үздік бағамен бітіріп, Орынборға келеді. Бірақ әлеуметтік жағдайына байланысты кері қайтады.
1928-1930 жыл	Бастауыш мектепте мұғалім болады.
1932 жыл	Қызыл Армия қатарына шақыртылады. Қызметін өтеп қайтқан соң, Шымкент, Алматы өнеркәсіп банкілерінде жұмыс істейді.

1941 жыл	Соғыс басталғанда 316-атқыштар дивизиясының жасақталуына белсене атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанады. Осы жылы Мәскеу түбінде ұрыстар жүргізіп ерлігімен көзге түседі.
1941-1945 жыл	Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болады. Соғыстың соңғы жылдары осы дивизияны басқарады.
1942 жыл	6 маусымда “Қызыл Жұлдыз” орденімен марапатталады.
1950-1955 жыл	Әскери академияда сабақ беріп, тұрақты әскери қызметін атқарады.
1952-1956 жыл	“Офицердің күнделігі”, “Бір түннің тарихы”, “Біздің семья” деген алғашқы кітаптары жарық көреді.
1982 жыл	10 маусымда Алматыда дүниеден өтті.
	Кеңес Одағының Батыры деген атақ беріледі.

Сабақты бекіту. “Жұлдызды сағат ” ойыны.

1. Бауыржан Момышұлы кім?
2. Ол қай жылдары өмір сүрді?
3. Б. Момышұлының қандай шығармалары бар?
4. 1962 жылы қай елге онкүндік сапармен барып қайтты?

5. Кеңес Одағының Батыры атағы қай жылы берілді?

Иә, Баукеңнің өмірі – қаһармандықтық үлгісі, ұлттық намыстың қайрағы. Оның мұрасы- ұлт рухының ұлы оқулығы. Сөнген жұлдыздардың жарығы миллиондаған жылдарға жетеді екен. Туған елдің халқы үшін, кейінгі толқын ұрпақтар үшін қазақтың бас батыры Бауыржан өнегесі таусылмақ емес, қасиет шашар жарығы өшпек емес. Баукең бейнесі биіктей бермек дегім келеді.

Бағалау.

Үйге тапсырма: “Біз бейбітшілікті сүйеміз” тақырыбына шығарма жазу.

Сыныптан тыс шара

Э.ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
«С.Садвақасов атындағы
орта мектеп» КММ.
 Алматы облысы,
 Ұйғыр ауданы,
 Үлкен Ақсу ауылы

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Мақсаты: ақындар өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, өлеңдерімен танысу, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өлеңдері мен өмірі арқылы оқушыларды туған жерге деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке тәрбиелеу, эстетикалық тәрбие беру.

Көрнекілігі: акт залын шарлармен безендіру, «Алты алаштың ардақтылары» тақырыбына баннер, ақындар портреті, кітаптар көрмесі, интерактивті тақта, слайдтар.

Кеш барысы:

1-жүргізуші: -Армысыздар, құрметті ұстаздар, аяулы шәкірттер! Қазақ әдебиетінің үш бәйтерегі – С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровке арналған «Алты алаштың ардақтылары» атты әдеби кешімізге қош келдіңіздер!

Тарс етті мылтық...

Япыр-ау мынау не сұмдық?!

Ұландар кетті-ау сонау бір жақты жерсініп.

Жартыға жуық, жартыға жуық гасырға,

Меңіреу қалды қазағым өзін кемсініп.

Атылған шығар жүздеген, тіпті, он мейлі,

*Ұрпағы бұндай жалаға мүлдем көнбейді.
Атылған шығар, рухтары бірақ өлмейді,
Олардың шамы өшпейді-дағы сөнбейді.*

2-жүргізуші:- Солай да болды,

*Тәуелсіз, міне, таң атты,
Жаңа ұрпақ өсті көрмеген ондай азапты.
Бабалар қарап, мақтаныш етіп ұрпағын,
Тәңірім қолдап, жебеп жүр ұлы қазақты.*

*Бабалар кетті, ұрпағы оны жыр етті,
Бабалар кетті, бабамен бірге мұң кетті.*

*Ұмтылып көкке, Бәйтерек болып биікке,
Бүркіттей самғап, көкке ұшар, міне, күн жетті.*

1-жүргізуші:-Әдеби кешімізді «Тар жол, тайғақ кешу» заманы мен сол заманның алыптары жайындағы деректі фильммен бастауды жөн көрдік. Деректі фильм.

1-жүргізуші: -Сәкен, Бейімбет, Илияс! Үшеуінің де жөрегі – ұлан-ғайыр бір даланың топырағы. Біреуі – соның кіндік ортасында, біреуі – күнгеі шалғайында бір жылда туыпты. Үшеуі де бір жаздың майсасынан алғаш нәр татып, бір қыстың ызғарынан алғаш қар басыпты.

2-жүргізуші: -Үш бәйтерек... Үшеуінің туысы бір болғанымен, тұрысы бөлек. Біреуі – дәйім биікке талпынып, алға ұмтылған өр халықтың асыл арманындай асқақ, біреуі – талайды бастан кешіп, тауқыметке төзіп өскен халықтың сарқылмас сабырынан жаратылғандай сом, мығым. Біреуі – көпті көріп, көпті сүйген халықтың парасат-парқын, арман-аңсарын, мұқалмас жігерін кең қамтып, кемел сіңіргендей қуатты да нәрлі. Енді Үш бәйтеректің өмір жолынан қысқаша баян етейік.

«Алты алаштың ардақтылары» атты кітап көрмесімен

таныстыру (слайдтар арқылы).

2-жүргізуші: -Үш бәйтерегіміздің құлақ құрышын қандырар әндері мен жан тербетер өлеңдеріне кезек берейік.

Сәкен Сейфуллиннің «Туған жерім - өз елім», «Бабаларыма», Илияс Жансүгіровтің «Аттанған азамат», «Жетерміз бе тілекке?», Бейімбет Майлиннің «Азат әйел», «Ғазиза», «Қысқы түнде» өлеңдері оқылады.

С.Сейфуллиннің «Тау ішінде» әні шырқалады.

2-жүргізуші:

*Талай ұрпақ бізден кейін келсе де,
Тағзым етер дұға оқып зейіндеп.
Мына дала болса егер мына бел,
Сол арада жатыр Майлин Бейімбет.*

1-жүргізуші:

*Ежелден-ақ екі көздің бірі қас,
Озық туган, ойы жүйрік, жыры жас.
Ақаңның да Құлагері бар десек,
Сол Құлагер – Жансүгіров Илияс.*

2-жүргізуші:

*Теңеуін халық төксе де,
Байламын айтқан бекемдеп.
Сұлуы жердің Көкшетау,
Сұлуы ердің Сәкен деп.*

1-жүргізуші: -Үш бәйтерек мұрасы – біздің ғана емес, болашақ ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп, қадірлейтін қазынасы. Ендеше, сол қазынаны, сол аманатты сақтау – баршамызға міндет екенін естен шығармайық.

«Алты алаштың ардақтылары» атты әдеби кешімізді аяқтай келе, қорытынды сөзді қонақтарға берейік.

БОЛУ ҮШІН ЖАРАЛҒАМ, ТУҒАН ЖЕРДІҢ ЖЫРАУЫ

Мақсаты: біртуар ақын Қадыр Мырза Әлінің 80 жылдық мерейтойын атап өту; шығармашылық жолынан мәліметтер бере отырып, жас ұрпақты Қадыр музасымен сусындату; поэзия әлемімен достастырып, тұлғаны құрметтеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: баннер, проектор, кітап көрмесі.

I. Фанфар. «Көңілашар» күйі орындалады.

1-жүргізуші: -Қайырлы күн, қадірлі қонақтар, қара өлеңді қастерлейтін халайық!

«Болу үшін жаралғам, туған жердің жырауы» атты әдеби-музыкалық кешке қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: -Ақын «Өмірбаян орнына» өлеңінде өзін:

Мырзалының

Үміт артқан өлгенше

Үш ұлынан жалғыз еркек кіндік мен.

...Жалғыз едім өспей қойған атадан,

Жоғалуда қақым жоқты сондықтан!

Өлең жаздым тоғыз тарау

Жеті өрім

Сездім соның жүректерге жетерін, -

деп таныстырады.

1-жүргізуші: - Қадыр Ғинаятұлы Мырза Әлі 1935 жылы қаңтардың 5 жұлдызында Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданында дүниеге келген. 1958 жылы Қазақ Мемлекеттік университетін бітірді. Еңбек жолын сол жылы ашылған «Балдырған» журналына

бастайды. 1954 жылы тұңғыш өлеңі «Пионер» журналында жарияланады.

2-жүргізуші: -Ендеше, алғашқы өлеңдері де балалар тақырыбында болды ғой!

1-жүргізуші: -Иә, Қадыр Мырза Әлінің көптеген өлеңдері мектеп оқулықтаныа енді. Ақын өзінің әзіл, ойнақы жырларымен тентектікті, жалқаулықты әжуалап, өз оқушысын жақсы өнеге, сүйкімді қылыққа тәрбиелейді.

2-жүргізуші:

Биік-биік самғаған,

Сұңқар болғым келеді.

Бір бәйгеден қалмаған,

Тұлпар болғым келеді.

Сахна төріне кішкентай оқырмандарымызды шақырайық!

Ән. «Жалқаубек».

1-жүргізуші: -*Мен ақынмын,*

Әулие емен,

Бақсы емен.

Әрине ғой, күндерім бар көкsegен.

Соның бірі-

Ел есінен шықпайтын

Жазып кету гажайып бір жақсы өлең.

-Сендер білесіңдер ме, ақынның тұңғыш жыр жинағы қашан шықты?

2-жүргізуші: -1959 жылы «Көктем» атты тұңғыш жыр жинағы жарық көрді. Содан бері елуден астам поэзиялық, прозалық және әдеби сын кітаптары шықты.

1-жүргізуші: -Иә, ақын қаламынан әдебиеттің әр жанрына қатысты шығармалар: лирика, поэма, драма,эссе, афоризмдер, ғибратты әңгімелер, әдеби сын, аудармалар шықты.

2-жүргізуші:- Қазақстан сайын даласы жырға да,

сырға да бай, шабыт-жігер берер жері де – кең даласы...

«Тарихпен тілдесу» оқушылар ақынның «Дала», «Аман қалған шабуылдан жүздеген», «Мың да бір рахмет даламызға», «Менің бабам қақтаған қыр аптабы», «Бабамыздың шоқ басқан табанымен», «Сары парақ» өлеңдері оқылады. 9-сынып оқушыларының орындауында «Қазақ биі».

1-жүргізуші: -Қазақстан халық жазушысы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, ақын Қадыр Мырза Әлі жөнінде ой-пікірлерге назар аударлық.

Бейне таспа көрсетіледі. «Сол бір кеш» бағдарламасынан үзінді.

Білім беру ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз Рахманбергенова Тоты апайды тыңдайық.

2-жүргізуші:

От ішінде, өрт ішінде жүргенде

Басынды име, тізе бүкпе, именбе!

Ер еңкейсе, еңкейеді жалғыз-ақ

Туған жердің топырағын сүйгенде.

1-жүргізуші: -Поэзия-ақын сыры, ақын сыйы. «Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді», -деп Қадырдың өзі айтқандай, поэзия алқабында ақын мен оқушысының жүрегі қосыла сыр шертеді. Поэзияға кезек беріледі. Оқушылар ақынның «Қасиет», «Ұлы махаббат», «Байлық», «Бақыт» өлеңдерін оқиды.

2-жүргізуші: -Қадыр Мырза Әлі – 200-ге жуық ән мәтіндерін жазған. Ақын өлеңдеріне Шәмші Қалдаяқов, Нұрғиса Тілендиев, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев сынды қазақтың дарынды сазгерлері әндер жазған.

1-жүргізуші: -*Тамылжыған сыршыл әннен сан қилы*

Кең даламның жұпар исі аңқиды.

Қуат алам сырға толы әуеннен

Жан дүниеге шуақ төккен әуелден.

Ән: «Цыган серенадасы».

2-жүргізуші: -Ақын бір сұхбатында: «Поэзия мені асырады, ал мен оған не бердім, оны оқырман, келер дәуір айтар. Осындай тағдыр берген Аллаға алғыстан алғыстан басқа айтарым жоқ. Көп көрдім, көп жүрдім, көп адамдармен істес болдым, көп түйдім, көп еңбектендім. Бірде-бір күнім қаламсыз өткен жоқ. Достарым көп, дұшпаным аз болды, - деген екен.

1-жүргізуші: -Керемет, неткен қанағатшылдық. Ақын бұл пікірін өлеңмен қалай жеткізді екен, экранға назар аударайық. (Бейне таспа. Ақын өлең оқиды. Гүл шоқтарын қою, тағзым ету).

2-жүргізуші:

-Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып,

Және жылап өледі, өзгені де жылатып.

Жылайтыны туа сап, жамандар бар қинайтын.

Жылайтыны өлгенде, жақсылар бар қимайтын.

«Қазіргі қазақ поэзиясын көп дауысты, қуатты оркестр десе, мұның құрамындағы Қадыр мұзасының қайталанбас өз үні, машығы мен мәнері, айшығы мен өрнегі бар; Қадыр лирасының сыңғыры бөлек, сыры терең» Зейнолла Қаблолов.

1-жүргізуші: -Қадыр ақын өзі сонау жылдары бітірген – Қара шаңырақ Қазақ мемлекеттік университетінің фиология факультетінде бірнеше жыл дәріс оқыған Ұстаз болатын.

2-жүргізуші: - Сол ақын шәкірттерінің бірі – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мақпал Оразбайқызына сөз береміз. («Студенттер» өлеңі мәнерлеп оқылады.)

1-жүргізуші: -*Қос қарашық мені көріп жанбаса,*

Бақыт деген бақыт емес далбаса,

Өмірді шын сүйем деген өтірік

Өле сүйген бір адамың болмаса.

2-жүргізуші:-*Сүюге ешкім оқытпас
Оқытам десе, шақыртқыз.
Ғашықтар үшін жоқ ұстаз,
Бәріміз түгел шәкіртпіз!*

Сахнаға оқушылар жұптасып шығып ақынның «Қашаннан бәрі жұртқа аян», «Сәуледей нұрлы қалпында», «Бір күн сені көрмесем асығамын», «Ақ қайындар арасында», «Мың жұлдызы бар болса», «Венский вальс» өлеңдерін оқиды.

1-жүргізуші: - Ақын – перзент үшін туған жер – қуаныш, бақыт бесігі; ұшса – қанаты, қонса – саясы; медеу іздесе – тірегі, барлық тірлігі.

О бастан-ақ анам – Дала, әкем менің Күн екен,

Осы мені ата-анамнан бөліп алған кім екен? – деп әсерлене жырлайды.

2-жүргізуші:-*Бұл сөзіме сенбе мейлің, сен мейлің,
Отан барда сембеймін де, сөнбеймін.
Туған жерден таба алмасаң қасиет,
Басқа тапқан қасиетіңе сенбеймін.*

Ән: «Атамекен».

1-жүргізуші:- Ол-қазақтың қара өлеңінің Қадыры болды. Оның қаламынан туған өлең бүлдіршіннің тілінде, қарасақал қарияның үнінде де болды. Бұлбұл дауысты әншінің көмейінде болды.

2-жүргізуші:-Өйткені, ол -

*«Болу үшін жаралғам,
Туған жердің жырауы», -*

деп, жампоз жырау болып, елінің барлық қадыр-қасиетін жырлап өтті.

1-жүргізуші:-Бүгінгі Қадыр ақынымызды еске алуға арналған кешімізде көрісіп отырған барша жыр сүйер қауымға сау-саламатта болыңыздар дегіміз келеді.

2-жүргізуші:-Көріскенше күн нұрлы болсын!

Ұ.БЕРДЕШОВА,
С.Ешбаев атындағы орта мектебі.
Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы,
Жаңатаң ауылы

МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІЛІК ҒҰМЫР

Мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың өмірбаянымен оқушыларды таныстыру, поэзияға деген қызығушылығын арттыру, өлеңдерін мәнерлеп оқуға дағдыландыру, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу. Көрнекілігі: ақын портреті, плакатқа жазылған өлең жолдарынан үзінді, техникалық құрал-жабдықтар, слайдтар, суреттер (мультимедиалық проектор, аудиоаппаратура).

Жүргізуші: - *«Сырым да осы,
Жырым да осы
Алдыңда,
Байқашы бір
Бықсыдым ба, жандым ба?
Махаңдар жоқ,
Махаңдардың сарқыты-
Мұқағали Мақатаев бар мұнда»-*

деп бір күндік жарық сәуледей өте шыққан қысқа ғұмырында ұлан-ғайыр мұра қалдырып кеткен, қазақ поэзиясының Хантәңірі-Мұқағали Мақатаев тірі болса 85 жасқа толар еді. Ақиық ақын, халқының қара өлеңін құдіретке айналдырған Мұқағали Мақатаев шығармашылығына арналған «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» атты кешімізге қош келдіңіздер!

XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясының дамуына үлес қосқан ақиық ақынның жыл сайын 9 ақпанда

туған күнін еске түсіріп, Мұқағали әндері, Мұқағали оқулары республикалық, облыстық, аудандық, мектепшілік көлемде өткізіліп тұрады. Мұқағали-көптеген отты өлеңдердің, жүйрік поэзияның, небір әсем әндерінің авторы!

-О, Мұқа, сезесің бе, сезесің бе,

Еліңді аралап жүр елесің де.

Әндерің шырқалады әр ауылда,

Сөздерің әр қазақтың өресінде.

Мұқағали - Қазақ поэзиясының пір тұтар азаматы. Оның өлеңдері санаңа жарық сәуле түсіріп, бойыңды бай белестерге бағыттайды. Оның өлеңдері қаншалықты биік болса, адамның оған деген құлшынысы соншалықты жоғары. Мұқағали поэзиясы күншілдерге көкпен түскен жасындай болып, көзі ашыққа мәңгі тозбас асылдай болып, ХХ ғасырдан ХХІ ғасырға еш бояуын жоғалтпай көшкені анық. Мұқағали поэзиясы бүгін де әнге айналып көкте қалықтайды.

Мұқағалидың өлеңдері шын шабыттан, қиын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған. Ақынның «Бықсып жанған қоламта емес, Артымызда шоқ қалсын» деген сөзінің сыры терең. Иә, ақынның мұңы бізге жетті. Поэзияның аламан бәйгесінен оза шауып, шашасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік, талантты тұлға Мұқағали өлеңдерін білу - үлкен мақтаньш.

Олай болса, бүгінгі ұйымдастырып отырған кешіміз 4 бөлімнен тұрады.

1. «Поэзия, менімен егіз бе едің?». Ақын өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқу.

2. «Пай, пай, өмір!». Ақынның өз даусымен жазылған өлеңдерін тындау

3. «Ән - көңілдің ажары». Ақын сөзіне жазылған әндерін орындау.

4. «Жазылар естеліктер мен туралы».

Ақын туралы айтылған естеліктер

1. «Поэзия, менімен егіз бе едің?»

Жүргізуші: *-Қуат алып Абайдың тіл-күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден.*

Өлмеу үшін, құлқыңды жемдеу үшін,

Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,

Абай жаққан бір сәле сөнбеу үшін, -

деп Абайды үлгі тұтып, сөз күдіретін, сөз сарасын ақындық сезіммен қабылдап, өзі қазақ поэзиясында Абай салған соны соқпақ жолды жалғастырған Мұқағали Мақатаев қазақтың қара өлеңін ой мен сезімге байытып, оның құдіреттілігін таныта білді. Қазақтың қарапайым қара өлеңінің құпиясын ашу тау тұлғалы ақынның табиғи талантының құдіретінен болса керек. Олай болса, ақиық ақынның жүрек тербетерлік өлеңдеріне кезек берейік. (Оқушылар Мұқағали өлеңдерін жатқа мәнерлеп айтады)

3. «Пай, пай өмір!» Ақынның өз дауысымен жазған өлеңдеріне кезек берсек. (Ақынның өз дауысымен айтқан өлеңдерін бейнетаспадан тындату)

Жүргізуші: *-Қарасаздың қыран ұлы, жампоз жырдың дүлдүлі Мұқағалидың халық жүрегінен терең орын алған өлеңдері көпшілік сүйіп салатын әндерге айналды. Ақын шығармаларына ән жазбаған сазгер кемде-кем шығар, бір сәт сол әндерге кезек берейік. Келесі бөліміміз-«Ән - көңілдің ажары». Исаева Аймекеннің орындауындағы «Сарыжайлау» әнін қабыл алыңыздар!*

Жүргізуші: *- Ән сал, жаным,*

Әніңмен тербет мені

Бір сәтке тынсын, тірлік жер көктегі.

Ән. «Бақыт деген».

Жүргізуші: *-Бұл өмірдің көріп сұм жан азабын,*

Шын жүректен тебірене жыр жазатын

Дәл өзіңдей, о ұлы Мұқағали

Қазағымда сірә да тумас ақын-

дей келе келесі кезекті тағы да әсем әнге береміз! «Күрең күз» әні.

Жүргізуші: *-Құлтырып Қарасаздың бар әлемін,*

Бөлеген жыр гүліне дала белін.

Мұқаңдай пір тұтқан жан жоқ-ау, сірә,

Қазақтың құдіретті қара өлеңін!-

дей келе Мұқағалидың сөзіне жазылған «Туған өлке» әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші: *-Жыр болып ақтарылған ақиық ақын өлеңдерін үлкен де, кіші де сүйсіне, тамсана, таңырқай оқиды. Ақын өлеңдерінің өміршендігі-олардың мағынасы терең мазмұнында, кез келген адамның жүрегіне қона кетер қарапайымдылығында жатса керек. Келесі кезекте тыңдайтын әндеріңіз: «Фариза».*

Жүргізуші: *-Жазылар естеліктер нешелеген,*

Көрерміз онын, бәрін пешенеден.

Әйтеуір, білетінім бір-ақ нәрсе –

Көшеді өлең немесе өшеді өлең!

Жүргізуші: *-Ойлы жас, өлеңменен сырласымдай,*

Сырласам да құмарым тұр басылмай

Айтып өткен ақында арман бар ма,

Жүрегінің түбіне кір жасырмай-

Келесі кезекте «Айтатын саған сырым көп» әнін қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: *-Жазылар естеліктер мен туралы*

Біреулер жан еді дер өр тұлғалы

Біреулер тұлпар еді, дер де мүмкін

Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.

4. «Жазылар естеліктер мен туралы».

Келесі кезекте Мұқағали туралы айтылған әнші-ақындардың естеліктеріне кезек берсек.

Бүгінгі кешімізде ақынның өлеңдеріне саяхат жасап,

барлау жүргізіп, өзіміз де ақынша жыр жазып, жырынан сусындап, өмірін өлеңінен танып, беймәлім жайттардың бетін ашып, ән бұлағына қанып қалғандай болдық. Ақынның көзі тірі болса, биыл 85 жасқа толар еді. Ақиық ақынның өзі айтқандай «ақ қырау тұрған ақпанда, ағаштар сырға таққанда» еске алып шығармашылығын өздеріңіздің шығармашылықтарыңмен байланыстырып, поэзияға құштарлыққа жетелемек мақсат болды.

Мәзір етіп мәпелеген жемісін,

Мәуелесе, баққа толы өрісім,

Барлығы да,

Поэзия сен үшін!- деп Мұқағали жырласа,

Біздер:

«Күйінішті, сүйінішті өлеңің,

Татып дәмін мен де өсіп келемін.

Өлген жоқсың, сен әрдайым тірісің,

Біздер үшін, қазақ деген пенденің»-

деп ақын өлеңін мәңгілікке, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп табыстау сіз бен біздің парызымыз!

«Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,

Жыр жазсам оған жұртым, елеңдестің.

Өлсе - өлер Мұқағали Мақатаев,

*Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім»,-*деген еді. Расында да, сіздердей көкірегі ашық, көзі ояу ұрпағы тұрғанда. Мұқағалидың өзі де, өлеңдері де ешқашан өлмек емес.

Мұқағали-мәңгілік ғұмыр!

«Тірлігінде шекпен кимей, шен алмай,

Еңбегінің қызығын да көре алмай,

От боп жанып өтіп кеткен ақыңға

Мәңгілік қып өмір берген өлеңді-ай» деп Айтақын ақын жырлағандай, өлең өлмейді. Ендеше, оны жазған ақын да өлмейді. Мұқағали поэзиясы әрбір мезгілмен бірге көктеп, көгеріп, әр ұрпақпен бірге мәңгі жасай бермек! Тыңдағандарыңызға рахмет! Сау-саламатта болыңыздар!

И.ҚАЗЫМБЕК,
№8 орта мектебі.
Ақмола облысы,
Атбасар ауданы

ҚАЗАҚ ТІЛІ – АЗАТ ТІЛІ

Талай-талай ғұмыр өтті басыннан,
Аман қалдың сан мыңдаған жасыннан.
Қиындыққа мойымадың - Ана тіл,
Жаралғансың сен бейне бір асылдан.

Еркіндікке ап шығам деп өзіңді,
Қара халық сарыққанда төзімді.
Ақыл айтты, халқыма көп дүмшелер,
Соларды да жеңдік десек кім сенер?!

Бодандықтың бұғауына байланып,
Кетті талай ұлыларың айдалып.
Тілі басқа, діні басқа немелер,
Сөз сөйледі зор тұлғаға айналып.

Деп ойладық: «Біздің де жай өзгелермен теңелер»
Сол уақытта ұрандатты Ахметтей кемеңгер.
«Тіл жоғалса, жоғаламыз бәріміз,
Жоғаламыз жасымыз бен кәріміз».

Деген ұран батқан болар арқасына халықтың,
Күресімен ұлылардың қайта туды жарық күн.
Құндақталып жатқан талай даналар,
Алыптары болып шықты, алыптың.

Міне, осылай қайта туды жарық күн,
Мәртебесі көтерілді халықтың.
Сен соны аңсап төзімінді сарықтың,
Қазақ тілі – азат тілі халықтың.

...Көк аспанда жарқырасын күніміз,
Кең әлемді алсын біздің үніміз.
Болашағы баянды боп халықтың,
Аман болсын біздің Ана тіліміз!

А.СҰЛТАНБАЕВ,
Қырғауылды ауылындағы
қазақ-орта мектебі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы

АНАҒА ҚҰРМЕТ!

Айналайын, ақ сүт берген анашым,
Данасың сен, перзентіңе панасың.
Сендей адам жоқ мен үшін өмірде,
Тірегімсің, асылымсың, анашым!

Ана десе дірілдейді жүрегім,
Аман болшы, жалғыз ғана тілегім.
Аналарды құрметтейік, адамдар,
Ауыртпайық оның нәзік жүрегін.

Ақ сүтіңнен нәр дарыды жаныма,
Өсірдің ғой салып алақаныңа.
Ұқпай кейде жасап қойсам ағаттық
Апатайым, кешіре гөр, налыма.

Анам бар деп мақтанамын әлемге,
Салт-дәстүрді қастерлейтін, сүйетін.
Перзенті үшін аянбаған өмірде,
Тек баланың амандығын тілейтін.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.06.2016 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №6, 2016 ж., 144 бет, Алматы.